

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті
Казахский университет экономики, финансов и международной торговли

**XXI ҒАСЫР ЖАСТАРЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ:
МҮМКІНДІКТЕР МЕН БОЛАШАҚ**

*атты студенттердің V жоғары оқу орны аралық
ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары*

15 сәуір 2016 ж.



**МОЛОДЕЖЬ И НАУКА XXI ВЕКА:
РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

*Материалы V межвузовской студенческой
научно-практической конференции*

15 апреля 2016 г.

Астана - 2016

ӘОЖ 001(063)
КБЖ 72

Ж 66 XXI ғасыр жастары және ғылымы: бүгінгі мен болашағы // Студенттердің V жоғары оқу орындар арасындағы ғылыми-тәжірибелік конференциясы. – Астана: ҚазЭҚХСУ БПО, 2016. – 305 б.
М 66 Молодежь и наука XXI века: реалии и перспективы // V межвузовская студенческая научно-практическая конференция. – Астана: ИПЦ КазУЭФМТ, 2016. – 305 с.

ISBN 978-601-7528-36-2

УДК 001(063)
ББК 72

Ответственные за выпуск:

А.А. Мусина, д.э.н., директор Центра социально-экономических исследований
М.Б. Саманова, ведущий специалист отдела ОНИР

Жинақта конференцияға қатысушылардың экономиканың, құқытың, менеджмент, бухгалтерлік есеп және аудит, қаржы, банктер, сонымен қатар ақпараттық технологиялар мен әлеуметтік даму бағыттары бойынша экономика ғылымының өзекті мәселелерін қамтыған мақалалары жарық көрді. Баяндамаларда Қазақстанның тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету, сонымен қатар ЭКСПО-2017 алдында елдік бренд мәселеріне жете көңіл бөлінген. Полилингвалдық тұлғаны қалыптастыру және қоғамды ақпараттандырудың қазіргі таңдағы мәселелері арнайы блок ретінде қарастырылған.

В сборнике опубликованы доклады участников конференции, которые охватывают актуальные проблемы экономики, права, менеджмента, бухгалтерского учета и аудита, финансов, денег, кредита, банков, а также информационных технологий и социального развития. Значительное внимание в докладах уделено проблемам обеспечения устойчивого экономического и социального развития Казахстана, а также странового бренда в преддверии ЭКСПО-2017. Отдельными блоками рассмотрены проблемы информатизации общества и формирования полилингвальной личности.

ISBN 978-601-7528-36-2

© ҚазЭҚХСУ, 2016
© КазУЭФМТ, 2016

**ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЭКОНОМИКАСЫ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
В УСЛОВИЯХ НОВОЙ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ**

Г. Әжібаева

Ғылыми жетекшілері: З.К. Қожасметов, э.ғ.к, доцент,

Б.А. Сандыбаева, магистр, аға оқытушы

ҚазЭҚХСУ

**ЕУРАЗИЯ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҒЫ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
ТАУАРЛАРДЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ АҒЫМЫ**

Еуразия атауы қазіргі ақпараттық кеңістікте ең көп кездесетін сөздердің біріне айналып отыр. Қазір екі конференцияның бірі Еуразия тақырыбына арналады. Мұның себебін Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қол қойылуымен түсіндіруге болады. Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуы аймағымызда маңызды геостратегиялық, геосаяси, экономикалық және геомәдени бетбұрыстардың болып жатқанын көрсетеді.

Еуразияны әрбір мемлекет өз мүддесі тұрғысынан түрліше түсінеді. Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә. Назарбаев саяси ойларының дамуында еуразияшылдықтың орны өте үлкен. Елбасы кеңестік экономиканың құрылымын, мүмкіндіктерін, басқару тетіктері мен нақты жағдайын жақсы білгендіктен, 90-жылдардың басынан-ақ шашыраған посткеңестік экономикаларды қайтадан біріктірудің амалдарын ойластырды. Өйткені, Қазақстанның экономикалық шаруашылығы, өндірісі мен өнеркәсібі Ресей мен өзге кеңестік елдермен ажырамастай тығыз байланыста, бір-біріне тәуелді, әрі өзара кіріккен еді. Республикалар арасындағы өндірістік және іскерлік байланыстардың бірден үзіліп қалуы үлкен экономикалық, саяси, әлеуметтік және ұлтаралық дағдарыстарға алып келді [1].

Ресей, Беларусь және Қазақстанның одақ құруы КСРО-ның саяси ыдырауынан кейін пайда болған идеологиялық бос кеңістіктің орнын толтыруға, мемлекетаралық индустриялық-экономикалық қатынастардың үзілуінің келеңсіз салдарларын жұмсартуға және ұлтаралық-еларалық қатынастарды нығайтуға бағытталған деуге де болады.

Ғылыми зерттеуіміздің негізгі мақсаты Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) теориялық негіздерін, оның Қазақстан үшін маңыздылығын және сол одақтағы қалыптасқан қатынастардың нәтижелерін анықтау. Әрине, халықаралық қатынастар көрсеткіштерінің негізгісі – ол халықаралық сауда қатынастары, елдің экспорттық әлеуеті болып табылады.

Кез келген интеграциялық одақ белгілі саяси-экономикалық құндылықтарға сүйенеді. Теориялық тұрғыда, еуразиялық экономикалық интеграция посткеңестік елдердің нарық, теңдік және өзара тиімділік сияқты жаңа экономикалық құндылықтары негізінде қалыптасады. Сонда ғана ықшамды, жаңашыл және динамикалық одақ құрылуы мүмкін. Әрине, интеграцияға қатысты қалыптасқан қасаң стереотиптер мен скептизмнің жойылуы үшін одақтың қағидаттары, ережелері мен идеологиясы ашық және әділ негіздерге сүйенуі тиіс. Еуразиялық одақ, сондықтан Еуропалық одақтың үлгісін негізге алып отыр. Интеграцияның сәттілігі мен баяндылығы, бірінші кезекте, Мәскеудің стратегиялық ниетіне, бұрынғы қателерді қайталамауына, одақты саясиландырмай, экономикаға мейлінше көңіл бөлуіне, мүше елдердің ұлттық мүдделерін сақтауына, теңдік пен әділдікті қамтамасыз етуіне байланысты болмақ.

Еуразиялық интеграцияның ядросы мен анықтауышының Ресей екендігі еш күмән туғызбайды. Қазақстан бұл елмен экономикалық түрде ынтымақтасып, бәсекелестікке үйренуде. Ресей мен

Қазақстан арасындағы энергетикалық бәсекелестікті жұмсартуға көңіл бөлінуі тиіс. Соңғы жылдарда көршілес мемлекеттің дипломатиялық, саяси, экономикалық жағынан күшейе түскені мәлім.

Интеграция шеңберінде Ресей, ең алдымен, өз мүдделерін қорғауға білек сыбана кіріскені белгілі. Онымен әділ, ашық және шынайы қатынас орната алсақ қана интеграция өз жемісін береді. Қазақстан экономикалық интеграцияны стратегиялық мүдделер, геосаяси тәуекелдер мен үлкен саясат тұрғысынан бағалауы керек. Әрине, еуразиялық интеграцияның қалыптасып, дамуында Қазақстанның рөлі ерекше зор. Егер Еуразиялық экономикалық одақтан Қазақстанды алып тастасаңыз, одақ өзінің еуразиялық сипатынан айырылып қалады. Қазақстан одақтың ерекше компоненті ретінде жаңа идея ұсынудан еш тартынбауы керек. Егер бұл одақ, Н.Ә. Назарбаев айтқандай, расында инновациялық жоба болса, онда Қазақстанмен бірге Ресей де өзгеруге тиіс. Одақ аясында Қазақстан Ресейдің өзгеруіне себепкер болуы ықтимал [2].

Интеграцияның қауіпсіздік қырларына келсек, Қытайдың Орталық Азияға экономикалық-саяси ықпалын арттыруы, сырттан халықаралық лаңкестік пен діни экстремизмнің қысым көрсетуі, кейбір посткеңестік елдерде саяси дағдарыстар мен тұрақсыздықтардың белең алуы («Түрлі-түсті төңкерістер») сияқты себептер Астананың Ресеймен тығыз саяси-әскери салада ынтымақтасуына себепші болды. Түрік сарапшысы Жемил Ертемнің пікірінше, 2008 жылғы Грузиядағы соғыс Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа кіруін жылдамдатқан. Француз сарапшысы П. Руссленнің ойынша, Қытайдың Орталық Азиядағы ықпалының артуына байланысты Ресей одақты құруды жеделдетті. Оның ойынша, интеграция аймақтағы елдердің дамуына жаңа серпін, жаңа сипат береді (1 сурет).

Біздіңше, Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа қосылуының келесі тиімді жақтары мен себептерін атауға болады. Олар: Қазақстанның Ресей экономикасымен күрделі байланыстылығы; Қазақстанда ішкі саяси тұрақтылық пен геосаяси қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне жанама әсері; ортақ әуе қорғанысы жүйесінің орнығуы; Ресейдің ірі нарыққа кіріп, экономикалық бәсекелестікке бейімделудің мүмкіндіктері; геопсихологиялық жағынан Ресеймен бірге болу арқылы әлемдегі ықпалы мен атағын арттырудың мүмкіндігі, т.б. Сондай-ақ, Дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың да келеңсіз әсері интеграциялық үдерістерді жеделдетті.

Әрине, Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа енуі – үлкен саясатпен шектесетін үлкен экономика.

Кесте 1. ЕАЭО елдерін есептегенде Қазақстан Республикасы сыртқы саудасының негізгі көрсеткіштері (мың АҚШ долл.)

Құрлықтың атауы, елдер, елдердің топтары	Тауарайналымы		Экспорт		Импорт	
	Барлығы	Елдердің жалпы тауар-айналымындағы үлесі, %	Барлығы	Елдердің жалпы экспорттағы үлесі, %	Барлығы	Елдердің жалпы импорттағы үлесі, %
1	2	3	4	5	6	7
Барлығы	5 036 462,5	100,0	3 526 367,7	100,0	1 510 094,8	100,0
Оның ішінде:						
ТМД елдері	378 051,4	7,5	244 669,1	6,9	133 382,3	8,8
ЕврАзЭЫ елдері	175 082,8	3,5	109 591,2	3,1	65 491,7	4,3
ЕврАзЭЫ тыс елдер	202 968,6	4,0	135 078,0	3,8	67 890,6	4,5
ЕО елдері	2 694 925,5	53,5	2 118 624,1	60,1	576 301,4	38,2

1	2	3	4	5	6	7
Әлемдегі басқа елдер	4 658 411,1	92,5	3 281 698,5	93,1	1 376 712,5	91,2
Еуропа	2 955 718,9	58,7	2 354 699,2	66,8	601 019,7	39,8

ЕЭО негізгі мақсаттарының бірі – Одақтың тауарларының, қызметтерінің, капитал мен еңбек ресурстарының ортақ нарығын қалыптастыру. Одақтың ұзақ мерзімді дамуы интеграцияланудың нәтижесінде нарықтың жаңа сегменттерінің құрылуы арқасында мүше мемлекеттердің экономикаларының құрылымдарын жетілдіруге септігін тигізуі тиіс [3].

Қазақстанның Еуразиялық одаққа кіруінің экономикалық себебін негіздеуге қатысты әртүрлі пікір қалыптасқан. Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры М. Чемректің ойынша, Қазақстан мен Ресейдің экономикалары бір-бірін толықтырудан гөрі, бір-бірімен бәсекелес болғандықтан, экономикалық одақтың алдында үлкен міндет тұр.

Кедендік одақтың құрылуына байланысты экономист-сарапшылар мен саясаттанушылар саналуан пікірлер айтып, кейбіреулері қарсылығын да танытқан еді. «Ресеймен терезесі тең емес мемлекет бәсекелестікке қалай төтеп береді?» деген сауалды сол кезде-ақ төтесінен қойған (2 сурет).

Қазіргі жағдайға келсек, 2013 ж. өткен Минск және Мәскеу кездесулерінде Елбасы Н. Назарбаев интеграциялық үрдістің барысын біраз сынға алғаны белгілі. Сынның айтылуы экономикалық одақтың жұмыс істей бастағанын білдіреді. Алғашқы кездесуде саудадағы теңсіздіктер, кедендік сәйкессіздіктер мен техникалық түйткілдер туралы айтылды. Яғни, қазақ тарапы интеграцияның сапасына көңіл бөлуді талап етті. Ал Елбасының одақтың саясиленбауы керек дегені Ресей мен Батыс арасындағы текетіреске араласпайтындығын да меңзеуі мүмкін [4].

Кесте 2. Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен өзара саудасының негізгі көрсеткіштері 2015 ж. желтоқсан айы (мың АҚШ долл.)

Кедендік одаққа мүше елдер	Тауарайналымы			Экспорт			Импорт		
	Барлығы	Елдердің жалпы тауарайналымындағы үлесі, %	Өткен жылғымен салыстырғандағы үлесі, %	Барлығы	Елдердің жалпы тауарайналымындағы үлесі, %	Өткен жылғымен салыстырғандағы үлесі, %	Барлығы	Елдердің жалпы тауарайналымындағы үлесі, %	Өткен жылғымен салыстырғандағы үлесі, %
Барлығы	1 169 461,0	100,0	61,7	353 203,1	100,0	58	816 258,0	100,0	63,5
Оның ішінде:									
Армения	475,8	0,0	64,6	40,6	0,0	652	435,1	0,1	59,6
Беларусь	27 527,9	2,4	26	1 525,4	0,4	22,2	26 002,5	3,2	26,3
Қырғызстан	28 064,9	2,4	35,8	22 923,1	6,5	41,1	5 141,8	0,6	22,6
Ресей	1 113 392,5	95,2	65,2	328 714,0	93,1	60,2	784 678,6	96,1	67,5

Қазақстан – тәуелсіздігіне қол жеткізбей тұрып-ақ, ресейлік империяның айтқанымен жүріп, айдағанына көнген мемлекет. Қазақ жерінде өндірілген өнімнің бәрі сыртқа Ресей арқылы шықса, сол сияқты сырттан келетін импорттың бәрі тағы да Ресей шекарасы арқылы кіріп отырған. Демек, Қазақстан мен Ресей арасындағы интеграция бүгін басталған жоқ. Шын мәнінде, Қазақстан үшін басқа жолайрық та көрінбейді. Алайда, көңілге күдік ұялататын бір нәрсе бар. Ол – Ресейдің үштік одақта да өзін мәртебелі санап, әріптес мемлекеттерге саясатын жүргізгісі келетін амбициясының әркез жоғары болуы.

Әдебиеттер

1. Есенғалиева К.С., Тілеужанова М.Ә. Экономика: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2003.
2. Васильева Н.А., Лагутина М.Л. Глобальный евразийский регион: опыт теоретического осмысления социально-политической интеграции // Изд-во Политехнического университета, 2012. – №3 (16).
3. Lagutina M. Eurasian Economic Union Foundation: Issues of Global Regionalization // Eurasian Border Review, Spring 2014.
4. Ковалев М.М., Иришев Б.К. Будущее ЕАЭС. Сложный поиск равновесия и роста // Вестник ассоциации белорусских банков, 2014. – №31-32.



Ж. Барлыков, А. Касымгужин

*Научный руководитель: С.Б. Галимжанова, к.э.н., ст.
КазУЭФМТ*

БИЗНЕС-МОДЕЛИ: ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ, ПРИМЕНЕНИЕ ИХ В КАЗАХСТАНЕ

С начала XXI в. вследствие небывалой скорости и масштабов изменений на передний план конкурентной борьбы выходит такой мощный ее инструмент, как инновационные бизнес-модели (БМ).

Если в недавнем прошлом крупная корпорация, успешно сформировавшееся на том или ином рынке, могла рассчитывать на долгосрочное сохранение своих позиций на основе совершенствования схемы взаимодействия со своими потребителями, то сегодня такой подход часто не работает.

В настоящее время практически в любой отрасли, независимо от степени ее зрелости, велика вероятность появления конкурентных новаций, которые полностью меняют «правила игры» на рынке за счет внедрения новых бизнес-моделей. При этом в отличие от инновационных продуктов и методов их производства – фактор наукоемкости в данном случае становится не обязательным. В бизнес-инновациях решающую роль играют не научные открытия, а предпринимательская идея, выявление новой рыночной потребности и точное соединение способа ее удовлетворения с эффективным спросом на основе новых способов и методов создания ценностей для покупателей [1].

Что же представляют собой бизнес-модели?

Бизнес-модель – это концептуальное описание предпринимательской деятельности [2].

Бизнес-модель характеризует ценность, которую организация предлагает различным клиентам, отражает способности организации, перечень партнеров, требуемых для создания, продвижения и поставки этой ценности клиентам, отношения капитала, необходимые для получения устойчивых потоков дохода. Таким образом, бизнес-модель представляет собой стратегию, как компания планирует делать деньги с использованием инновационных методов ведения бизнеса [3].

Основные направления инновационных БМ:

– переосмысление подходов к удовлетворению потребности, которая изначально закладывалась в основу традиционной БМ, доминирующей в данной отрасли. Итогом переоценки может стать, например, переориентация бизнес-модели компании с производства продуктов на оказание услуг или достижение определенных результатов, важных для целевой потребительской аудитории [4];

– изменение способа доставки потребительной стоимости целевому покупателю и общая перестройка механизма взаимодействия с ним [5];

– перестройка системы получения прибыли на основе новых моделей затрат и внедрения новых способов монетизации товаров и услуг т.п. [6];

– сегодня трудно найти новые БМ, которые бы не использовали информационные и телекоммуникационные технологий. Как правило, их не применение приводит к провалу БМ.

Разумеется, роль информационных и телекоммуникационных технологий не ограничивается

использованием бизнес-моделей, они привели к созданию практически новых отраслей [1].

Основными преимуществами инновационных БМ перед традиционными инструментами конкурентной борьбы являются:

1. В отличие от классических методов, предполагающих новации в одной-двух областях хозяйственного механизма корпорации (например в ценовой или технологической политике), внедрение новых БМ неизбежно вносит существенные изменения в большинство его элементов, включая выбор целевой потребности потенциального покупателя, механизм генерации прибыли и способ их устойчивого соединения. Эти многочисленные новации выступают в качестве множественных «степеней защиты» от попыток конкурентов скопировать успешные БМ.

2. Такие новации укладываются в единую бизнес-модель, они по определению носят скоординированный характер, что обеспечивает формирование системы эшелонированной обороны от соперников, существенно повышая конкурентную устойчивость инновационных БМ и раздвигают временной горизонт для «снятия сливок» в виде повышенной прибыли. Неслучайно анализ базы данных, созданной на основе регулярно проводимых международной консалтинговой фирмой BCG (вместе с деловым еженедельником BusinessWeek) рейтинговых обзоров наиболее инновационных компаний года, показал, что компании, внедряющие инновационные БМ, продемонстрировали более высокие показатели доходности для акционеров по сравнению с конкурентами по рейтингу, ограничивающими свою инновационную активность внедрением новых продуктов или технологий. Кроме того, успехи компаний-новаторов в области БМ оказались более устойчивыми: даже через десять лет они продолжали опережать своих соперников по соответствующим показателям [1].

Обратимся к успешным примерам реализаций БМ в мировой практике.

Весьма показательна история побед Apple – самой успешной корпорации начала XXI в. Еще в конце 1990-х годов Apple была нишевым игроком на рынке персональных компьютеров, которая явно проигрывала борьбу на нем своим конкурентам. Но в 2001 г. с выпуском нового продукта – цифрового MP3 плеера iPod ситуация коренным образом изменилась. Всего за три года его продажи сформировали глобальный рынок стоимостью 10 млрд долл. (около 50% всех продаж Apple) и заложила основу для вывода линейки новых мировых бестселлеров – смартфонов iPhone и планшетов iPad. Самое интересное было то, что Apple была не первой компанией, выпустившей на рынок цифровой музыкальный плеер. Компания Diamond Multimedia начала продавать аналогичный продукт Rio еще в 1998 г., а в 2000 г. на рынке появился цифровой плеер Cabo 64, выпущенный компанией BestData. Оба устройства отлично работали и считались очень стильными у молодежной аудитории. Но победил все-таки iPod, и главной причиной стали не уникальные характеристики этого продукта, а бизнес-модель, которую Apple смогла разработать и внедрить в рекордно короткий срок.

Основным достижением Apple стало комбинация программного обеспечения самого устройства и комплекса связанных с ними услуг, которая обеспечила удобный, недорогой и легкий для массового потребителя способ легально скачивать в цифровом формате музыку из Интернета. При этом продажи дешевого (практически бесприбыльного) программного обеспечения iTunes комбинировались с реализацией доходного устройства (iPod), что и обеспечивало стабильность всей бизнес-модели.

Компании, внедряющие инновационные БМ, продемонстрировали более высокие показатели доходности для акционеров по сравнению с конкурентами по рейтингу, ограничивающими свою инновационную активность внедрением новых продуктов или технологий. Кроме того, успехи компаний-новаторов в области БМ оказались более устойчивыми: даже через десять лет они продолжали опережать своих соперников по соответствующим показателям [1].

Вызывает интерес бизнес-модель международной компании Nespresso.

С самого начала деятельность этой компании по продаже высококачественного порционного кофе, была основана на новой концепции, объединяющей такие несовместимые вещи, как индивидуальный подход к каждому покупателю и массовые продажи. Большую роль в такой «персонализации» сыграли придуманные в компании способы продаж и расфасовки продукции, огромное разнообразие предлагаемых сортов инкапсулированного кофе позволяет каждому покупателю добиться уникальной смеси по своему вкусу. Но главное заключалось в другом: Nespresso отказалась от обычного способа продаж своей продукции через внешних дистрибьюторов и создала собст-

венную двухуровневую систему продаж, состоящую из сетей фирменных бутиков, рассредоточенных по всему миру (к маю 2015 г. их уже было свыше 400) и интернет магазина через так называемый клуб Nespresso. Важную роль играет и глобальная сеть колл-центров поддержки клиентов: для консультации покупателей по вопросам приготовления эспresso.

Система была изначально нацелена на обеспечение индивидуального подхода на основе прямого контакта со всеми покупателями (около 70% всего персонала компании, или более 5,8 тыс. человек, работают непосредственно с клиентами), а также включения всех покупателей в члены клуба Nespresso, с которыми поддерживаются регулярные контакты по электронной почте. К концу 2012 г. его членами были уже более 7 млн человек по всему миру, а средний темп роста продаж компании с 2000 г. составил примерно 30% в год. Высокий темп роста и устойчивость позиций на рынке (его доля в 2013 г. превышала 31% всего глобального рынка объемом 10,8 млрд долл.) наглядно показывают успех выбранной бизнес-модели [5].

По третьему направлению инновационных БМ интересен пример лидера австралийского рынка авиаперевозок Qantas. Приход в 2001 г. компаний-лоукостеров от VirginBlue, быстро захватившей более 30% этого рынка, привело к тому, что для компании Qantas внедрение новой модели затрат стало единственным решением. Бизнес-модель лоукостеров, идейно воспроизводившая концепцию розничных магазинов в отрасли пассажирских авиаперевозок, опиралась на увеличение заполняемости рейсов за счет резкого снижения цен на авиабилеты, а также сокращения затрат по широкому спектру операций, выполняемых авиаперевозчиком.

Qantas в 2004 г. учредила новую компанию Jetstar Airways, которая с самого начала базировалась на принципах организации лоукостера и во многих отношениях стала применять этот подход бескомпромиссно, чем мировые конкуренты. Новая компания выбрала модель ультра-лоукостера, использующего все возможности для сокращения затрат: экономию на аэропортовом обслуживании; минимизацию времени ожидания авиалайнеров на земле; комплектование авиапарка только новыми и однотипными самолетами (экономия на топливе, запчастях и полная взаимозаменяемость обслуживающего персонала и экипажей); внедрение гибкой тарифной политики (базовый тариф плюс платные опции на все виды полетного обслуживания, включая багаж, бортовое питание и напитки, доступ к аудио- и видеоразвлекательным программам и т.д.); отказ от стыковочных рейсов (экономия за счет отсутствия возмещаемых рисков опоздания на них); переход к обязательному электронному бронированию и регистрации (экономия на предполетном обслуживании); продажу билетов без фиксированных мест для ускорения посадки.

Последовательное применение новой модели обеспечило Jetstar полный успех. Иностранные лоукостеры проиграли эту войну и превратились в нишевых игроков австралийского рынка авиаперевозок. Годовой доход Jetstar превысил 3 млрд долл. США, а по прибыльности она превосходит материнскую компанию. Более того, Jetstar стала первой авиакомпанией в мире, успешно применившей бизнес-модель лоукостера для дальних трансконтинентальных перелетов [6].

По использованию информационных и телекоммуникационных технологий можно отметить опыт крупнейшего норвежского оператора мобильной связи Telenor. При вхождении на рынок Пакистана он столкнулся с тем, что большинство населения страны вообще не пользовались банковскими услугами. Это делало невозможным получение платежей в рамках традиционной бизнес-модели компании. Однако Telenor удалось превратить эту серьезную проблему в свое конкурентное преимущество и завоевать на его основе доминирующие позиции на рынке. В 2009 г. норвежская компания запустила проект «EasyPasia», в рамках которого для населения была развернута широкодоступная система мобильного банкинга, открывающая участникам возможность проводить платежи, снимать наличные и даже открывать сберегательные счета, используя только свой мобильный телефон. Для законности таких операций, компании даже пришлось приобрести небольшой местный банк для получения банковской лицензии. К 2010 г. сеть «EasyPasia» охватывала уже более 20 тыс. розничных точек, предоставляющих финансовые услуги по всему Пакистану. При этом 89% взрослого населения страны не обращались к услугам банков, но 62% использовали мобильную связь. В результате число пользователей услуг Telenor в Пакистане превысило 22 млн человек. Норвежский мобильный оператор не только восполнил количество своих пользователей,

но и часть отсутствовавшего на тот момент в стране банковского сектора на новой технологической основе [1].

В Казахстане применение БМ по сравнению со странами Запада не столь ощутимо, т.к. применяются в основном традиционные способы ведения бизнеса. Но образовавшая жесткая конкуренция в некоторых отраслях рынка стало причиной внедрения БМ с использованием западного опыта на рынке Казахстана. Примером является новация оператора сотовой связи «Кселл».

Крупнейший в Казахстане оператор сотовой связи «Кселл» стирает границы между сервисом и продажами. KcellStore – торговое пространство принципиально нового для Казахстана формата. Концепт-стор представляет собой синергичную идею магазина и клуба для клиентов. Таким образом, «Кселл» меняет бизнес-модель развития своей розничной сети и задает новый тренд на рынке телекоммуникаций.

По сути, новый формат стирает границы между сервисом и продажами. Покупатель теперь может на месте протестировать все возможности смартфонов перед покупкой, а продвинутые консультанты покажут, как максимально эффективно использовать преимущества гаджетов с помощью различных приложений. При желании клиент сможет самостоятельно провести тест-драйв приобретаемого товара, обсудить покупку с друзьями за чашкой кофе, пройти мастер-класс и проверить почту в бесплатной зоне Wi-Fi. Есть в KcellStore и зона стандартного привычного всем сервиса, где клиенты могут подключить номер, пополнить баланс, сменить тариф и получить консультацию по продуктам и услугам компании.

Рост передачи данных – сейчас основной тренд рынка. Естественно, потребитель все больше нуждается в получении быстрых и удобных консультаций по новым услугам, современным технологиям и выгодным пакетным предложениям. Компания проделала большую аналитическую работу, изучая предпочтения казахстанских покупателей и тем самым спроектировали эксклюзивный дизайн интерьера. В результате появился первый в Казахстане KcellStore – магазин, в котором постарались соединить подход ведущих западных брендов к качеству сервиса и доброжелательную открытую атмосферу» [7].

Таким образом, очевидно, что в условиях нестабильности и изменчивости экономической среды возрастает значение инновационных БМ как одного из самых мощных орудий конкурентной борьбы крупных корпораций. Эксперты Европейской комиссии отмечают, что технологии как таковые не имеют специфической ценности. Ценность технологий определяется бизнес-моделями, которые выводят их на рынок. В глобальной конкуренции могут победить только корпорации, которые приняли на вооружение стратегию бизнес-инноваций и освоили практику обновления бизнес-моделей с учетом динамично меняющихся рыночных потребностей и все быстрее развивающихся технологий. Поэтому разработка и внедрение новых БМ становятся для большинства современных крупных корпораций стратегическим императивом.

Литература

1. Березной А. ТНК на развивающихся рынках: в поисках успешной бизнес-модели // Мировая экономика и международные отношения, 2014. – №10. – С. 5-17.
2. Интернет-ресурс: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Бизнес-модель>.
3. Osterwalder A. The Business Model Ontology: A Proposition in the Design Science Approach. Lausanne: University of Lausanne, 2004.
4. Lindgardt Z., Reeves M., Stalk G., Deimler M. Business Model Innovation: When the Game Gets Tough, Change the Game. N.Y.: BCG. – 2009. – P. 2-3.
5. Matzler K., Bailom F., Von Den Eichen S.F., Kohler T. Business Model Innovation: Coffee Triumphs for Nespresso // Journal of Business Strategy. – 2013. – Vol. 34. – No 2. – P. 30-37.
6. Интернет-ресурс: <http://paulwallbank.com/2013/04/23/jetstar-vs-virgin-airline-flying-in-australia/>
7. Интернет-ресурс: <http://www.investors.kcell.kz/ru/news/show/2849?navipageId=1270>



Ж. Бітімәліева

Ғылыми жетекшілері: З.К. Қожахметов, э.э.к, доцент

Б.А. Сандыбаева, магистр, аға оқытушы

ҚазЭҚХСУ

ҚАЗАҚСТАНДА СЫРТҚЫ САУДАНЫ БЕЙТАРИФТІК РЕТТЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Қазақстанның сыртқы экономикалық саясаты соңғы жылдарда сыртқы сауда және валюталық операцияларды ырықтандыруға, сыртқы экономикалық байланыстарды нұсқаулық басқарудың жүйесін бөлектеуге бағытталған. Бірақта ашықтықтың күшейуі тек қана белгілі бір артықшылықтарға ие болып қалмайды. Сонымен қатар қауіп туғызады, әсіресе экономикасы өтпелі кезеңдегі елдер мен дамушы елдерге. Осы жағдайда ұлттық өндірушілерді шетелдік бәсекелестерінің басып тастауы, жекелеген салалардың әлемдік жағдаятқа, индустриялық дамыған мемлекеттердің сауда және қаржы саясаттарына тәуелділігінің өсуі, қаржы жүйесі мен ақша айналымының тұрақтылығына қауіп төну секілді қатерлер пайда болуы мүмкін.

Барлық осы шаралар мен жұмыстар, дәстүрлі қазақстандық экспорттық тауарларды неғұрлым жылжытуға бағытталған. Экспортты елдің экономикасын дамытудың негізгі факторларының бірі ретінде ұлғайту, қалыптасқан жағдайда өңдеуші өнеркәсіпке зиян келтіріп, ұлттық экономиканың құрылымында шикізат кешенінің одан әрі дамуына және күшеюіне әкеледі. Осыған байланысты қазақстандық экспорттың номенклатурасын кеңейту және өңделу дәрежесі жоғары өнімнің есебінен оның құндық көлемін ұлғайту жөнінде тиімді шаралар қажет.

Мемлекеттік реттеудің нысандары мен әдістерін (көбінесе, жанама нысандары арқылы) таңдау елдің экономикасының қазіргі жағдайдағы экспортқа бағдарлануын дамытуға мемлекеттің ықпал ету мүмкіндігін айқындайды. Сонымен бір мезгілде, осы шараларды қолданудың негізгі бағыттарын белгілеу үшін қазақстандық экспортты тежеуге ықпал ететін факторларды анықтау қажет. Оларға:

- отандық өнеркәсіп, ең алдымен өңдеуші өнеркәсіп өнімінің бәсекелесу қабілетінің төмендігі;
- өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының көпшілігінде перспективалы экспортқа бағдарланған жобалар мен зерттеулерді инвестициялау үшін ішкі ресурстардың болмауы;
- тұтынушылық және экологиялық сипаттамаларға, сондай-ақ өнеркәсібі дамыған мемлекеттердің рыноктарында сатылатын өнімдердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптардың едәуір күшеюі жағдайында экспорттық өнімнің сапасын сертификаттаудың және бақылаудың отандық жүйелерінің жеткіліксіз дамуы;
- қазақстандық экспортты қамтамасыз ететін көлік инфрақұрылымының жетілмегендігі;
- отандық кәсіпорындар менеджерлерінің көпшілігінде экспорт саласындағы арнайы білім мен жұмыс істеу тәжірибесінің жеткіліксіздігі, олардың сыртқы рыноктардағы іс-әрекеттерінің үйлестірілмеуі;

- кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте дәстүрлі өндірістік байланыстардың үзілуі;
- шет елде қазақстандық экспортаушыларды кемсітушілік элементтерінің сақталуы жатады [1].

Еліміздің экономикалық дамуының қазіргі кезеңінде экспортты реттеу мәселелері маңызды және өзекті болып табылады. Қазақстан Республикасы өнімдерінің экспорттық жеткізілімінің жалпы құрылымы кестеде көрсетілген.

Кесте. Қазақстан Республикасы өнімдерінің экспорттық жеткізілімі, %

	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
1	2	3	4	5	6
Кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға					
Экспорт, барлығы	86,4	110,2	122,3	131,1	97,7
Дайын тамақ өнімдері, сусындар, темекі	114,5	104,1	116,0	96,8	102,0
Минералдық өнімдер	80,3	117,1	116,3	138,7	99,7
Химия өнеркәсібінің өнімдері	113,9	80,1	187,1	89,6	98,7

1	2	3	4	5	6
Пластмассалар, каучук және резеңке бұйымдары	94,1	91,0	99,2	118,5	94,7
Машиналар, жабдықтар, механизмдер, аппаратуралар, олардың бөлшектері	121,5	106,5	101,6	66,4	100,5
Көліктің барлық түрлерінің құралдары, олардың бөлшектері	190,9	89,9	152,1	131,4	100,0
Асыл емес металдар және олардан жасалған бұйымдар	90,3	99,8	120,4	112,5	93,0

Осы жағдайда негізгі экспортталатын тауарларға мұнай, газ конденсаты, қара және түсті металл, ауылшаруашылығы шикізатын жатқызамыз. Жалпы шикізат пен алғашқы өңдеуден өткен өнімдердің үлесіне тұтас экспорттың 80% тиеді. Бұндай жағдайды тек қана отандық өнімдердің бәсекеқабілеттілігінің төмендігімен ғана емес, сонымен қатар экспортты ынталандырудың тиімді саясатының қолға алынбауы арқылы түсіндіруге болады.

Республиканың қазіргі сауда режимінде экспорт тарифтік (экспорттық баж) және бейтарифтік (лицензиялау, квоталау, тыйым салу тағы басқалар) шаралармен реттелінеді.

Кеден кодексіне сәйкес тауарлардың экспорты мен импорты бейтарифтік реттеу шаралары сақталған және кеден баждары төленген жағдайда жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің «Жекелеген тауарлардың түріне шығарылатын кедендік баждардың мөлшері туралы» 2000 ж. 5-маусымдағы №841 қаулысына сәйкес белгілі бір тауарлардың экспортына кедендік баждар орнатылған. Осы тауарларға тері, тері шикізаты, тоқыма, жүн, мыс сынықтары мен қалдықтары, қара металл сынықтары мен қалдықтары, қара металдан жасалған жекелеген заттардың түрі, өңделмеген алюминий және оның бұйымдары, темір жол мен трамвай локомотивтерінің кейбір бөліктері жатады. Осы тауарларға кедендік баждар отандық өндіріске қажетті шикізаттың республика аумағынан шығуын болдырмау мақсатында белгіленген.

Осыған байланысты айтатын болсақ Бүкіләлемдік Сауда Ұйымы ережелері экспорттық кеден баждарын қолдануға тыйым салмайды, бірақта Бүкіләлемдік Сауда Ұйымына мүше елдер сыртқы экономикалық қызметті реттеудің осы механизмінің қолданылғанын қаламайды.

Ал экспортты бейтарифтік немесе жанама реттеуге келетін болсақ, бұл кедендік-тарифтік реттеуден тысқары, экономикалық және әкімшілік іс-шаралардың жиынтығын білдіреді. Осы іс-шаралардың бір жағынан шектейтін, екінші жағынан ынталандыратын мағынасы бар.

Қазіргі таңдағы Қазақстанның отандық тауарларды сыртқы рынокқа жылжыту мен дискриминациялық кедергілерді алып тастауға бағытталған белсенді экспорттық саясатты жүргізіп отырғанына қарамастан, экспортты бейтарифтік немесе жанама реттеу шаралары, көбінесе ынталандыру мағынасындағысы толық күйінде пайдаланылмай жатыр.

Республикамыздың сыртқы саудасын бейтарифтік реттеудің төмендегі шараларын атап көрсетуге болады: акцизделетін тауарлардың айналымын реттеу; тауарларды сертификаттау; ішкі рынокты тауарлардың импортынан қорғау; экспорттық лицензияларды беру; жекелеген тауарлардың экспортын шектеу немесе тыйым салу; отандық өнімдерді әлемдік рынокқа жылжыту.

Бұл шараларды жүзеге асырудың белгіленген құралдары бар, яғни, сыртқы сауданы бейтарифтік реттеу құралдары төмендегілер:

- квоталау – экспорт пен импортқа шығарылатын тауарлар мен қызмет көрсетулердің үлестік көлемін анықтау; оны үш түрі бар – олар жаһандық квота, жеке квота және маусымдық квота;
- лицензиялау – экспорт пен импорттық тауарлардың түрлеріне рұқсат беру; оның негізгі екі түрі бар – олар генералдық, яғни, ұзақ мерзімдік лицензия және жеке лицензия; лицензиялаудың негізгі элементі контингенттеу, яғни, мемлекет экспорт пен импорттық тауарлардың ассортименттік тізбегін анықтау;
- еркін сандық шектеулер – квотаны импортушы мемлекет белгілемейді, керісінше, экспортушы мемлекет өз еліне кіргізілетін тауарларға шектеу қояды;
- техникалық тосқауылдар – импорттық және экспорттық тауарларға техникалық шектеулер

белгілеу (тауарлардың буып-тиеуіне стандарттар, нормативтер, санитарлық-гигиенелық, экологиялық мөлшерлер т.б.);

– экспорттық субсидиялар – экспорттық тауарлардың көлемін ұлғайту мақсатында мемелекет экспортаушыларға қаржылық сипаттағы жеңілдіктер беруі [2].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 ж. бесінші желтоқсандағы №1243 «жекелеген тауарларды әкелу мен әкетуге шектеулерді енгізу туралы» және 2002 ж. 16-шілдедегі №785 «Орманды пайдаланудың жекелеген мәселері» Қаулыларымен алюминий мен никелден жасалатын бұйымдардың кейбіреуінің, ағаш материалдары, кесілген материалдар және ағаштан жасалған кейбір заттардың экспортына тыйым салынған.

Бұдан басқа егін егу уақытында жанармайдың жетіспеушілігін болдырмау мақсатында 2004 ж. 23-ақпанында Үкіметтің №210 қаулысы қабылданды. Бұл қаулы 1-наурыздан бастап, 1-маусымға дейін Қазақстан Республикасы аумағынан жанармайдың шығарылуына тиым салады.

Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының сыртқы сауда режимін ырықтандыру мен отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында Үкімет 2003 ж. 31-наурызында №310 «Қазақстан Республикасының Үкіметінің 1998 ж. 31-желтоқсандағы №1376 қаулысына өзгерістерді енгізу туралы» шешім қабылдап, темекі мен темекі өнімдерінің импортын лицензиялауды алып тастады [3].

Экспорттың өткізу рыноктарын кеңейтуге саяси және экономикалық шаралармен, дипломатиялық рәсімдермен және сыртқы рыноктарда қолдаудың нысандарымен қол жеткізу қажет:

- сауда жөніндегі екі жақты және көп жақты келісімдер жасасу;
- Қазақстандық тауарлардың жолындағы орын алып отырған кемсітушілік кедергілерін алып тастау;
- сыртқы рыноктарда қазақстандық тауарларға сөзсіз негізде неғұрлым қолайлы жағдай режимін ұсынуға қол жеткізу;
- Қазақстандық экспорттық тауарларды дамыған елдер преференцияларының бас жүйесіне енгізу, ол преференциялар мен техникалық көмек беру тетігін дәстүрлі емес тауарларды жылжыту және шет елдердің рыноктарына Қазақстанның қатысуын орнықтыру үшін пайдалануға мүмкіндік береді;
- экспортты дамыту үшін перспективалы елдерде Қазақстан елшіліктерінің қызметін жандандыру;
- экспорт бойынша шығындарды азайту мақсатында өнімдерді тасымалдау кезінде икемді тарифтік саясат жүргізу.

Әдебиеттер

1. Красавина Л.Н. Международные валютно-кредитные и финансовые отношения: Учебник. – М.: Финансы и статистика, 2000.
2. Международные экономические отношения / Под ред. В.Е. Рыбалкина. – М., ЮНИТИ, 2004.
3. Есенғалиева К.С., Тілеужанова М.Ә. Экономика: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2003.



КОЛИЧЕСТВЕННЫЙ И ПОРЯДКОВЫЙ ПОДХОДЫ К АНАЛИЗУ ПОЛЕЗНОСТИ И СПРОСА

Ограниченность личного бюджета и стремление более рационально его распределить при различных и подвижных ценах вынуждают покупателя делать выбор: одни товары покупать, а от других отказываться. Из многочисленных альтернатив потребитель выбирает такие варианты и сочетания товаров, которые соответствуют его представлениям о полезности покупок, соизмеренных с возможностями личного бюджета.

Очевидно, что изучение полезности товара является актуальным, т.к. рыночный спрос формируется на основе решений, принимаемых потребителем, которые руководствуются своими потребностями и финансовыми возможностями.

Поэтому целью данной работы является рассмотрение сущности теории выявленных предпочтений и анализа полезности спроса с позиции количественного и порядкового подхода.

Для принятия решения о том, как распределить свои денежные средства между разнообразными потребностями, необходимо иметь какую-либо общую основу для их сопоставления. В качестве такой основы экономистами была выбрана полезность (в конце XIX в.). Термин полезность введен английским философом И. Бентамом, который считал, что руководящим психологическим принципом поведения людей является принцип максимизации полезности (стремление избежать страданий и увеличить удовольствия – гедонизм). Использование теории полезности дало возможность создать теорию потребительского поведения, основанную на гипотезе о сопоставимости полезности различных благ. Предполагается, что индивид стремится распределить имеющиеся денежные средства на покупку благ таким образом, чтобы максимизировать ожидаемое удовлетворение (полезность) от их потребления. При этом он руководствуется только своими вкусами и предпочтениями, т.е. полезность имеет личностный, субъективный характер. Для максимизации полезности, потребитель должен иметь возможность сравнивать полезность различных благ.

Существует два подхода, на основе которых решается данная проблема: количественный (кардиналистский) подход и порядковый (ординалистский). Количественная теория была разработана независимо друг от друга тремя экономистами У. Джевонсом, К. Менгером, Л. Вальрасом в последней трети XIX в. Основная идея: полезность любого блага можно измерить в гипотетических единицах полезности – ютилах.

В рамках количественного подхода сформулирован принцип убывающей предельной полезности, в соответствии с которым: полезность последующих единиц блага в одном непрерывном акте потребления убывает, т.к. что в пределе наступает полное насыщение этими благами; полезность первых единиц блага при повторных актах потребления снижается. Порядковый разрабатывался Ф. Эджуортом, В. Парето, И. Фишером в качестве альтернативы количественному подходу. В отличие от кардиналистского подхода от потребителя не требуется умения измерять полезность того или иного блага в каких-то искусственных единицах измерения. Он должен быть способен упорядочить все возможные товарные наборы по их предпочтительности для него, т.е. уметь сравнивать различные товарные наборы из всего товарного множества.

При количественном (кардиналистском) подходе к полезности имеется стремление измерить последнюю подобно весу, расстоянию и т.д., но в условных единицах. Однако возникают вопросы: как это может сделать отдельный потребитель, и в чем значение или даже смысл таких измерений, если они не совпадают, т.к. у каждого потребителя своя шкала предпочтений. И чему равна условная единица?

Идея ординалистского подхода может быть объяснена таким образом. Теория отказывается от представления о том, что потребитель способен количественно измерить полезность, извлекаемую из некоторого набора товаров, а предполагает, что он может просто сравнивать различные

наборы товаров с точки зрения их предпочтительности. При этом более предпочтительны наборы товаров, имеющие более высокий уровень полезности, и равноценны наборы, имеющие одинаковый уровень полезности. Другими словами, потребитель не мучается вопросом количественной оценки полезности товара. Не требуется от него при выборе товаров и ответ на вопрос, во сколько раз данный набор полезнее всякого другого. Потребитель на основе своей субъективной оценки выносит решение, что данный товар для него предпочтительнее всех прочих.

«Эффект замещения» и «эффект дохода». Бюджетная линия потребителя. Кривые безразличия. Предположим, что потребитель выбрал некоторый, наилучший с его точки зрения набор товаров, доступный при данном уровне дохода. Однако цены не остаются неизменными. Что же произойдет в том случае, если цена на один из товаров снизится, а цены остальных товаров и доход потребителя останутся неизменными.

Поскольку цены остальных товаров, входящих в набор, остаются неизменными, они становятся дороже относительно того единственного товара цена на который упала. Разумно предположить, что наш потребитель будет стремиться замещать относительно подорожавшие товары, относительно подешевевшими. Иными словами, снижение цены некоторого товара вызовет рост величины спроса на этот товар со стороны индивидуального потребителя вследствие его относительного удешевления. Значит, под эффектом замещения понимается та часть прироста величины спроса на подешевевший товар, которая образовалась вследствие замены более дорогостоящих благ менее дорогостоящими.

Изменение величины спроса может быть связано с воздействием изменения цены на величину реального дохода. Происходит это в случае, когда цена на один из товаров набора опять таки снизилась. Если, например, цена товара снизилась, то реальный доход или покупательная способность, того, кто покупает этот продукт, увеличивается. Это увеличение реального дохода проявится в росте объема покупок разнообразных товаров. Такая ситуация равнозначна реальному увеличению дохода потребителя, увеличению его денежного дохода. Это называется эффектом дохода. Существует интересное исключение из закона спроса, связанное с так называемым «товаром Гиффена». Суть этого феномена в том, что при определенных обстоятельствах эффект дохода перевешивает эффект замещения, а следовательно (закону спроса) величина спроса растет при росте цены. Считается, что этот эффект открыл английский экономист Р. Гиффен (1837-1910), наблюдая за бюджетами беднейших семей Англии. Как заметил Р. Гиффен, повышение цены на хлеб продлевает такую брешь в бюджете беднейших рабочих семей и настолько увеличивает предельную полезность денег для них, что они вынуждены сокращать потребление мяса и наиболее дорогих мучных продуктов питания; поскольку хлеб продолжает оставаться самым дешевым продуктом питания, который они в состоянии купить и станут покупать, они потребляют его при этом не меньше, а больше.

Большим шагом вперед в исследовании закономерностей потребительского поведения стало создание концепции «бюджетных линий» и «кривых безразличия». Ее авторами считаются итальянский экономист В. Парето и английские экономисты Д.Р. Хикс и Ф. Эджуорт (1845-1926). Базируясь на ординалистском подходе, их концепция рассматривает поведение потребителя с двух сторон: во-первых, с точки зрения того, что может позволить себе потребитель при данном ограниченном доходе, а во-вторых, что он хотел бы иметь из наличного набора товаров, каждый из которых ему представляется равноценным.

Бюджетная линия показывает различные комбинации двух продуктов, которые могут быть приобретены потребителем при данном уровне цен на продукты и данной величине его денежного дохода.

Бюджетная линия – это геометрическое место точек, характеризующее наборы товаров, которые может приобрести потребитель, полностью израсходовав свой доход при данных ценах на товары А и В.

То есть бюджетная линия – это геометрическое место всех наборов из двух товаров, стоимость которых равна доходу.

Изменение уровня цен может по-разному повлиять на положение бюджетной линии. Если цены на оба товара будут пропорционально возрастать, то бюджетная линия сместится параллельно

и вниз, ибо такое поведение цен равнозначно снижению дохода потребителя. Наоборот, если цены на оба товара упадут, то это будет означать рост дохода и бюджетная линия сместится параллельно вверх. Наиболее вероятен вариант, когда цены на товары будут меняться по отношению друг к другу. Предположим, что цены на одежду не меняются, а продукты питания становятся дешевле.

В этом случае наш потребитель при той же величине приобретаемых единиц одежды может покупать большее количество единиц питания.

**Таблица. Бюджетная линия: комбинация продуктов А и В,
доступные покупателю с доходом в 12 долл.
(гипотетические данные)**

Единицы продукта А (цена 1,5 долл.)	Единицы продукта В (цена = 1 долл.)	Суммарный расход (долл.)
8	0	12 (=12+0)
6	3	12 (=9+3)
4	6	12 (=6+6)
2	9	12 (=3+9)
0	12	12 (=0+12)

Кривые безразличия. Итак, бюджетная линия дает ответ на вопрос, что может приобрести потребитель, но для окончательного ответа о его поведении на рынке надо учитывать и то, что желает он купить. Желание приобрести товары, входящие в набор, отражает предпочтения потребителя. Их можно исследовать с помощью так называемых кривых безразличия. Построить такую кривую можно путем опроса нашего потребителя, предлагая ему оценить различные сочетания одежды и продуктов питания. При этом нас будут интересовать только такие сочетания, которые приносят потребителю с его точки зрения, одинаковое удовлетворение его потребностей в одежде и продуктах питания. Это будет означать, что потребителю безразлично какой именно из этих наборов приобретать.

Итак, в связи с поставленными в работе задачами, рассмотрена сущность теории полезности и выявленных предпочтений, проблема измерения полезности, «эффект замещения», «эффект дохода», бюджетная линия потребителя и кривые безразличия.

На ранних стадиях развития человека его деятельность диктовалась его потребностями, в дальнейшем каждый новый шаг вперед следует считать результатом того, что развитие новых видов деятельности порождает новые потребности, а не того, что новые потребности вызывают к жизни новые виды деятельности.

Следовательно, людьми ценятся самые различные материальные и духовные блага и услуги не в результате того, что на их производство затрачен общественно необходимый труд, а потому, что эти блага имеют полезность. Необходимость соизмерять и сравнивать ее проявляется тем, что люди испытывают выявление предпочтений на основе определенной полезности блага.

Литература

1. Аникин А.В. Юность науки: жизнь и идеи мыслителей-экономистов до Маркса. – 4-е изд. – М.: Политиздат, 1985.
2. Борисов Е.Ф. Экономическая теория. – М.: Высшая школа, 2001.
3. Гальперин В.М., Игнатьев С.М., Моргунов В.И. Микроэкономика. – Том 1. – СПб., 2000.
4. Туган-Барановский М.И. Учение о предельной полезности хозяйственных благ как причина их ценности // Юридический вестник. – 1980. – №10.
5. Блюмин И.Г., Альтер Л.Б., Смит М.Н., Никитин С.Н., Афанасьев В.С. Теория предельной. – М., 2011.

А. Құсайынова

Ғылыми жетекшілері: З.К. Қожахметов, э.ғ.к, доцент

Б.А. Сандыбаева, магистр, аға оқытушы

ҚазЭҚХСУ

СЫРТҚЫ САУДАНЫ ТАРИФТІК РЕТТЕУДІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қазақстанның сыртқы экономикалық саясаты соңғы жылдарда сыртқы сауда және валюталық операцияларды ырықтандыруға, сыртқы экономикалық байланыстарды нұсқаулық басқарудың жүйесін бөлектеуге бағытталған. Бірақта ашықтықтың күшейуі тек қана белгілі бір артықшылықтарға ие болып қалмайды, сонымен қатар қауіп туғызады, әсіресе экономикасы өтпелі кезеңдегі елдер мен дамушы елдерге. Осы жағдайда ұлттық өндірушілерді шетелдік бәсекелестерінің басып тастауы, жекелеген салалардың әлемдік жағдаятқа, индустрияльды дамыған мемлекеттердің сауда және қаржы саясаттарына тәуелділігінің өсуі, қаржы жүйесі мен ақша айналымының тұрақтылығына қауіп төну секілді қатерлер пайда болуы мүмкін.

Мемлекеттік реттеудің нысандары мен әдістерін (көбінесе, жанама нысандары арқылы) таңдау елдің экономикасының қазіргі жағдайдағы экспортқа бағдарлануын дамытуға мемлекеттің ықпал ету мүмкіндігін айқындайды [1].

Сонымен бір мезгілде, осы шараларды қолданудың негізгі бағыттарын белгілеу үшін қазақстандық экспортты тежеуге ықпал ететін факторларды анықтау қажет. Оларға:

- отандық өнеркәсіп, ең алдымен өңдеуші өнеркәсіп өнімінің бәсекелесу қабілетінің төмендігі;
- өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарының көпшілігінде перспективалы экспортқа бағдарланған жобалар мен зерттеулерді инвестициялау үшін ішкі ресурстардың болмауы;
- тұтынушылық және экологиялық сипаттамаларға, сондай-ақ өнеркәсібі дамыған мемлекеттердің рыноктарында сатылатын өнімдердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптардың едәуір күшеюі жағдайында экспорттық өнімнің сапасын сертификаттаудың және бақылаудың отандық жүйелерінің жеткіліксіз дамуы;
- қазақстандық экспортты қамтамасыз ететін көлік инфрақұрылымының жетілмегендігі;
- отандық кәсіпорындар менеджерлерінің көпшілігінде экспорт саласындағы арнайы білім мен жұмыс істеу тәжірибесінің жеткіліксіздігі, олардың сыртқы рыноктардағы іс-әрекеттерінің үйлестірілмеуі;
- кеңестік дәуірден кейінгі кеңестікте дәстүрлі өндірістік байланыстардың үзілуі;
- шет елде қазақстандық экспортушыларды кемсітушілік элементтерінің сақталуы жатады [2].

Шариат нормаларына сәкес келісімшарттар мен тауарларды бақылау	Исламдық қаржысы бойынша шетел мамандарды тарту. Отандық ғалымдарды исламдық қаржысы бойынша оқыту	Ислам қаржысы бойынша операцияларды бақылау. Шариат нормасына барлық тауарлар мен қызметтеріне сай келуін бақылау. Кеңінен исламдық инвестицияларды тарту
Квалификациялық кадрлардың жеткіліксіз болуы	Квалификациялық кадрларды даярлау бойынша толық жүйені құрастыру. Ислам құқығы мен қаржысы бойынша Қазақстандық ғылыми базасын құру	Ислам қаржысы бойынша отандық ой-пікірлердің дамуы. Азиядағы ислам қаржысы дамудың алғашқы оңдығына кіру

1	2	3
Халықта ислам қаржысы бойынша білімнің жеткіліксіз болуы	Ислам қаржыландыру бойынша терминдерін қарапайым нұсқаулықпен жаппай ақпарат беру	Ислам қажысының бір келкі дамуы, ислам қаржы құралдарына сұраныстың пайда болуы

**Автормен құрастырылған*

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Банк және банк қызметті туралы» заңы.
2. Бекин И.Р. Исламская экономическая модель и современность. – М.: Марджани, 2010. – 120 с.
3. Исламдық қаржыландыру: Қазақстан Республикасындағы мәселелері, беталысы, даму болашағы. – Астана: Исламская книга. – 2011. – 124 б.
4. Исмаилова Р.А. Исламский финансовый рынок: институты, механизмы, инструменты // Междунар. науч.-практ. конф. Исламское финансирование: проблемы, тенденции, перспективы развития в РК. – Астана: КазУЭФМТ. – 2011. – С. 36-40.
5. Кальнаус З.Е. Исламское финансирование в Республике Казахстан // Междунар. науч.-практ. конф. Исламское финансирование: проблемы, тенденции, перспективы развития в РК. – Астана: КазУЭФМТ. – 2011. – С. 62-66.
6. «Al Hilal» Ислам Банкі» АҚ-ның веб-сайты // <http://www.Al-hilal.kz//>



Н. Мунарбаева

*Ғылыми жетекшісі: Ж.К. Сартбасова, магистр, аға оқытушы
ҚазЭҚХСҮ*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАНКТІК СТРАТЕГИЯНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Көптеген қазақстандық банктер дифференциация стратегиясын дамыту қажеттіліне келді, яғни бұл өздерінің мақсатты нарықтарына, клиенттеріне қажеттіліктеріне бағытталып, қызметтер ұсыну. Банктік қызметтерді дифференциациялау клиенттің керектері мен ұнатуларын, қажеттіліктерін анық түсінуден, банктік қызметтерді тұтынушы алдындағы міндеттер, банктің өз мүмкіндіктерін толық білуінен шығады. Ол банк клиенттерінің анықталған топтарының қажеттіліктерін бейімделу қызметтерін, көрсетілген қызметке клиенттің бірегей әсерленуіне болжам жасайды. Банктік тауарларды клиент қажеттіліктеріне сай бейімдеу үшін клиенттің өнімді пайдаланудан көретін пайдасын немесе игілігін анықтау қажет; Аталған түсінік маркетингтік қызметтерде басты болып саналады. Бірақ шынайы бағалап, кейін оны жарнамада пайдаға асыру үшін өз бәсекелестерінді, олардың қызметтерінің ерекшелігін, қолданатын жарнамалық тәсілдерін және түсімді ынталандыру жолдарын білу қажет.

Осыған орай президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2030» Стратегиясында бір данагөйдін: «Егер сіз қайда бет алып бара жатқаныңызды білмейтін болсаңыз, онда сізді ол жерге кез келген жол алып баруы мүмкін» деген сөзін мысал етіп: «Осыны естен шығармай, болашақтың моделін жалпыланған түрде және нақты қысқа мерзімді мақсаттар түрінде ұдайы көз алдымызда бағдар етіп ұстауға тиіспіз» деп атап көрсеткен еді. Стратегияның 10 жылдығы қарсаңында бұл сөз өте өзекті күйінде қалып отыр. Себебі 33 жылға арналған бағдарламаның он жылында не атқарылып, алдағы кезде нендей істер жүзеге асуы керек екені айқындала түскендей.

Біз тұрақтану кезеңінен лайықты өттік. Ең өзекті және маңызды міндеттерімізді шешуде үлкен табыстарға қол жеткіздік. Енді болашаққа батылырақ көз салуға, алдағы дамуымыз туралы тереңірек ойлауға тиіспіз.

Аса ауыр жағдайларда жинақталған мемлекеттілік құру, саяси және экономикалық реформалар жүргізу тәжірибесі, әлем және оның дамуы туралы білім-білігіміз, қазақстандықтардың төзімділігі мен түсіністікпен қарай білуі біздің болашаққа деген сенімімізді беріктей түседі. Қазақстанның бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу мүмкіндігіне жету үшін күрес – осы сенімнің нәтижесі.

Президент өзінің Қазақстан халқына соңғы жылдардағы екі жолдауын Қазақстан мемлекеті бәсекеге қабілетті болып жетілуі тиіс деген тақырыпқа арнауы тегін емес. 2014 ж. Жолдау «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!» деп аталса, 2016 ж. Жолдау «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы» аталды. 2014 ж. Жолдауда елдің бәсекелестік қабілетін арттыру траекториясының параметрлері белгіленіп, басым бағыттар әлеуметтік салаға арналатыны баса айтылды. 2016 ж. Жолдау мәселені нақтырақ қойды: Қазақстан жақын он жылдықта әлемдегі ең дамыған және бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіруді биліктің негізгі саяси бағыты деп санаймыз деді. Сонымен соңғы төрт жылдағы жолдаулар елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен әлеуметтік шаралардың басым бағытын бағдарлауын әуелі ой сүзгісінен өткізіп, соңы жан-жақты ізденістерге ұласқанда мәселенің анық-қанығына көзіміз жете түсті.

Стратегия сөзі ерте уақыттан бері әскери өнерде қолданылып келген, оның мағынасы жауды жеңуге арналған жоспарды жасау дегенді білдірді. Стратегия сөзі «стратегос» деген грек сөзінен шыққан түсіндермесі «генерал» деген түсінікті береді. Бизнеске қатысты бұл сөздің қазіргі ұғымы XX ғ. алғаш рет Дж. Нейман мен О. Моргенштерн еңбектерінде қолданылды. Бұл авторлар стратегияны нақты жағдайларға байланысты туындайтын компанияның кешенді шаралары ретінде анықтаған. Кейбір авторлар стратегияны компанияның ресурстарымен байланыстырады. Соңғы зерттеулерде стратегия ұғымының бизнеске қатысты анықтамасын жасалды. Олардың ішінде А. Чендлер, И. Ансофф, К. Эндрюс сияқтылардың пікірінше: Стратегия – бұл компанияның болашақта нені қалайтындығын анықтайтын, ондай мақсатқа жетуге байланысты компанияның мүмкіндіктерін, мақсаттарының, міндеттерінің, саясатының және жоспарларының үлгісін білдіреді.

Банкке қатысты алсақ, стратегия – бұл бәсекелестік артықшылықтарға қол жеткізуге бағытталған банктің ресурстарының орналасу аясы мен қызметінің нысанын анықтайтын ұзақ мерзімді даму тұжырымдамасы. Ұзақ мерзімді даму тұжырымдамасының негізіне банктің мақсаты жатады. Кез келген коммерциялық ұйымның басты мақсаты пайда табу болса, коммерциялық банктерде сондай мақсатты көдейді.

Банктің стратегиясы – банкті өзге бәсекелес банктерден айырықшандыратын және банк қызметінің басымдық мақсаты мен міндеттерін анықтайтын концепциясы.

Банк стратегиясы банк менеджментінің барлық жүйесінің негізі болып табылады. Банк стратегиясын жасау негізіне нарықтағы бәсекелестерге талдау жасау нәтижесінде бәсекелестермен салыстырғандағы банктің нарықтағы ұстанымын, күшті және әлсіз жақтарын айқындау, сондай-ақ әлуатті мүмкіндіктерін анықтау жатады.

Стратегиялық жоспарлау – нарықтың талаптары мен банктің ішкі мүмкіндіктерімен келісілген банктің алдыны қойған мақсаттарына жетуді қамтамасыз ететін банкті басқаруды (маркетинг, ресурстар мен тәуекелді басқару және банк қызметкерлерін ұйымдастыру саласында) ұйымдастырудың баламалы стратегиясын жасау процессін білдіреді.

Стратегиялық басқарудың мақсаты – нарықтағы банктің үлесін және табысын арттыруды қамтамасыз ететін, банк қызметін жаңа бағыттарын және жаңа банктік өнімдерді жасау, енгізі және дамыту болып табылады.

Банктегі стратегиялық жоспарлаудың мынадай кезеңдері бар.

Ситуациялық талдау кезеңі. Бұл кезеңде біріншіден, банк қызмет ететін оның қоршаған ортасын талдау (сыртқы талдау) және банктің ішкі әлуетіне сипаттама беру үшін ішкі талдау жұмыстары жүзеге асырылады. Сыртқы талдау процессі мыналарды қамтиды:

– қоғамның әлеуметтік, экономикалық, демографиялық, саяси, заңи, технологиялық даму сипа-

тына талдау жасап, экономикадағы жағдайлардың өзгеру ықтималдығы анықтау;

- банктік қызмет көрсету нарығы сегменттеледі және олардағы қызмет түрлеріне деген сұраныс пен ұсыныстың негізгі ағымы талдау;

- банктік қызмет көрсету нарығындағы банктің ағымдағы бәсекелестік ұстанымын анықтау.

Содан кейін барып, банк қызметіне ықпал ететін негізгі факторлар таңдап алынады.

Стратегиялық жоспарлаудың екінші кезеңі банктің бас міндеттерін немесе миссиясын анықтау кезеңі. Банк міндеттерінің немесе миссиясы анықталуы Банктің директорлар Кеңесі деңгейінде іске асырады. Банк миссиясын анықтау банк қызметіне ықпал ететін ішкі және сыртқы факторлар ескеріледі. Банк миссиясының құрамына мынадай ішкі факторлар ықпал етеді:

- жетекшілердің құнды бағдарлары;
- банктің тарихы мен жинақталған экономикалық әлуеті;
- ішкі корпоративтік мәдениеті;
- банктің ұйымның құрылымы.

Ал сыртқы факторлар ретінде мыналар ескеріледі:

- ұлттық экономиканың жағдайы;
- мемлекеттің жүргізетін экономикалық саясаты;
- қызмет ететін заңдар мен нормативтік актілер.

Банктің стратегиялық басқару әдістері:

- банктің адам капиталын басқару стратегиясы;
- банктік саясат банкті стратегиялық басқару ретінде;
- банктің меншікті капиталын басқару стратегиясы;
- банк активтерін басқару стратегиясы;
- коммерциялық банктердің пассивтерін стратегиялық басқару.

Осының ішінде банктің адам капиталын басқару стратегиясы дегеніміз – банк қызметкерлерін басқару ерекшелігі банк ісінің өзіндік ерекшелігімен және ең бастысы банктік қызметкерлердің банктің әр түрлі қызметтерін жүзеге асыруға қажетті кәсіби білімдері мен тәжірибелерінің болуымен сипатталады. Банктің ұйымдастырылу құрылымымен қарай банк қызметкерлерінің қызметі анықталады. Мысалы, бухгалтер-кассир, бухгалтер, шот-менеджері, несиелік эксперт, тәуелсіз бағалаушы, тәуекел-менеджері, заңгер-кеңесші және т.б. Орындайтын міндеттеріне қарай банк қызметкерлерін жетекшілер және орындаушылар немесе қызме көрсетушілер деп екіге бөледі.

Жетекшілердің құрамына қойылатын талаптарға мыналар жатады:

- ұйымдастырушылық қабілетінің болуы;
- адамдарды басқару тәжірибесінің болуы;
- банктің даму болашағын көре білуі;
- шешім қабылдай білу қабілеті.

Ал банктің адам капиталын басқару стратегиясына банк қызметкерлерін басқаруға байланысты кадр қызметінің негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- болашақтағы және ағымдағы қызметкерлерге деген қажеттілікті жоспарлау;
- кадрларды таңдау және алу;
- кадрлар резервтерін қалыптастыру;
- қызметкерлерді бағалау;
- қызметкерлерді ынталандыру жүйесін жасау;
- қызметкерлердің дамуын басқару.

Банктің меншікті капиталын басқару стратегиясы. Банктің меншікті капиталы – банктің қаржылық тұрақтылығын, коммерциялық және шаруашылық қамтамасыз ету үшін құрылған банктің әр түрлі қорлары мен сол сияқты ағымдағы қызметінің нәтижесіне байланысты және өткен жылдардағы бөлінбеген пайдасы.

Банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі ұзақ уақыт бойы ғылыми-зерттеу затына және банктер мен оны реттеуші ұйымдар арасындағы пікірталасқа айналып келеді.

Банктер өздерінің активтерін арттыру үшін капиталдың төменгі мөлшерде болғанын қалайды. Ал банкті бақылаушылар, банктердің банкроттықтан аулақ болуы үшін капиталдың жеткілікті

мөлшерде болуын талап етеді. Банктердің банкроттығы ондағы басқарудың нашарлығынан болуы мүмкін, себебі банкті жақсы басқарса, ол төменгі капитал нормасында жұмыс жасай алады деген пікірлер бар.

Банк активтерін басқару стратегиясы. Банк активтері – пайда табу мақсатында банктік ресурстарды, әр түрлі активтер бойынша орналастырылған қаражаттары.

Банктік активтердің құрылымы баланстың актив жағында көрсетілетін сапасына қарай бөлінген баптардың баланс нәтижесіне қатынасын сипаттайды. Активтердің сапасы активтік операциялардың түрлендірілуіне, тәуекелді активтерінің көлеміне, толық құны жоқ активтердің көлеміне және активтердің өзгеріске ұшырау белгілеріне қарай анықталады.

Коммерциялық банктің активтерін төмендегідей төрт топқа бөлуге болады:

- касса және оған теңесетін ақшалай қаражаттар;
- берілген несиелер;
- бағалы қағаздарға жұмсалынған инвестициялар;
- банктің ғимараты мен жабдықтары.

Өтімділігіне қарай банк активтері төмендегідей топтарға бөлінеді:

- жоғары өтімді активтер;
- өтімді активтер;
- ұзақ мерзімді өтімді активтер.

ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктеге арналған пруденциялық нормативтерге сәйкес жоғары өтімді активтерге мыналар жатады:

- қолма-қол ақшалар;
- мемлекеттің бағалы қағаздары және Қазақстан ипотекалық компаниясының боырыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ өтімділігі жоғары басқа да бағалы қағаздар;
- құйма қымбат бағалы металдар.

Ұлттық банктегі Standard & Poors және басқа рейтингтік агенттіктердің «А» төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі бар бейрезидент-банктердегі талап етуге дейінгі депозиттер.

Standard & Poors және басқа рейтингтік агенттіктердің «А» төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі бар ҚР банктерге берген «овернайт» займдары.

Банктің бұл қаражаттары банктің айналымынан қажет уақытында алуға мүмкіндік беретін активтерге жатады.

Коммерциялық банктердің пассивтерің стратегиялық басқару. Пассивтік операциялар негізінде банктің ресурстары жинақталады. Сондықтан да пассивтік операциялардың коммерциялық банктер қызметіндегі рөлі жоғары.

Банк ресурстары пассивтік операциялар нәтижесінде құрылатындықтан, оған анықтама берген дұрыс. Қаржы және несие сөздігінде: «пассивтік операциялар – бұл несиелік және активтік операцияларды жүзеге асыруға арналған банктің өз ресурсын құру операциялары», – делінеді. Ал соңғы оқулықтарға сүйенсек, пассивтік шоттағы немесе активті-пассивтік шоттағы қаражаттардың өсуін, яғни пассив пен активтің арту формасын білдіретін операцияларды сипаттайды. Бұл анықтамалар бірін-бірі толықтырады десе болады, себебі біріншісі пассивтік операцияның толық түсінігін бере алмайды. Пассивтік операциялардың көмегімен банктер нарықтан несиелік ресурстарды сатып алады.

Пассивтік операциялардың мынадай формалары болады:

- коммерциялық банктердің бағалы қағаздарды алғашқы эмиссиялауы;
- банк пайдасынан капиталдарды немесе қорларды ұлғайту және құру;
- басқа да заңды тұлғалардан несиелер алу;
- депозиттік операциялар.

Пассивтік операциялар айналыстағы ақшалай қаражаттарды банктерге тарту мүмкіндік береді. Алғашқы пассивтік операциялардың екі формасы негізінде банктік ресурстардың бірінші тобы, яғни меншікті ресурстары құралады.

Банктік тәуекелдерді басқару стратегиясы. Кез келген банктің қызметінің табыстылығы банктің берген несиелерінің сапасына, яғни оның қайтарымдылық дәрежесіне тікелей байланысты. Несиенің уақтылы қайтарылмауы банктің зиян шегуіне итермелейді. Сондықтан да банктер несиелік

тәуекелді басқару шараларымен уактылы айналысып отыруға тиіс.

Несиелік тәуекел – қарыз алушының банктен алған несиесі бойынша қарызын немесе оған есептелінген сыйақысын өз уақытында қайтара алмауына байланысты банктің зиян шегуін сипаттайды.

Коммерциялық банктегі несиелік тәуекелді басқару жүйесі екі субжүйеден тұрады:

- басқаратын субъекті;
- басқарылатын объект.

Басқару субъекті – бұл арнайы еңбек, ақпарат, материалдық және қаржылық ресурстарды пайдалана отырып, несиелік тәуекелді басқару процессін жүзеге асыратын банктің құрылымдық бөлімшесі. Отандық банктер тәжірибесінде несиелік тәуекелді басқару субъектілеріне мыналарды жатқызуға болады:

1. Директорлар Кеңесі.
2. Басқарма.
3. Несиелік комитет.
4. Активтерді және пассивтерді басқару жөніндегі комитет.
5. Несиелік тәуекел департаменті.
6. Несиелік тәуекел басқармасы.
7. Проблемалық несиелер басқармасы.
8. Несиелік бөлімдер.
9. Несиелік менеджер.
10. Несиелік-тәуекел менеджері және тағы басқа.

Несиелік тәуекелді басқару жүйесінің негізгі элементтеріне жататындар:

- несиелік қызметті ұйымдастыру;
- лимиттер белгілеу;
- несиелік ұсынысты бағалау және қарыз алушының несиелік қабілетін бағалау;
- несиелік тәуекел деңгейіне байланысты несиелерге рейтинг қою және белгіленген лимиттермен салыстыру;
- несиелер бойынша мүмкін болар зияндарды есепке ала отырып, сыйақы мөлшерлемесін анықтау;
- несиелік шешімдерді қабылдау барысында құзіретті бөлу – несиелерді авторизациялау;
- несиелік мониторинг;
- несиелік портфельді басқару;
- проблемалық несиелерді қалпына келтіру.

Банк стратегиясына банктің ішкі ресурстары, сыртқы ресурстары, банк миссиясы және клиенттік база кіреді. Сонымен қатар банк стратегиясы стратегиялық және ағымдық жоспарлауды, ұйымдастырушылық құрылымды, маманданған кадр деңгейіндегі менеджерлер мен маркетингтарды және де қаржылық қызметті басқаруды қамтиды.

Банктердің даму стратегиясы:

- нәтижелікке бағытталған кооперативтік мәдениетті енгізу;
- стратегиялық менеджментпен бірге менеджментті шоғырландыру;
- тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру;
- тиімді қаржылық жоспарлау және табыстылықты күшейту;
- шығындарды азайту мақсатында ішкі бақылау комплаенс және ішкі аудит жүйелерін күшейту;
- клиенттерге арналған жаңа өнімдерді және жаңа құралдарды әзірлеу;
- бизнес процесстерді басқарудың тиімділігі мен жеделдігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа IT стратегияны жүзеге асыру.

Жалпы ережелер.

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алтынвалюта активтерін басқару жөніндегі инвестициялық стратегия (бұдан әрі – стратегия) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Шетел валютасындағы және бағалы металдардағы активтерді басқарудың негізгі қағидаттары туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 21 қыркүйектегі №292 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Стратегия Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) алтын-валюта активтерін (бұдан әрі – АВА) басқарумен байланысты стратегиялық мақсаттарын және қызметіне шектеулерді айқындайды. Стратегияның ережелерін Ұлттық Банктің Басқармасы жылына кемінде 1 (бір) рет қарайды.

3. Активтердің өтімділігін және сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ кірістілікті ортамерзімді және ұзақмерзімді перспективаларда ұлғайту АВА-ны басқарудың мақсаттары болып табылады.

Жүргізілген талдаудың нәтижелері көрсеткендей, Ұлттық Банк 2015 жыл ішінде Ұлттық Банкке байланыссыз себептер бойынша толыққанды іске асыру жүзеге асырылмаған кейбір бағыттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2014-2018 жж. арналған Стратегиялық жоспарында баяндалған Ұлттық Банк қызметінің негізгі стратегиялық бағыттары бойынша жоспарланған нысаналы индикаторлары мен міндеттерінің көрсеткіштерін жалпы алғанда орындады.

Әдебиеттер

1. ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы 11 Қараша 2014.
2. Ақша, несие, банктер / Г.С. Сейтқасымов. – Алматы: Каржы-каражат, 2001. – 411 б.
3. Деньги, кредит, банки / Под ред. О.И. Лаврушина. – М.: МАРТ, 2004. – 566 с.
4. Банки и банковские операции / Под ред. Е.Ф. Жукова. – М.: Высшая школа, 1997. – 670 с.
5. Банковское дело / Под ред. Колесникова. – М.: Высшая школа, 1996. – 259 с.
6. Деньги и платежи: сб. норм. актов Республики Казахстан: офиц. тексты по сост. на 1 сентября 2006.



Қ.Ж. Саркенов

Ғылыми жетекшісі: А.Ш. Жанболатова, э.ғ.м., аға оқытушы
ҚазАҚХСУ

«ЭКСПО-2017» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕСІ: МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕККЕ КӨЗҚАРАС

Кезекті «Экспо-2017» халықаралық көрмесін өткізетін ел мәртебесі Қазақстанның елордасы Астана қаласына бұйырғандығы 2012 ж. 22 қарашасында Францияның астанасы Париж қаласында өткен ХКБ-нің ЕХРО халықаралық бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясы барысында белгілі болды. Жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша ХКБ-ның 103 мүше-мемлекеті Астана қаласына дауыс берсе, біздің бәсекелесіміз бельгиялық Льеж қаласы 44 дауыс жинаған. Біздің елдің ұйымдастырушыларының тарапынан ұсынылған Future Energy, яғни Болашақ қуаты тақырыбы сарапшылардың көпшілігінің көңілінен шығып, «Экспо-2017» халықаралық көрмесінің тақырыбы ретінде қолдау тапты [1].

Қазақстан тарапынан барған ұйымдастырушылар Астанада өткізілетін «ЭКСПО-2017» көрмесінің басты тақырыбы ретінде «Болашақтың энергиясы» атты тақырыпты ұсыну себебі, ол ең алдымен, баламалы энергия көздерін дамытуды қоса алғанда, энергетикадағы сапалы өзгерістер жолы мен оны тасымалдау тәсілдерін іздестіруге бағытталғандығы болып табылады. Екіншіден, орнықты энергиямен жабдықтау осы күнде жаһандық көлемдегі негізгі мәселе болып саналады және оны шешу экономикалық өсімді қамтамасыз ету және қоршаған ортаға келер зиянды төмендетуге септігін тигізеді. Үшіншіден, Қазақстанның бұл тақырыпты таңдауының басты негізі – еліміздің дәстүрлі энергиялық ресурстардың елеулі қорына ие бола отырып, баламалы энергия көздерін пайдалану жөніндегі шараларды дәйекті түрде қабылдауда және «жасыл» экономика құру бағытын ұстанғандығы. ЭКСПО дегеніміз не? Оның бізге берер пайдасы қандай? Ол не

туралы болмақ? ЭКСПО – индустриализацияның символы. Техникалық жетістіктер мен техниканың өзін назарға салатын халықаралық көрме. «ЭКСПО» көрмелерінде әлемнің барлық мемлекеті өздерінің ең үздік технологиялық, ғылыми, мәдени жетістіктерін көрсетеді. Олар жаһандық дамудың жаңа күн тәртібін қалыптастырады. Мұндай іс-шараға барлық құрлықтың ондаған елінен миллиондаған адам қатысады. Бәсі биік бәсекеде Астананың жеңіп шығуы бекерден бекер емес. Оған бірнеше факторлар ықпал еткендігі аян: біріншіден, елордамыздың әлемдік-деңгейдегі шараны лайықты өткізе алатын орталық ретінде қалыптасқаны баршаға белгілі болды, екіншіден, таңдаудың Қазақстан пайдасына шешілуі мемлекетіміздің табыстары жоғары бағаланғанын білдіреді және Еуразия өңірінде-де оның даму келешегі кемел екенін айғақтай түседі, үшіншіден, біздің «Болашақтың энергиясы» атты өзекті тақырыпты ұсынуымыз жеңіске жетуімізге көмектесті. Көп жылғы тарихы бар «ЭКСПО» көрмесі техникалық және технологиялық жетістіктерді, сондай-ақ оған мүше елдердің тарихын, дәстүрі мен мәдениетін көрсету үшін өткізіледі. Бұл көрме бүкіл әлемдік қоғамдастықтың және оны тамашалаушы миллиондаған адамның назарын өзіне аударатын ірі оқиға болып саналады. Сонымен қатар, «ЭКСПО» көрмесі экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамудың жаңа үрдістерін қалыптастыру алаңы қызметін атқарады. Ең алғашқы ЭКСПО Англияның принці Альберттің ұсынысы бойынша 1851 ж. Гайдпаркте өткен болатын. Хрустальды сарайда орын алған ЭКСПО-ның тақырыбы: «Барлық ұлттардың өнеркәсіптік жұмыстарының ұлы көрмесі» болып аталды. Сенсеңіздер, дәл сол көрмеден кейін халықаралық аренада дизайн мектептері, туризм саласы және өндіріс өнері пайда болды. Осы көрме халықаралық сауданың жандануына септігін тигізді. Одан кейін 1855, 1878 жж. Парижде, 1939 ж. Нью-Йоркте, 1985 ж. Цукуба – Жапонияда, 1992 ж. Севилья – Италияда, 1998 ж. Лиссабон – Португалияда, 2000 ж. Шанхай – Қытайда ЭКСПО халықаралық көрмелері болып өткен. Астанадағы өтетін ЭКСПО-ның тақырыбы: «Болашақ энергиясы» болмақ. Көрмеге қатысушы мемлекеттер өздерінің энергия саласындағы техникалық жетістіктерімен барша жұртты тәнті етеді. Әсіресе, қазіргі таңда сұранысқа ие балама энергия көздерін алу мақсатындағы құрылғылармен таныстырады. Сарқылмайтын энергия көздеріне жататын: күн сәулесі, жел, жер асты сулары арқылы энергия алу болашақта адамзатқа қажетті ресурс түрі. Осыдан, көрменің тақырыбы көпшіліктің қызығушылықтарын тудырамы анық екені білінеді. ЕХРО-2017 ж. 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында өтеді. Халықаралық көрмеде әрбір мемлекет өздерінің павильондарын 25 га жер көлеміне салатын болады. Бұл көрмеге 5 млн астам адам келеді деп жоспарлануда. Әрбір келген адам 130 долл. ақша әкелетінін ескерсек, бізге түсетін пайда 520-910 млн-ға дейін жоспарлануда. Ал, енді бұл көрменің бізге қандай әлеуметтік тұрғыда, экономикалық тұрғыда пайдасы бар екен? Біртіндеп, жауабын қарастырайық. Біріншіден, еліміздегі техника саласының дамуы. Қазақстанда балама энергия көздерін пайдаланатын аймақтар бар. Мысалы, Алматы қаласының маңында жер асты ыстық сулары бар, Жоңғар қақпасынан жел энергиясын алуға болады және Байқоңырдың орналасу траекториясы күн энергиясын алуға қолайлы жер. Ендеше, болашақта энергиядан тапшылық көрмеу үшін «Болашақ энергиясы» атты көрменің бізге берері мол. Екіншіден, бізге түсетін, ақшалай пайда көрсеткіштерін жоғарыда жазған едім. Оны қуаттау үшін, өзге елдердің көрмеден алған пайдасын санап көрелік. 2000 ж. Шанхайда өткен көрмеден түскен пайда 12 млрд долл. болса, Ганноверде өткен көрменің пайдасы 350 млн еуроға жеткен. Біздің мемлекетке-де айтарлықтай пайданың болары айдан анық. Үшіншіден, өзге елдермен достық қатынастарымыз нығаяды. Оның көрсеткіші ретінде, қазіргі уақытта Қазақстан Германия мемлекетімен көрмеге дайындықты бастады. Германия бізге құрылыс саласында тәжірибелерімен бөлісуде. Бұл инициативаны немістер бастаған еді. Соның төңірегінде елімізде жаңадан жұмыс орындары ашылуда. Астана қаласында қонақүйлер салынуда. Бұл көрме аяқталғаннан кейін-де қонақүйлеріміз Қазақстанның «әмиянын» толтыратыны қуантады. Төртіншіден, көрме кезінде жастарымыздың көңілдері көтеріңкі болары анық. Неге десеңіз? Қазіргі таңда жастарымыз «Work and travel» бағдарламасы бойынша шетелге тіл үйренуге кетіп жатыр. Бұл бағдарламаға қыруар, ақша кететіні өкінішті. Ендеше, ЭКСПО уақытында тегін тәжірибеден өтуге мүмкіндік туады. Бесіншіден, ЭКСПО халықаралық көрмесі Қазақстанның мәртебесін күллі әлемге паш етеді. Халықаралық көрмелер бюросының штаб-пәтерінде Қазақстанның жеңісі бізге деген қызығушылықтың барын көрсетеді. Бельгияға 44 дауыс,

Қазақстанға 104 дауыстың берілгені халықаралық аренада үлкен қызығушылыққа ие екеніміз және өзіміздің мүмкіндіктерімізді көрсетудің алғашқы қадамы болды. ЭКСПО бізге не береді? Оның Қазақстан үшін қандай пайдасы бар? Елдің дамуындағы экономикалық тиімділігі қандай? Біріншіден, бұл еліміз үшін үлкен абырой болмақ. Ауқымы жағынан Олимпиада ойындары мен әлемдік футбол чемпионатынан кейінгі орында тұрған көрмені ТМД кеңістігінде тұңғыш рет Қазақстан өткізгелі тұр. Бұл бізге берілген сенім квотасы һәм Елбасының дәрежесін сыйлау болса керек. Әрі сыртқы саясаттағы табысымыз бен елді біріктіріп, тұтастыра түсетін уақыттық нышан. Екіншіден, Астанаға 3 айдың ішінде 5 млн үстінде адам келеді деп күтіліп отыр. Бұл миллиондардың ішінде инвесторлар да, туристер-де, журналистер-де болады. Демек, Қазақстанға қараттық шу, туристік қызығушылық һәм инвестициялық климат жағынан болсын, бұл көрме әбден тиімді. Үшіншіден, көрме Астананың инфрақұрылымына үлкен серпіліс әкеледі. Жаңа қонақүйлер салынады, жаңа жұмыс орындары ашылады, жеңіл рельсті трамвай жолдары салынып, сауда-саттық дамиды. Шағын және орта бизнес өркендейді. Және бұл көрме елдегі новаторлық рухты жанудың, ғылымға ұмтылуға құлшыныс берудің таптырмас тетігі. Төртіншіден, Астана көрмесінің бас тақырыбы – «Болашақ қуаты». Жасыл технологияларды дамыту, балама қуат көздерін табу мәселесі өзекті боп тұрған заманда 2017 ж. көрме талай бастаманы іске асыру кілтіне айналады. Мысалы, 1939 ж. Нью Йоркте өткен әлемдік көрмеде Рузвельттің телеэкранда пайда болып, жиналғандарды таң қалдыруымен әлемде телевидение өрістей бастады. Ал Эдисонның фонографы үшінші Париж көрмесінде танымал болып кетті. Ендеше, Астана көрмесінде-де жаңа технологиялар мен ғылыми жетістіктердің бағы жанып кетеді деп білеміз. Бесіншіден, ЭКСПО-ны өткізу тарихына қарасаңыз, үлкен көрмелердің құрметіне әр ел өзінің техникалық мүмкіндігін паш ету үшін сәулет туындыларын салуға тырысқан. Мысалы, алғашқы ЭКСПО-дан Лондонда Хрусталь сарайы қалған еді, ол 1936 ж. өртке оранып кетті. Парижде Эйфель мұнарасы, Брюссельде Атомиум, Монреальда Хабибат деген ерекше тұрғын үй кешені тұрғызылғанын тағы білесіздер. Ендеше, Астана көрмесінде-де сәулет тарихына ұялмай кіретін туындылар салынады деп сенейік. Алтыншыдан, көрме өтіп біткен соң қалған павильондардың біразы ғылыми зертханалар, ғылыми орталықтар, зерттеу институттары ретінде қолданылады. Бұл туралы Сыртқы істер министрінің орынбасары Р. Жошыбаев мәлімдеген болатын. Бұл павильондардың негізінде «Зерттеу орталығы» құрылып, оны «Назарбаев университеті» АҚ-ына бекітіп береді [2].

«Елдің дамуының «жасыл» жолына көшуіне Астанадағы алда тұрған «ЭКСПО-2017» қуатты серпіліс беруі тиіс. Астанада ғылым мен техниканың үздік әлемдік жетістіктері ұсынылатын болады. Көптеген қазақстандықтар біз қол созып отырған «болашақтың энергиясын» өз көзімен көре алады» деді Елбасымыз «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында [3].

Энергия – бұл адамзат тіршілігінің дамуына жағдай жасаушы және ынталандырушы бірден-бір табиғи қайнар көз. Энергия социумдар үлгісінің сақталуын қамтамасыз етеді, ол көптеген аспектілерді біріктіретін ұғым ретінде бүкіл әлем мен адамзатқа тікелей қатысты қызықты сауалдарды туындатады. Қоғамның энергия көздеріне қол жеткізуі олардың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тұрақты дамуының нақты жағдайларын тікелей түрде анықтайды. Технология саласындағы әр түрлі қуат көздерін оңтайландырумен байланысты ғылыми зерттеулер мен жетістіктер қоғамдастықтардың функционалды тәсілдерін анықтап, энергетиканың тұрақты даму болашағын қалыптастырады. Елді индустриялық-инновациялық дамытудың және Астанада «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу жоспарының аясында жаңаша сипат алған «Жасыл экономиканы» игерудегі алғашқы қадамдар жасалды. Елбасы Қазақстан Республикасының Үкіметіне «жасыл» экономикаға көшу стратегиясын дайындауды тапсырды. Премьер-министрдің өкімімен стратегияны әзірлеу үшін жұмыс тобы құрылды. Оның құрамында барлық мемлекеттік және жергілікті органдардың, ұлттық холдингтердің, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың өкілдері бар. Стратегияның негізгі әзірлеушісі болып «Назарбаев университеті» ұсынылды. Сондай-ақ, бас кеңесші ретінде халықаралық McKinsey компаниясы таңдалды. Бұл компания осыған ұқсас зерттеулерді басқа елдерде-де жүргізген. Стратегияны дайындау жұмыстары 3 кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде, Қазақстан экономикасы жан-жақты зерттеледі

және «жасыл» экономикаға не үшін көшу керек деген сұраққа жауап беріліп оның қорытындылары өткен жылдың желтоқсанында жұмыс тобына ұсынылды. Қазір мамандар Стратегияны даярлауға көшті және жол картасын дайындап жатыр. Екінші кезеңнің жұмыстары сәуір айында аяқталады деп күтілуде [4].

Осы ретте, «жасыл экономика» ұғымына түсінік бере кетелік. Алғашқы рет «жасыл» экономика термині «жасыл экономика жобасы» (Blueprint for a Green Economy, Pearce et al, 1989) жұмысында қолданылды. Адамдардың өмір сүруі мен дамуы үшін «жасыл» экономикаға көшуді қажет етеді, яғни бұл болашақ ұрпақтарды экологиялық тәуекелдер мен экологиялық тапшылықтарға апармай, өндірістермен байланыстарды, экономикалық қызмет түрлерінің жүйесіне келтіріп, адамдардың әл-ауқатының көтерілуіне алып келуі керек. «Жасыл» экономика – бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика. «Жасыл» экономика бірінші кезекте, қазіргі уақытта сарқылуға ұшыраған (пайдалы қазбалар – мұнай, газ) ресурстарды үнемді тұтынуға, және сарқылмайтын ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған. Жасыл экономиканың негізінде – таза немесе «жасыл» технологиялар жатыр. Мамандардың айтуы бойынша «жасыл» экономиканы дамыту, көптеген постиндустриалды елдерде өзінің ауқымымен қозғаған экологиялық дағдарысты біздің елде болдырмауға мүмкіндік береді. «Жасыл» экономикаға ауысу барынша үлкен танымалдыққа ие болып келеді және ауқымды қызығушылық тудырады. «Жасыл» экономика бірінші кезекте экономикалық прогреске жағдай жасайды және мыналарды қамтамасыз етеді: ішкі жалпы өнімнің өсімі, елдің табыстарын ұлғайту, елдегі жұмыссыздық көрсеткіштерін азайта отырып, халық үшін жұмыс орындарын құру. Бұл жерде «жасыл» экономикаға ауысу климаттың өзгеруі, пайдалы қазбалардың сарқылуы және су ресурстарының тапшылығы сияқты жаһандық қауіптен тәуекелдерді төмендетеді. «Жасыл» экономиканы дамыту бағдарламасы аясында Қазақстан экономиканың 10 шешуші секторына құралдарды инвестициялауды жоспарлайды: ауыл шаруашылығы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, энергетика, балық аулау, орман шаруашылығы өнеркәсіп, туризм, көлік, қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу, су қорларын басқару [5].

Сонымен қатар «Жасыл» экономиканы дамытудың жеті негізгі бағыттары айқындалды: Бірінші бағыт – жаңартылатын энергия көздерін енгізу. Мұнда пайдалы қазбаларды ары қарай сақтау туралы мәселе орасан ауқымға ие болады. Біздің мемлекет табиғи қорлары өте бай ел ретінде танылған. Мұнай, газ – бүкіл дүние жүзінде ең ірі энергетикалық қорлардың бірі ретінде сыныпталады, бірақ тіпті олардың өзі уақыты келгенде сарқылады, демек өмір үшін жаңа ресурстар табу қажет. Бұл ретте Қазақстанның жақсы экожүйеге, жер қыртысына және орманға ие болуы айғағы басқа елдер алдындағы өзінің ұстанымын айтарлықтай арттырады. Екінші бағыт – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы энергия тиімділігі. Бұл қалалық тұрғын үй қорының маңызды бөлігі кеңестік дәуірден кейінгі уақытта салынғандықтан, тұрғын үй кешендерінің көпшілігі тиімсіз жылу изоляциялық құрылымдармен және жылумен қамтамасыз ету жүйелерімен жабдықталған, ол маңызды жылу шығындарына алып келеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда жылумен қамтамасыз ету аспаптарының жұмысының істен шығуы саласындағы іс-шараларды жүзеге асыратын энергия сервистік компаниялары әрекет етеді. Үшінші бағыт – ауыл шаруашылығындағы органикалық егін шаруашылығы. Бірінші кезекте бағыттың аталмыш түрі әр түрлі азық қоспаларынан, синтетикалық тыңайту өнімдерінен (пестицидтерден) бас тартуды қарастырады. Дақылдық өсімдіктердің шығымдылығын, өсуін қамтамасыз ету үшін органикалық тыңайтқыштарды пайдалану туралы сөз болып отыр. Ауыл шаруашылығын «көгалдандыру» табиғи қорларға зиян келтірместен, халыққа азық-түлікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазақстан мынадай бағыттар бойынша әрекет етуді жоспарлайды: жердің құнарлылығын басқару, суды тиімді пайдалану, өсімдіктер және жануарлар денсаулығын басқару, фермаларды механикаландыру. Төртінші бағыт – қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру. Қалдықтарды басқару мәселесі ерекше танымалдылыққа ие болды. Лас көшелер, үйінділер және қандай да бір болып жатқанға бақылаудың жоқтығын жиі кездестіресіз. Қалыптасқан жағдайларға байланысты қалдықтарды өндірістік өнімнің қайталама өнімі ретінде пайдалану ұсынылған. Бесінші бағыт – су қорларын басқару жүйелерін жетілдіру. Су адамзаттың өмір сүруін және экожүйелердің тұтастығын қамтамасыз етудің шешуші табиғи құрылымы

болып қала береді. Осыған байланысты су қорларын тиімді пайдалану орасан ауқымға ие болатын мәселе болып қала береді. Алтыншы бағыт – «таза» көлікті дамыту. Қазақстандағы тасымалдардың көпшілігі дизельде/бензинде жүргізіледі. Қазіргі уақытта тасымалдардың басым бөлігі бензин (дизель) негізінде жүзеге асырылады. Бірінші кезекте бұл парник газдарының жоғары шығарындыларына жағдай жасайды. Жетінші бағыт – экожүйелерді сақтау және тиімді басқару. Осы бағыттағы қызмет басты түрде біздің елдің бірегей табиғат байлығын сақтауға бағытталған. Жалпы алғанда, «Жасыл» экономика – Қазақстан қабылдаған халықаралық міндеттемелерге сәйкес және болашақ ұрпақтың мүддесі үшін табиғи шикізат қорларын тиімді және рационалды қолдану арқылы тұрғындардың әл-ауқатының артуына жеткізетін табысты экономика. Электр және жылу энергиясының генерациясы, газ өндіру, су ресурстарын пайдалану, ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту, өнеркәсіп қалдықтарын басқару мен тұтыну, көлік және жол инфрақұрылымы «жасыл» экономиканың негізгі секторлары болып саналады. Қазақстан күн және жел энергетикасын дамытуға қолайлы елдердің бірі болып табылады. Жел энергетикасының тиімділі еуропалық одақ елдерімен салыстырғанда екі есе тиімді. Күн энергетикасы жөнінен әлемнің ең үздік аймақтарымен теңдесе алады. «Жасыл» экономикаға көшу тиімділігінің бірнеше факторы бар. Халықаралық сараптама бойынша, жасыл жобаларға салынған инвестицияның 2/3-і өзін-өзі, ақтаса, 1/3-і бес жыл көлемінде шығынсыз-деңгейге қол жеткізеді. Энергия тиімділігінің артуына қарай инвестицияның тиімділігі 50% құрайды, оның өзін-өзі, ақтау мерзімі екі жылға созылады. «Жасыл» экономикаға салынған инвестиция активтердің жылдам өсіп келе жатқан санатына кіреді. Мысалы, жаңғыртпалы энергия көздеріне салынған халықаралық инвестициялар көлемі жағынан қазба байлықтары инвестицияларының көлеміне жақындайды. Табиғи кеніш көздері сарқылып, қоршаған ортаның ластануынан адам денсаулығының нашарлауы күрт өсті. Бүкіл әлемдік қауымдастық осыған алаңдаулы. «Жасыл» экономика бұл күрделі сұрақтардың басты шешімі болып табылады.

Жұмысымызды қортындылай отырып мыналарды ұсынамыз:

- еліміздегі техника саласының дамуы. Қазақстанда балама энергия көздерін тиімді пайдалану;
- бұл еліміз үшін үлкен абырой болмақ, ауқымы жағынан Олимпиада ойындары мен әлемдік футбол чемпионатынан кейінгі орында тұрған көрмені ТМД кеңістігінде тұңғыш рет Қазақстанда өткізілуі;

- Қазақстанға ақпараттық шу, туристік қызығушылық һәм инвестициялық климат жағынан жақсарту;

- Астананың инфрақұрылымына үлкен серпіліс әкеледі, жаңа қонақүйлер салынады, жаңа жұмыс орындары ашылады, жеңіл рельсті трамвай жолдары салынып, сауда-саттық дамиды, Шағын және орта бизнес өркендейді, және бұл көрме елдегі новаторлық рухты жандандырудың, ғылымға ұмтылуға құлшыныс беру;

- Астана көрмесінің бас тақырыбы – «Болашақ қуаты», жасыл технологияларды дамыту, балама қуат көздерін табу мәселесі өзекті боп тұрған заманда 2017 ж. көрме талай бастаманы іске асыру кілтіне айналары анық.

Оны дамыту арқылы зиянды қалдықтардың ауаға таралуын қысқарту, табиғи қорларды үнемдеп тұтыну, энергия тиімділігін арттыруға қол жеткіземіз. Жаңа экономиканың стратегиясы табиғи технологиялардың дамуына инвестицияларды тартып, ел экономикасын жаңа белеске жеткізеді. Экологияға бағытталған жасыл экономиканың жарқын болашағы бар. Демек, 2017 ж. отанымыздың жүрегі Астана қаласында өткізілетін ЭКСПО-17 халықаралық көрмесінде «жасыл экономиканың» негізінде жасалған, болашақтың балама энергия көздеріне арналған ірі жобаларымыз бен ұсынатын қомақты дүниелеріміздің қатары көбейе бермек.

Әдебеттер

1. ҚР Президентінің баспасөз қызметінің мәлімдемесі. – Париж, 22 қараша, 2012 ж.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауы. – Астана, 14 желтоқсан, 2012 ж.
3. Ғаламтор ресурстары.

4. Навстречу «зеленой» экономике: пути к устойчивому развитию и искоренению бедности // Обобщающий доклад для представителей властных структур. – ЮНЕП, 2011. – 52 с.
5. ҚР Президентінің ресми сайты. – Астанадағы ЕХРО-2017.
6. ҚР Президентінің төрағалығымен ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесіне дайындық және оны өткізу мәселелері жөнінде кеңес.



А. Стамкулов

*Научный руководитель: А.А. Мусина, д.э.н., доцент
КазУЭФМТ*

ДЕПОЗИТНАЯ ПОЛИТИКА БВУ: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

Специфика банковского учреждения как одного из видов коммерческого предприятия состоит в том, что подавляющая часть его ресурсов формируется не за счет собственных, а за счет привлеченных средств. Возможности банков в привлечении средств не безграничны и регламентированы со стороны центрального банка.

Важнейшей составляющей всей банковской политики является политика формирования ресурсной базы. Формирование ресурсной базы в процессе осуществления банком пассивных операций исторически играло первичную и определяющую роль по отношению к его активным операциям.

Основная часть банковских ресурсов, как известно, образуется в процессе проведения депозитных операций банка, от эффективной и правильной организации которых зависит, в конечном счете, устойчивость функционирования любой кредитной организации. В связи с этим вопросы наращивания ресурсного потенциала и обеспечения его стабильности посредством эффективного управления пассивами приобретают особую остроту и актуальность.

Следует отметить, что вопросам формирования депозитной политики в нашей стране уделяется достаточно большое внимание. Это связано с тем, что спрос на банковские депозиты в настоящее время растет, что вызвано исчезновением таких источников средств, как межбанковские кредиты и внешние займы. Ситуация на депозитном рынке обострилась в последние годы вследствие причин, обусловивших рост инвалютных депозитов, что также определяет важность проблем дальнейшего развития депозитной политики.

Цель данной работы – исследовать сущность депозитной политики, показать основные проблемы и попытаться сформулировать пути их решения.

Депозитная политика коммерческого банка представляет собой политику по привлечению денежных средств вкладчиков в депозиты и эффективному управлению процессом привлечения. Депозитная политика банка является основным документом, регламентирующим в коммерческих банках процесс привлечения временно свободных денежных средств, предприятий, организаций и населения в различного рода депозиты [1].

Рассматривая депозитную политику банка как один из элементов банковской политики, необходимо исходить из того, что основной целью депозитной политики является привлечение как можно большего объема денежных ресурсов по наименьшей цене. В рамках депозитной политики банк определяет виды депозитов, предельные сроки хранения, основные правила совершения операций и другие условия.

Основными элементами депозитной политики являются:

- определение целей и задач банка в данной области;
- определение оптимального сочетания различных видов вклада и предельных сроков их хранения;

- разработка правил совершения операций по вкладам;
- разработка правил открытия и закрытия счетов по вкладам;
- определение режима пользования счетом.

Наиболее важным элементом депозитной политики является определение оптимального сочетания различных видов вкладов, предельных сроков их хранения и режима пользования счетом. Каждый коммерческий банк определяет, какие виды вкладов наиболее выгодны для него. Установление предельных сроков хранения увязывается со сроками кредитования. При разработке режима пользования счетом определяют, предполагает ли он дополнительные взносы [2].

В рамках осуществления депозитной политики банк должен проводить различные рекламные мероприятия, разрабатывать спектр дополнительных услуг. Депозитная политика должна тесно увязываться с кредитной политикой банка. Депозитная политика дает банкам возможность эффективно образовывать и налаживать отношения с вкладчиками, также вести деятельность с целью вовлечения денежных активов на депозитные счета. При выработке депозитной политики банк должен рассматривать интересы разных вкладчиков: юридических и физических лиц. Совершенствуя депозитные операции, коммерческий банк должен рассматривать потребности клиентов в сервисе банка, при этом должен помнить о своих собственных потребностях.

В мировой банковской практике под депозитами обычно понимают записи в банковских книгах, свидетельствующие о наличии определенных требований клиентов к банку, или же денежные средства, которые клиенты депонируют в банке на основе соглашений, договоров и обязательств по депонированию, предусмотренных законом. Наиболее часто в качестве критерия депозитов выступают категория вкладчика и формы изъятия вклада. Основной проблемой, стоящей на пути реализации депозитной политики, является недостаточный уровень доверия к банковскому сектору, как со стороны институциональных инвесторов, так и со стороны населения [3].

Депозитный рынок Республики Казахстан является одним из главных элементов финансового рынка государства. Одним из направлений совершенствования управления депозитным рынком может стать реализация со стороны государства и субъектов банковской системы активной депозитной политики, которая должна быть направлена на построение отношений нового типа, которые будут способны обеспечить устойчивость депозитного рынка. Привлечение вкладов кроме увеличения прибыли банка выполняет еще несколько важных функций в эффективной деятельности банков второго уровня: поддержание необходимого уровня банковской ликвидности; проведение гибкой процентной политики; развитие банковских услуг и повышение качества и культуры обслуживания клиентов.

На развитие депозитного рынка оказывает воздействие множество факторов, как финансового, так и нефинансового характера. Большинство казахстанцев продолжает хранить сбережения в наличной форме, предпочитают инвестиции в недвижимость. Достаточно высокий уровень теневого бизнеса также является одной из причин низких темпов роста объемов депозитов юридических лиц.

При чрезмерно жесткой кредитной политике коммерческого банка снижаются объемы выданных кредитов, снижая прибыльность привлеченных депозитов. Возникают вопросы, какой должна быть депозитная политика банка, какие факторы необходимо учитывать при формировании депозитной политики, насколько депозитная политика должна быть мобильна и др.

Формирование депозитной базы любого коммерческого банка – это процесс сложный и трудоемкий, оно связано с большим количеством проблем как субъективного, так и объективного характера. Рассмотрим эти проблемы подробнее.

По мнению отдельных авторов, к субъективным относятся следующие проблемы:

- масштабы деятельности и слабая капитальная база казахстанских коммерческих банков;
- отсутствие заинтересованности руководства банка в привлечении средств клиентов, особенно населения, что продиктовано тактическими и стратегическими целями и задачами банка;
- недостаточный уровень и качество высшего и среднего менеджмента;
- отсутствие в большинстве банков научно-обоснованной концепции проведения депозитной политики;
- ограниченный спектр предлагаемых депозитных услуг и так далее [4].

Объективные факторы:

- прямое и косвенное воздействие государства и государственных органов на коммерческие банки;
- влияние макроэкономики, воздействие мировых финансовых рынков на состояние казахстанского денежного рынка;
- межбанковская конкуренция;
- состояние денежного и финансового рынка Казахстана.

Нельзя не сказать о том, что процесс формирования депозитной политики тесно взаимосвязан с проведением банком процентной политики, т.к. депозитный процент является эффективным инструментом в области привлечения ресурсов. Во времена государственного регулирования предельные нормы процента устанавливались в законодательном порядке в соответствии со срочностью вклада, а теперь банки могут самостоятельно устанавливать конкурентоспособные процентные ставки, ориентируясь на ставку рефинансирования НБ РК, состояние денежного рынка и исходя из собственной депозитной политики. По отдельным видам депозитных счетов величина доходов определяется сроком вклада, суммой, спецификой функционирования счета, объемом и характером сопутствующих услуг и зависит от соблюдения клиентом условий вклада.

С 2012 г. депозиты из года в год увеличиваются. Самое большое увеличение портфеля депозитов юрлиц за год (с января 2015 г. по январь 2016 г.) показали АО Казкоммерцбанк, АО Народный банк и АО Цеснабанк, которые занимают наибольшие доли в сегменте.

Сбережения и текущие счета вкладчиков-юрлиц в Казкоме выросли на 762,3 млрд тенге, или на 61,8%. В результате доля банка на рынке корпоративных вкладов увеличилась на 3,6%, до 22,1%.

Корпоративные вклады в Народном банке за год приросли 401,4 млрд тенге (+50,3%). Доля банка в сегменте увеличилась на 1,3%, до 13,3%.

Объем депозитного портфеля юрлиц в Цеснабанке увеличился на 228,1 млрд тенге, или на 32,9%. Доля банка на рынке корпоративных вкладов составила 10,2%, что на 0,2% меньше, чем годом ранее.

На конец января 2016 г. совокупный объем корпоративных вкладов в БВУ составил 9,0 трлн тенге, что на 35%, или на 2,4 трлн тенге больше суммы депозитного портфеля юрлиц годом ранее. Столь резкий рост в значительной степени обусловлен переоценкой вкладов, номинированных в иностранной валюте. Вместе с тем, указанный темп роста уступает уровню увеличения совокупного объема розничных вкладов, как в абсолютном выражении, так и в относительном.

Общая сумма вкладов населения за 2015/01-2016/01 увеличилась на 66%, или на 2,9 трлн тенге. Таким образом, розничные клиенты БВУ нарастили свои вклады на 491,5 млрд тенге больше, чем корпоративные [5].

Таблица. Структура депозитов БВУ РК, %*

Показатели	01.01.15 г.	01.01.16 г.
1	2	3
Всего депозитов	100	100
в т.ч.:		
В национальной валюте:	44	30,1
– небанковских юридических лиц;	31,9	21,6
– физических лиц.	12,1	8,5
В иностранной валюте:	56	69,9
– небанковских юридических лиц;	30,3	35,4
– физических лиц.	25,7	34,5
Из общей суммы депозитов:		
– небанковских юридических лиц;	62,2	57
– физических лиц.	37,8	43

1	2	3
Переводимые депозиты		
В национальной валюте:	15,5	10,9
– небанковских юридических лиц;	12,7	8,8
– физических лиц.	2,8	2,1
Другие депозиты		
В национальной валюте:	28,5	19,3
– небанковских юридических лиц;	19,2	12,8
– физических лиц.	9,3	6,5
Переводимые депозиты		
В иностранной валюте:	14	14,6
– небанковских юридических лиц;	13,3	13,6
– физических лиц.	0,7	1
Другие депозиты		
В инвалюте:	42	55,2
– небанковских юридических лиц;	17	21,8
– физических лиц.	25	33,4

**Составлена автором [6]*

По данным таблицы 1 можно сделать ряд выводов об изменении структуры депозитов БВУ РК за 2015 г.

1) За год снизилась доля депозитов в нацвалюте с 44% до 30,1%, в т.ч. по юр. лицам на 10,3% (с 31,9% до 21,6%), по физ. лицам на 3,6% (с 12,1% до 8,5%).

2) Соотношение между удельным весом депозитов юр.лиц и физ.лиц сохраняется в пользу юр.лиц, в то же время заметно некоторое снижение доли депозитов юр. лиц (с 62,2% до 57%) и увеличение доли физ.лиц (с 37,8% до 43%). Можно предположить, что активность физ.лиц была выше.

3) По видам депозитов основной удельный вес занимают другие депозиты в иностранной валюте (срочные и сберегательные), причем их доля за 2015 г. выросла на 13,2%. За этот же период незначительно возросла доля переводимых депозитов в иностранной валюте (на 0,6%). Одновременно снизилась доля депозитов в национальной валюте, что подтверждает возросший интерес вкладчиков к иностранным валютным вкладам в связи с событиями девальвации

Таким образом, перед коммерческими банками Казахстана стоит ряд задач, требующих совершенствования процесса формирования депозитного портфеля, прежде всего путем обеспечения притока в банк более стабильных ресурсов и ориентации на снижение доли депозитов в иностранной валюте. Укрепление депозитной базы очень важно для банков. За счет увеличения общего объема вкладов и расширения круга вкладчиков юридических лиц и физических лиц, можно улучшить организацию депозитных операций и систему стимулирования привлечения вкладов.

Для укрепления депозитной базы и расширения ресурсного потенциала банку предлагается:

- расширять перечень существующих вкладов, ориентируясь на различные слои населения с разным уровнем доходов;
- принять меры по минимизации негативного влияния роста инвалютных депозитов;
- ввести новые услуги для клиентов, повышающих привлекательность депозитов;
- активизировать рекламную деятельность банка;
- проводить разъяснительную работу и меры повышения финансовой грамотности населения в части правил привлечения и использования депозитных ресурсов.

Литература

1. Деньги. Кредит. Банки: Учебник / Под ред. Г. Н. Белоглазовой. – М.: Высшее образование, 2009.
2. Эльясон Л.С. Деньги, банки и банковские операции. – М.: Юнити-Дана, 2003.
3. Долан Э.Дж., Кэмпбелл К.Д., Кэмпбелл Р.Д. Деньги, банковское дело и денежно-кредитная политики. – М.: Экономика, 2004.

4. Калиева Г.Т. Коммерческие банки в Казахстане и проблемы обеспечения их устойчивости: Автореферат. – Алматы, 2002.
5. Проект по мониторингу экономики Казахстана в формате рэнкингов // <http://ranking.kz>
6. Денежно-кредитная статистика // <http://www.nationalbank.kz/>



Қ.М. Сулейменова

Ғылыми жетекшісі: Т.М. Үсенбаев, э.ғ.к.

ҚазЭҚХСҮ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИПОТЕКАЛЫҚ НЕСИЕЛЕУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ МЕН ОНЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Көптеген елдерде халықты баспанамен қамтамасыз етуде ипотекалық несиелендірудің маңызы зор. Табыстары шағын болғанымен, оны тұрақты алатын азаматтар үшін тұрғын жайды меншікке сатып алуға жағдай жасаумен қатар, ипотекалық несиелендіру жүйесі құрылыс саласына инвестициялар тартуға мүмкіндік береді.

Тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың жаңа жүйесін дамыту үшін көптеген жағдайларда тұрақты алғышарттар бар деп айтуға болады. Әрине, ең алдымен, бұл тұрғын үйге мұқтаж азаматтар санының ұлғаюы, бұған бір жақтан ескі тұрғын үйлердің тозуы да септігін тигізуде.

Соңғы жылдары орын алып отырған оңтайлы жағдайдың бірі болып, халықтың жинақ қаражаты деңгейінің өсуін жатқызуға болады. Алайда, ол жинақтар тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың көбіне тұрғын үйдің құнын біржола толығымен төлеуге мүмкіндік бермейді. Осыған орай, ипотекалық несиелерге деген сұраныста арта түсуде.

«Ипотека» деген ұғым бізге қайдан келді, оны қалай түсінуімізге болады? Жалпы ипотека дегеніміз не? деген сұрақтарға жауап берейік.

Ипотека дегеніміз – жылжымайтын мүліктерді, тұрғын үй құрылыс ғимараттарын, жерді кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін ақшалай кредитті айтамыз. Қазақстанда 2001 ж. бастап халықаралық стандарттарды ескере отырып жасалған ипотекалық несиелеу жүйесі енгізілген. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында АҚШ, Германия және Малайзия мемлекеттерінің тәжірибесін ескере отырып, жасалынған тұрғын үй ипотекалық несиелеу жүйесі қызмет етуде. Аталған жүйе бойынша тұрғын үй ипотекалық несиелерін берушілер екі деңгейден тұрады:

– бірінші деңгейде – алғашқы тұрғын үй ипотекалық несиесін берушілер, соның ішінде: банктер мен банктік емес ұйымдар;

– екінші деңгейде – алғашқы тұрғын үй ипотекалық несиесін берушілердің берген несиелері бойынша талаптарын және кепілқұқықтарын сатып алуды жүзеге асыратын, қайта қаржыландырушы ұйымдар.

Ипотекалық несие берудің басты мақсаты – азаматтардың меншікті қаражаттары мен ұзақ мерзімді ипотекалық несиенің есебінен монополиядан арылған тұрғын үй нарығында тұрғын үй сатып алудың нарықтық қағидаттарына негізделген, орташа табысы бар азаматтарды шамасы жетерлік баға бойынша, тұрғын үймен қамтамасыз етудің тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру болып табылады.

Ипотекалық несиелендірудің мәселелері:

- ипотекалық несие арқылы тұрғын үй сатып алумен байланысты келісімшарттың мемлекеттік тіркеудің тым ұзақтығы және қымбаттылығы т.б.;
- салық жүйесінің қатаңдығы, салық мөлшерлемесінің жоғары болуы;
- кірістердің өсуі;
- жаппай тұрғын үй құрылысының жоқтығы;

- халықтың миграциясы;
- жылжымайтын мүлікке сұраныстың өсуі және бағаның өсуі.

Елдегі ипотекалық несиелендірудің дамуы нәтижесінде ипотекалық несиелендірудің негізгі өлшемдері азаю жағына қарай өзгерістерге ұшырады. Мысалы: 2012 ж. екінші деңгейдегі банктердегі сыйақы мөлшерлемері жылына шамамен 10-15%-ды құраса, ал 2015 ж. жарна мөлшері жылына 16-41%-ды, орта есеппен 6-26%-дық деңге өскендігін байқаймыз.

Алайда, ипотекалық несиелендіру жүйесінің осындай дамуы кезінің өзінде қызметтер көрсетудің бұл түрі Қазақстан Республикасы азаматтарының аз санатына ғана қол жетімді болды. Негізгі себептердің бірі – халықта сыйақы төлеу мен бастапқы жарна үшін жергілікті қаражаттың жоқтығы. Осыған байланысты «Қазақстандық ипотекалық компания» ЖАҚ құрылды. Олар ақша нарағында ұзақ мерзімдік ресурстар тартуды жүзеге асырады және ол ақшаны банктерден халыққа баспананы сатып алуға, жөндеу немесе құрылыс жұмыстарына берілген ипотекалық несиелер бойынша кері талап құқығын сатып алуға бағыттайды, сол арқылы банктерді қайта қаржыландыруды жүзеге асырады және 2-ші деңгейдегі отандық банктердің ипотекалық несиелендіру саласындағы қызметі өрісін кеңейтеді. Компанияның бағдарламасы бойынша жұмыс істей отырып, банктер Қазақстан Республикасының азаматтарына ұлттық валютада несиелерді ұзақ мерзімге беруге мүмкіндік алды.

Тұрғын үй нарығында өз қызметін дамыта отырып, Қазақстандық Ипотекалық Компания 2005 ж. бастап оны республиканың барлық аумақтарына таратты. Компанияның аумақтық өкілдері тұрғындарға ипотекалық несиелендірудің тәртібі мен талаптарын түсіндіріп, серіктес-банктер филиалдарының уәкіл мүшелері және өкілдерімен бірге тығыз байланыс жасайды, бұл тек қана республиканың орталығында ғана емес, сонымен бірге Қазақстанның барлық аумағында ипотекалық несиелендірудің дамуына әсерін тигізеді.

2015 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 169,5 млрд теңге, бұл жыл басында көрсеткіштен 15,9 млрд теңгеге немесе 10,4%-ға көп.

Жыл басымен салыстырғанда ағымдағы шоттардың 12 есеге және басқа банктерде орналасқан салымдардың 23,4% ұлғаюы, сондай-ақ берілген қарыздардың 8,8%-ға азаюы және бағалы қағаздар портфелінің мөлшері 1,5%-ға ұлғаюы байқалады.

Ипотекалық ұйымдардың активтері құрылымының маңызды үлесін клиенттердің қарызы – 52,6% (89,1 млрд тг.), басқа банктерге орналастырылған салымдар – 18,3% (31,1 млрд тг.), бағалы қағаздар – 12,2% (20,6 млрд тг.) құрады. Оны төмендегі 1-сурет байқауға болады.




2015 ж.1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі 89,1 млрд теңге болды, бұл 2014 ж. басында құралған көрсеткіштен 8,6 млрд теңгеге немесе 8,8%-ға аз.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі ең көп үлеске «Қазақстан ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ берген кредиттері ие болды – 99,5%.

Есепті күнге құрылған провизиялар 3,4 млрд теңгені құрады (ипотекалық ұйымдардың несие портфеліндегі құрылған провизиялардың үлес салмағы 3,8%).

2-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының несие портфелінің құрылымы



2014 ж. басындағы деректермен салыстырғанда ипотекалық ұйым міндеттемелерінің жиынтықты мөлшері 0,1 млрд теңге немесе 0,1%-ға көбейді және 2015 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша 122,5 млрд теңге болды.

Жылдың басындағы деректермен салыстырғанда басқа кредиторлар бойынша міндеттемелердің 57,1%-ға, айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша 4,1%-ға ұлғаюы байқалды.

Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында шығарылған облигациялар түріндегі міндеттемелер (61,7%) басым болады.

3-кесте. ҚР ипотекалық ұйымдарының жиынтықты міндеттемелерінің құрылымы

ҚР ипотекалық ұйымдарының	01.01.2014 г.		01.01.2015 г.		Өсімі, %-бен
	млрд теңге	жиынтығында, %	млрд теңге	жиынтығында, %	
Алынған қарыздар	28,3	23,1%	28,6	23,3%	1,1%
Айналысқа жіберілген бағалы қағаздар	78,8	64,3%	75,6	61,7%	-4,1%
Басқа кредиторлар	4,2	3,4%	6,6	5,4%	57,1%
Басқа міндеттемелер	11,3	9,2%	11,7	9,6%	3,5%
Барлық міндеттемелер	122,6	100,0	122,5	100,0	-0,1%

Экономикалық категория ретінде, несие – кәсіпорындар, ұйымдар және бірлестіктер, сондай-ақ халық арасындағы несие қорын құру және олардың қайтарылуы, пайыз төлеу шартында белгілі бір мерзімге уақытша пайдалануға беру негізінде қалыптасқан өндірістік қатынастар жиынтығы. Экономикасын жоғарғы деңгейге көтеру үшін және экономикасын дамыту үшін ең қолайлы және қажетті элементтің бірі болып саналады. Егер Қазақстан өз ипотекалық несиелеу жүйесін халыққа ыңғайлы етіп жасар болса, ол дамыған елдерінің қатарына шығады және халықтың жағдайын жақсартады, жұмыссыздықты азайтады, жеке меншік елдің пайдасына өз үлесін қосады және экономикасын жоғарғы деңгейге көтерілуіне әсерін тигізеді.

2005-2007 жж. арналған Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысын дамытудың Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, Тұрғын үй құрылысы Қазақстанның дамуында басты бағыттарының біріне айналуға. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2007 ж. 23 ақпандағы Парламенттегі «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына дәстүрлі жолдауында: «Нарықтық жағдайда әлеуметтіксаланы дамыту үшін тұрғын үй сатып алу мәселесі мен жылжымайтын мүлік нарығының дамуы өте маңызды... Тұрғын үй құрылысын дамытуға арналған Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырудың екі жылында ғана тұрғын үйдің 11 млн шаршы метрі енгізілді... Бағдарлама 30% озып, алда жүруде. Біз осы Бағдарламаны жасап, тұрғын үйді кімнің алатынына нықтадық». Бағдарламада қолжетімді тұрғын үй мен жылжымайтын мүлік нарығы дамуының саласындағы саясаттың тізбектілігіне ерекше назар аударылды. Әрине бұл мәселелер Қазақстандағы тұрғын үйді ипотекалық несиелеудің қазіргі жағдайына байланысты туындап отырғаны анық.

Үйлі болу адам өміріндегі бақытты кезеңдердің бірі болары сөзсіз. Өйткені, «өз үйім өлең төсемім» деген сөз бізге дейін де бекер айтылмаса керек. Тұрғындарға баспаналы болудың барлық, жан-жақты мүмкіндігін қарастырып, отандастарды тұрғын үймен қамту арқылы тұрмыс сапасын жақсартуға айрықша мән беру қазіргі таңда мемлекет саясатында өзекті орын алып отырғаны даусыз.

Мақаланы қортындылай келе мұндай мәселелерді шешуде Қазақстандағы жұмыс жасап отырған қазіргі тұрғын үй ипотекалық жүйесін дамыту мен жетілдіруде 1 шаршы метр тұрғын үй құрылысының құнын қысқарту, жеке тұрғын үй құрылысын дамыту, отандық құрылыс материалдар өндірісін дамыту, тұрғындардың орта тобы үшін тұрғын үй құрылысын ынталандыру, ипотекалық несиелеу жүйесін жетілдіру маңыздылығының тәжірибелік тұрғыдан арта түсуін ұсынудамыз. Қазақстан Республикасының экономикасындағы ипотекалық несиелеудің тиімді пайдалануды жүзеге асыру, жоғарыда аталған мәселелердің бүгінгі күнге дейін жете зерттелмей келуінде деп санаймыз.

Әдебиеттер

1. Әлсейтова И. Қазақстан Республикасындағы ипотекалық несиелеу жүйесі мен қазіргі жағдай // Экономика негіздері: мектепте, колледжде және ЖОО-да оқыту. – 2008. – №1(25). – 20-22 б.
2. Журкина Н.Г. Современная ипотека: состояние, проблемы, решения. – Финансы. – 2002. – №6.
3. Токшараев К.А. Ипотечные займы – реалии сегодняшнего дня. – Альпари. – 2010. – №4. – 54-57 б.
4. «Қазақстан Республикасында құнды қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеу туралы» ҚР 1997 жылғы 5 наурыздағы Заң.
5. «Жылжитын мүлікті кепілге қоюды тіркеу туралы» ҚР 1998 жылғы 30 маусымдағы № 254-І Заң.
6. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне ипотекалық несиелендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заң.
7. Жанболатова А.Ш. Цели привлечения и формирования ресурсов коммерческими банками. В издании ВАК // Банки Казахстана. – 2008. – №1. – С. 10-15.



А. Талгат

Научный руководитель: **А.А. Мусина**, д.э.н., доцент
КазУЭФМТ

КРЕДИТНЫЙ ПОРТФЕЛЬ БВУ: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

Финансовый кризис и негативные явления на внешних рынках оптового финансирования привели к риску ликвидности банков второго уровня РК. В докризисный период потребление внутренней экономики покрывалось за счет внешних источников фондирования, в настоящий момент не доступных для банков второго уровня. В результате банки испытывают существенные трудности рефинансирования внешних обязательств. В свою очередь такие риски снизили кредитную активность банковского сектора по выдаче новых кредитов. Снижение чрезмерного роста и объемов банковского кредитования, выявили и имевшиеся проблемы в реальном секторе экономики, а именно наличие низкорентабельных отраслей и отраслей с переоцененными активами. Кроме того, снижение банковского кредитования выявило скрытые проблемы в платежеспособности субъектов экономики, что обусловлено избыточным левереджем (банковским заимствованием) в их деятельности.

Последствия глобальной финансовой нестабильности, турбулентность на внешних рынках, а также девальвация тенге отразились на качестве активов банков второго уровня, и, в частности, на качестве кредитного портфеля.

Кредитный портфель – это совокупность остатков задолженности по основному долгу по активным кредитным операциям на определенную дату [1].

Как видно из рисунка 1, кредитный портфель на протяжении 2010-2015 гг. увеличился, причем по физическим лицам с 2,12 до 4,16 трлн тенге, а юридических лиц – с 5,48 до 8,51 трлн тенге. По итогам 2015 г. можно заметить, что сумма кредитного портфеля юридических лиц больше физических на 4,35 трлн тенге.



Рис. 1. Кредитный портфель БВУ (трлн тг.)

Анализ данных по банковской системе РК в таблице показал, что по итогам 2015 г. совокупный кредитный портфель БВУ РК увеличился на 4,7%, до 12,67 трлн тг. При этом объем займов юридическим лицам показал более высокий рост (5,2%), чем физическим (3,7%). Годом ранее наблюдалась обратная ситуация: при общем росте портфеля в 2014 г. на 7,2%, кредиты предприятиям выросли всего на 5,6%, населению – на 10,7%.

Вместе с тем из данных следует, что портфель займов в непроизводственной сфере (в т.ч. кредитов населению, индивидуальным предпринимателям, сервисным компаниям) за год сократился на 5,6%, а его доля в общем объеме кредитов БВУ снизилась с 50,9 до 46,9%.

Вместе с тем, банковское финансирование горнодобывающей промышленности выросло на 52,8%, сектора связи – на 41,1%, транспортной отрасли – на 40,2%, сельского хозяйства – на 35%,

Объем кредитов предприятиям обрабатывающей промышленности, а также сфере торговли увеличился более, чем на 9,3%. Помимо непроизводственной сферы, отраслью, где портфель банковских кредитов сократился, является строительство – 13,3%. Однако это, скорее, связано с тем, что застройщики в 2015 г. получили значительную государственную поддержку на более выгодных условиях.

Таблица. Кредиты БВУ, на конец периода*

Показатели	Всего, млрд тг.		Рост к итогу		Доля от РК, %	
	2015/12	2014/12	2014/12	2014/12	2015/12	2014/12
Всего по БВУ	12674,2	12106,1	568,1	104,7	100,0	100,0
Другие (непроизводственная сфера, индивид. деятельность)	5938,7	6158,6	-219,9	96,4	46,9	50,9
Оптовая и розничная торговля	2645,7	2419,9	225,8	109,3	20,9	20,0
Обрабатывающая промышленность	1037,8	948,3	89,5	109,4	8,2	7,8
Строительство	991,7	1143,6	-151,9	86,7	7,8	9,4
Сельское, лесное и рыбное хозяйство	653,6	484,1	169,5	135,0	5,2	4,0
Транспорт и складирование	609,2	434,4	174,8	140,2	4,8	3,6
Горнодобывающая промышленность	456,3	298,6	157,7	152,8	3,6	2,5
Прочие отрасли промышленности	204,6	121,7	82,9	168,1	1,6	1,0
Информация и связь	136,7	96,9	39,8	141,1	1,1	0,8

*Составлена по расчетам Ranking.kz на основе данных НБ РК [2]

Отраслевая статистика показывает, что половина всех кредитов приходится на непроизводственную сферу, индивидуальную деятельность. Второе место (20-29%) занимает оптовая и розничная торговля. Отрасли реального сектора, в т.ч. обрабатывающая промышленность, строительство, сельское, лесное и рыбное хозяйство, транспорт и складирование, горнодобывающая промышленность, прочие отрасли промышленности, информация и связь занимают в общем кредитов менее 10%. Такая достаточно негативная ситуация в кредитовании сохраняется в нашей стране на протяжении ряда последних лет.

Качество кредитного портфеля можно оценить по данным рисунка 2.



Рис. 2. Кредитный портфель и просроченная задолженность в БВУ РК (трлн тг.)

Как видно из данных рисунка 2, в целом наблюдается динамика роста объема кредитного портфеля. Эти данные свидетельствуют о более эффективной работе БВУ с просроченными займами. В целом за период 2010 до 2016 г. кредитный портфель увеличился с 7,61 трлн тг. до 12,84 трлн тг. Только в 2010 г. наблюдалось незначительное его снижение с 7,61 до 7,57. В остальные годы кредитный портфель БВУ имеет тенденцию стабильного роста. Что касается просроченных займов, то из данных рисунка 2 видно, что с 2010 до 2014 г. их объем увеличился, что свидетельствовало об ухудшении качества кредитного портфеля. Однако, с 2014 г. тенденция роста сменилась на снижение и уже к 2016 г. объем просроченных кредитов составил 0,97 трлн тенге.

Рассматривая проблему улучшения качества кредитного портфеля, важно понимать, что во многом качество кредитной деятельности зависит от качества управления кредитными рисками [2].

Основной проблемой управления кредитными рисками в современных условиях является отсутствие системы всестороннего и глубокого анализа кредитного процесса, солидной методологической базы и принятие неправильных управленческих решений в условиях неполной информации.

Из-за потенциально опасных для кредитной организации последствий кредитного риска важно регулярно осуществлять всесторонний анализ процессов оценки, администрирования, наблюдения, контроля, возврата кредитов, авансов, гарантий и прочих инструментов, особенно это касается инвестиционного кредитования [3].

Поэтому основное содержание процесса управления совокупными кредитными рисками включает в себя оценку и анализ политики и практики работы банка и принятия ею необходимых мер по следующим направлениям:

- управление совокупным риском кредитного портфеля;
- управление организацией кредитного процесса и операциями;
- управление неработающим кредитным портфелем;
- формирование оптимальной политики по резервированию возможных потерь по кредитным рискам.

Коммерческим банкам в целях построения эффективной системы управления качеством кредитного портфеля необходимо обеспечить проведение комплекса мероприятий, в частности:

- формирование кредитного портфеля в соответствии с выбранной стратегией кредитования, периодически корректируемой на рыночную ситуацию, а также удовлетворяющего спросу со стороны реального сектора экономики;
- проведение подбора квалифицированного персонала, который будет выполнять свои функции под руководством опытных менеджеров при наличии четкой мотивации труда;
- возложение на руководство банка ответственности за формирование в банке кредитной культуры, позволяющей выполнять поставленные цели;
- разработки четкого механизма по исследованию рынка, управлению продаж, подготовке персонала, идентификации потенциальных клиентов и анализа перспектив их кредитования;
- проведение постоянного мониторинга кредитных активов, учитывая относительную нестабильность кредитного портфеля [4].

Процессы трансформации экономики РК объективно повышают значения наличия у банков хорошо сформированных кредитных портфелей. Это связано с расширением сферы применения кредита в экономике и развитием в стране сети банковских учреждений, в структуре активных операций которых кредитование играет главную роль. Формирование кредитного портфеля является одним из условий эффективной работы банка. Кредитные портфели взаимосвязаны с обеспечением финансовыми ресурсами экономики. Кроме того, они влияют и на эффективность работы банка. В этой связи большое значение имеет их качество. В банковском учреждении ему следует уделить особое внимание и принимать меры по его улучшению. Для этого должна быть выработана соответствующая кредитная политика. В целях минимизации кредитного риска и повышения качества портфеля необходимо принимать следующие меры:

- диверсификация портфеля;
- анализ и поддержание оптимальной структуры кредитного портфеля;
- требование обеспеченности ссуд и их целевого использования.

Таким образом, анализ состояния банков РК свидетельствует о проблемах качества кредитных портфелей банков, обусловленных экономической ситуацией в стране и работой самих БВУ. С другой стороны, плохое состояние кредитов влияет на экономику, особенно на проблему инвестиций. Считаем, что разрешение этого противоречия является залогом будущего процветания банков и улучшения экономики.

Литература

1. Банковское дело // Под ред. О. Лаврушина, 2008.
2. Проект по мониторингу экономики Казахстана в формате рэнкингов // <http://Ranking.kz>
3. Гринюк А.П. Перспективы развития малого бизнеса сквозь призму доступности кредитных ресурсов // Вестник Центрального банка России // <http://www.cbr.ru/>
4. Научные статьи Казахстана // <http://www.articlekz.com>



А. Танатар

*Ғылыми жетекшісі: А.Ш. Жанболатова, э.ғ.м., аға оқытушы
ҚазЭҚХСУ*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰТЫНУ НЕСИЕСІ ХАЛЫҚТЫҢ ТҰТЫНУ ҚАЖЕТТІЛІГІН ҚАНАҒАТТАНДЫРА АЛА МА?

Тұрмысты жөндеудің көптеген жылдарға созалатын уақыттар әлі де елдің есінде. Тойға тартылған қаражатқа ең қажетті заттар алынып, содан кейін жас отбасы жыл сайын жиһаз, кір жуатын машина, теледидарға ақша жинап есі шығатын. Бүгінгі таңда ақша жинау қауіпті. Сонымен қатар, барлық қажеттіні жылдам сатып алудың тәсілі де бар.

Қазіргі кезде екінші деңгейлі банктердің жеке тұлғаларға беретін несиелеріне тұтыну және ипотекалық несиелер жатады.

Тұтыну несиесінің мынадай түрлері қолданылуда:

- автомобильдік несие;
- ұзақ мерзімде пайдаланылатын тауарлар сатып алуға берілетін несие;
- тұрғын үйді жөндеу жұмыстарына берілетін несие;
- аса қажеттіліктерге (оқу, емделу, демалу және т.с.с) берілетін несие.

«Жаппай сұраныс» тауарларын несиелеу жеке бағытты ерекшелеп шығарды – тұтынушылық несиелеу. Банк заемдарының бұл түрінің ерекшеліктері: қарыздың кішігірім сомасы, рәсімдеудің қолайлылығы мен қарапайымдылығы, жоғары «таза» табыссыз несие рәсімдеу мүмкіндігі. Мәселен, Қазақстанда тұтынушылық несиені 80 000 теңге табысыңыз және құжаттардың аз жиынымен (ЖК, СТН, ӘЖК, ЖЗҚ-дан үзінді жазба, мекенжайды растау) алуға болады.

Нарықтық экономика дамыған сайын несие түрлері де көбеюде. Соның ішінде тұтыну несиесіне келетін болсақ, оның негізгі мақсаты-халыққа тұтыну тауарларын сатуды ынталандыру, халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту. Тұтыну несиесі бөлшек саудамен тығыз байланысты: біріншіден, тауар айналымы өскен сайын, несие көлемі де көбейеді, себебі тауарға деген сұраныс несиеге деген сұранысты тудырады. Екіншіден, төлем қабілеттілігі бар халықтың сұранысын тудырады.

Несиенің бұл түрі қымбат және ұзақ мерзімге тұтынатын тауарларды мысалы: автокөліктерді, жиһаздарды, тұрмысқа қажетті тауарларды сатып алуға қолданылады. Тауар бағасы жоғары болған сайын, несиенің бұл түріне де сұраныс көбейеді. Дамыған елдерде несиенің жартысынан көбі автокөлік сатып алуға беріледі. Қалған тауарларды көбінесе қолма-қол ақша арқылы сатып алады.

Тұтыну несиесі тауар формасында және ақшалай берілуі мүмкін. Соңғы кезде, Қазақстанда

ақшалай және тауарлай берілетін тұтыну несиесі өріс алуда. Олар көбінесе машина және ұзақ мерзімге қолданылатын тауарлар алуға, үйлер салуға, сатып алуға және тағы басқа да мақсаттарға беріледі. Жалпы тұтыну несиесінің көлемі халықтың тұрмыс жағдайын және кәсіпкерлердің тауарларын өткізуге үлкен ықпал жасайды.

Дамыған елдерде тұтыну несиесі үлкен роль атқарады. Ол тауарларға деген сұранысты, оларды өндіруді көбейтуге және сатуға ынталандырады. Тұтыну несиесін көбінесе табысы орташа жұмысшылар қызметкерлер пайдаланады. Жеке тұлғаларға ұзақ мерзімге қолданатын тауарларды несиелік сатып алған қымбатырақ болғанымен, төленетін соманы біртіндеп өтеуге мүмкіндік алады.

Төлемді кешіктіріп беретін несиелер тікелей немесе жанама банкілік несиелер нысанын қабылдауы мүмкін. Тікелей банкілік несиелер берілгенде банк пен несиелендіруші арасында несиелік келісім жасалады. Жанама банкілік несиелер берілгенде банк пен несиелендіруші арасында несиелік қатынастарды делдал болуын айтады. Мұндай делдал болып көбіне бөлшек сауда кәсіпорындары болады. Осы жағдайда несиелік келісім дүкен мен клиент арасында жасалып, ары қарай келісілген тәртіпте банктен ссуда алады. Мұның көп таралғандығына, мысал келтірсек, қазіргі уақытта қазақстандықтарға автомобиль сатып алуға берілетін 70%-дан астам ссуда жанама несиелер түрінде беріледі.

Тікелей және жанама тұтыну несиесі өзінің кемшіліктері мен артықшылықтарына ие. Біріншісі, ол банктік несиені жанамадан ерекшелейтін – бұл несиелендіру объектісін дәл бағалауға мүмкіндік беретін несиелендіру процессін ұйымдастырудың қарапайымдылығы. Мұның бәрі, әрине банк пен қарыз алушының арасында несиелік қатынастарының ұйымдастырылуында жақын орын алады. Елдегі макроэкономикалық жағдай да банктің жеке клиенттерінің несиелендіруін ұйымдастырғанда кері әсері болады.

Біздің елімізде тұтыну несиесінің кең таралуына негізгі кедергі – клиенттің төлеу мүмкіндігінің төмендігі. Көбіне клиент өзінің жалақысы есебінен несиені өтей алатынын дәлелдей алмауы.

Жалпы Қазақстанда 2011 ж. тұтыну несиесіне 27,5 млрд теңге жұмсалған, ал 2007 ж. 140 млрд теңге жұмсалған. Яғни 2007 ж. салыстырғанда 5 – есеге дейін тұтыну несиелендіру көлемі төмендеп отыр. Себебі қаржы дағдарысының әсері Қазақстанның коммерциялық банктен өте кең көлемде әсер етті. Ал қазір тұтыну несиесіне қойылып отырған 17-27% ставка көлемінде болып отыр. Әрине бұл қарапайым халыққа өте жоғары пайыз қойылым.

Экономикасы дамыған елдерде ІЖӨ-мен салыстырғанда тұтынушылық несиелендіру көлемі мен тұтыну қаншалықты маңызды екенін атап өту қажет. Мысалы: Нидерландыда бұл көлем ІЖӨ-нің өзінен де жоғары. Италия сияқты бұдан да консервативті елдер де бар, әрі онда тұтынушылық несиелендіру көлемі ІЖӨ-нің 40%-ын құрайды және бұл тұтынушылық несиелендіру нарығында ІЖӨ-ге қомақты пайыз.

Қазақстан банкілерінен ең принципалды ерекшелігі – сатып алушы несиелендіру үшін тек анкетаны толтырады. Ешқандай басқа құжаттар (табыс туралы анықтама немесе еңбек кітапшасының көшірмесі) керек емес.

Сонымен қатар жеке куәлігі, РНН, СИК және қайда жұмыс істейтіндігі қанша жалақы алатындығы туралы мәлімет қажет болады.

Мысалы: Біз «Планета электроника» магазинінен «Каспий банк» АҚ қатысуымен 250 000 теңгеге UE46D6530WS маркалы самсунг теледидарын сатып алдық.

Бұл несиені алуға қажетті құжаттар тізімі:

- жеке куәлік;
- ИИН.

Қалған мәліметте қай жерде жұмыс істейсін, қанша жалақы аласын, тағы басқа мәліметтер несиені алу барысында банктің маманы толық мәліметті компьютердегі бағдарламаға енгізеді. Несиені алу барысында біз 150 000 теңге көлемінде бастапқы сомманы төлеп тастадым, бірақ бастапқы сумманы төлемесемде болады.

Бұл жерде банк маманының есептеп беруі бойынша мен бастапқы 150 000 теңгені төлегеннен қалған 100 000 теңгені 13 айға 7 692 теңгеден төлейтінімді түсіндірді. Сонда банкке және маған қаншалықты деңгейде тиімді соны қарастырып көрейік. Мысалы: «Каспий банк» АҚ «Планета электроника» магазинімен алдын ала келісім шартқа отырады, бұл жерде «Планета электроника»

магазині банкке 10% жеңілдік береді. Сонда 250 000 теңгенің 10% 25 000 теңге болады, яғни 225 000 теңге самсунг теледидарының нақты магазиндегі бағасы. Ал банк 13 айға 100 000 теңгені несиеге беруіне байланысты 25 000 теңге пайдаға кенеліп отыр. Бізге келер болсақ біріншіден 150 000 теңге бастапқы сумманы төлегеннен кейін 100 000 теңгені 13 айға бөліп төлеген өте тиімді болып келеді. Жалпы біз сатып алған Самсунг теледидары Ресей елінде жасалып шығарылады, алайда Ресей нарығында бұл теледидардың бағасы 240 000 теңгені құрайды. Әрине Ресей елінен Қазақстан нарығына жеткізіліп берілуіне байланысты шығын, арадағы делдалдар қосатын бағаны, магазин қосатын бағаны түбінде қарапайым қара халық өз мойнына алып отыр. Былай ойлап қарасақ ай бойы қара термен тапқан қарапайым халықтың табысы біріншіден шет елге, екіншіден делдалға, үшіншіден банктің пайызын төлеуге кетіп отыр деген сөз.

Осы жерде мысал ретінде және бір банктің тұтыну несиесін беру жағдайын қарастырайық. Мысалы: «Алсер» компьютерлік магазинінен 100 000 теңгеге «Хоум Кредит Банк» АҚ қатысуы негізінде ноутбук алғым келеді.

Бұл несиені алуға қажетті құжаттар тізімі:

- жеке куәлік;
- ИИН.

Қалған мәліметтер қай жерде жұмыс істейсін, қанша жалақы аласын, тағы басқа мәліметтер несиені алу барысында банктің маманы толық мәліметті компьютердегі бағдарламаға енгізеді.

Айта кететін жайт бұл жерде «Хоум Кредит Банк» АҚ 100 000 теңгелік ноутбукті 6 айға ешқандай бастапқы суммасыз, 20 000 теңгеден төлейсіз деп банк маманы сізбен келісім шартқа отырады. Енді ойлап қараңыз мысалы: Біз 100 000 теңгелік ноутбукті 120 000 теңге есебінде қайтаруым қажет, сонда магазинде ноутбук 100 000 теңге тұрса 10% жеңілдік банкке берілсе, ноутбуктің магазиндегі таза бағасы 90 000 теңгені құрайды. Тура айтар болсақ банк бұл жерде 30 000 теңге табысқа кенеліп отырғандығын көреміз. Ал егер 10% жеңілдік берілмесе банк 20 000 теңге табысқа кенеледі. Тұтыну несиесі көптеген елдердің экономикасында үлкен роль атқарады, сондықтан ол мемлекеттік органдардың тарапынан қатаң реттеуге ұшырауда. Біздің елімізде ол Ұлттық Банктің жұмысы. Шетелдің мемлекеттік реттеуін екі түрге бөліп қарауға болады: беру және пайдалану деңгейінде. Беру деңгейінде мемлекет не тұтынушыларды несиелеуді қолдайды, нетежейді. Банктердің және қаржы компаниялардың бұл жұмысына несиелік шектеулердің ережесі қолданылады.

Бірнеше жыл бұрын жағдайы Қазақстандағыдай болған «Азия жолбарыстары» деп аталатын үш елден мысал келтірейік: Тайланд, Малайзия және Индонезия. 80-ші, 90-шы, 2000-шы жылдары осы елдердің ІЖӨ өте мықты өсім болды, шамамен жылына 7-8% және оның өсім процесі тұтынушылық несиелерді кең көлемді пайдаланумен тікелей байланысты.

Бүгінгі күнге, Азияның осы аймағы, Тайланд, Жапония, Оңтүстік Корея сияқты елдерді қоса алғанда, нарықты револьверлік несие карточкалары бойынша жүргізеді, ал 20 жыл бұрын ол төлем карточкаларының әлемдік нарығының елеусіз сегменті еді.

Инфляцияның көрсеткіштері, ставкалар тұрғысынан жергілікті қаржылық бақылау органдарының саясаты және нарықтың ғаламдық шарттары сияқты базалық индикаторларды ескеру қажет, яғни ақы төлеу арналарының болуын ескеру қажет. Нақты бір іспен айналысу индикаторлардың бірі болуы мүмкін.

Қазіргі Қазақстандық банкілермен несиелендіру тәжірибесі өзінің несиелендіру объектілерін кеңейту, ссудаларды беру шарттарын жеңілдету, сонымен қатар осының барлығын іс жүзінде асыру керектігі байқалады. Макроэкономикалық тұрақтылық, жалпы алғанда инфляцияның алдын алу тұрғындарға банк ссудаларын кең қолдануға мүмкіндік береді.

Тұтыну несиесінің негізгі мақсаты – тұрғындарға тауар сатуды қолдау. Бұл несие бөлшек саудамен тығыз байланыста: бір жағынан тауар айналымы өскен сайын несие көлемі өседі, өйткені тауарға сұраныс несиеге сұранысты туғызады, екінші жағынан – тұрғындарды несиелендірудің өсуі төлем мүмкіндігі сұранысы. Бұл тәуелділік, әсіресе қазіргі уақытта тауарлар нарығының толықтығы жағдайында байқалады.

Бұл несие түрін әртүрлі елдерде салыстыру оның даму деңгейінің әртүрлілігін көрсетеді. Италияда және Жапонияда тұрғындардың жалпы қарыздарының сомасы осы елдердегі жалпы

ішкі өнімге шаққанда 10% деңгейінде, ФРГ және Францияда – 30%, ал Ұлыбритания мен АҚШ та 60%-дан астам. Тұтыну несиесі ең алдымен қымбат тауарларды сатып алғанда пайдаланылады: автомобильдер, электротұрмыстық тауарлар, жиһаз т.б. тауар қымбат болған сайын, несие жиі қолданылады.

Қазіргі кезде көптеген батыстың экономистерінің кітаптарында айтылады несиенің екі жағы бар, біріншіден – егер несиені бизнеске салып түбінде қосымша құн алып келсе ол жақсы несие деп аталады, екіншіден – егер несиені керексіз немесе моданың өзгеруіне байланысты түрлі үй жиһаздарын, теледидар, ойын приставкаларына жұмсайтын болсаңыз бұл керексіз несиенің түріне жатқызуға болады.

Сонымен қатар экономикамызда бағаның көтерілу саясаты орын алып отыр. Байқап қарасаныз магазиндердегі баға екі еселеніп көтерілуі орын алса, екінші жағынан инфляцияның әсеріде өте жоғары. Әрине жалпы экономикамызда несие нарығының кең етек жайғандығы дұрыс, бірақ банк тарапынан несие беру процесінде халықтың әлеуметтік жағдайын ескерсе нұр үстіне нұр болар еді.

2007 ж. Қазақстанның коммерциялық банктері шет елден 2% несие алып, ішкі нарыққа 13-14% несие беріп халықты маз-мейрам қылған болатын. Себебі халық алған несиесіне той өткізіп, керегін алып несиені өмір сүруге әдеттене бастады. Ал коммерциялық банктер несие беру талабын өте төмендетіп жіберіп ақыр аяғы банктердің қаржы дағдарысына тап болуына алып келді. Менің ойымша банк жүйесі шетелден үлкен тәуекелге бармай ішкі нарықтан, сонымен қатар қарапайым халықтан қаржы тарту жүйесін дамыту керек деп ойлаймын.

Қазіргі депозит жүйесінде де шикі жақтары көп, себебі қарапайым халық депозитке ақша салуға қызығушылығы жоқ. Мысалы, мен 30 000 теңгені депозитке салу негізінде жылына 3000 теңге пайда көреміз, әрине бұл жүйе мені мүлдем қызықтырмайды. Қазіргі жағдайды қарастыратын болсақ экономикамызда дайын тауар өндіру көрсеткіші өте төмен. Біз сырттан тауарды алып келіп үстіне екі еселеп баға қойып және оны тұтыну несиесі ретінде беріп отырмыз. Әрине бұл жағдай, бұл экономикалық құбылыс халықтың жағдайын жақсарту орнына төмендетуі айдай анық.

Менің ойымша, мысалы, дамыған елдерде қарапайым халық осы тұтыну несиесі негізінде өмір сүруге әдеттенген, яғни халықты пайызы өте төмен пайыздық несиені қамтамасыз еткен. Ал біздің банктер көбіне несиенің пайызын инфляцияның көрсеткішіне теңестіріп тұтыну несиесінің өзін 20% жоғары несиені қамтамасыз етуде. Менің ойымша, тұтыну несиесімен қамтамасыз етуді мемлекетте қолға алса болады. Арнайы банк құрып пайызы төмен 4-5% несиелер берсе, біріншіден халықтың жағдайы жақсарса, екіншіден тауар өтімділігі жоғарлайтын еді.

Әдебиеттер

1. Мақыш С.Б. Банк ісі: Оқулық. – Алматы, 2007.
2. Хамитов Н.Н. Банк ісі: Оқулық. – Алматы, 2007.
3. Сейтқасымов Г.К. Банк ісі: Оқулық.
4. Жанболатова А.Ш. Место и роль ресурсов банка и их влияние на экономику страны // Матер. респуб. науч.-практ. конф. «Проблемы экономической и социальной, политической модернизации Республики Казахстан». – Павлодар: ПГУ им. С. Торайгырова, 2008. – С. 112-115.



НЕСИЕНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ, ДАМУЫ, ҚЫЗМЕТІ, ҚАЖЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭКОНОМИКАДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Алғаш несие беру жөніндегі мақұлдау құжатын археологтар ежелгі Египет пен Вавилон жерінен тапты. Қазба жұмыстары VIII ғ. ақшаны несиеге өсіммен беретін қаржыгерлер болғанын растап берген. Сондай-ақ архелогтар *hudu* деп аталған замануи құнды қағаздың аналогын тапқан екен.

Несие туралы қызық енді басталады. Вавилон патшасы Хаммурапидің заңы ең әділ және дана заң деп есептелді. Оның жарлығы бойынша несие алған тұтынушы қарызын уақытында қайтара алмаса өтемі ретінде өз балаларын құлдыққа берген екен. Швейцария тарихында да банк туралы бірқатар қызықты деректер кездестіруге болады. Бүгінгі таңда бұл елде жалпы шоты 52 трлн долл. құрайтын 450-ден астам коммерциялық банк сәтті жұмыс жасап отырғанына қарамастан, тұңғыш шведтік банк тек XIX ғ. ашылыпты. Осындай қысқа мерзімде аталмыш елдің қаржы саласындағы жетістігі өте жақсы дамығандығы айтпаса да түсінікті.

Әлемдегі ең көрікті елдердің бірі саналатын Швейцарияның несие тарихында қызықты деректер көп. Мәселен, бірнеше жыл бұрын банктердің бірінде болған ревизияда кенеттен В.И. Лениннің атында шот бар екені анықталған. Шотта 13 жарым франк жатқан. Александр III есімді Рим Папасының жарлығы күтпеген жаңалық болды. 1179 ж. ол барлық банкирлерді церковьтен аластатты. Діни өкілдің шешімі бойынша банкирлерге ғибадат етуге тиым салынды. Оларды тіпті христиандық жолмен жерлеуге рұқсат етілмеді. Ең қызығы әлі күнге дейін осы заң өз күшінде.

Рим империясының тарихында несие туралы келесідей қызықты деректер кездеседі. Ежелгі Римде егер қарызгер несиесін қайтара алмаса қарызгерлерді отырғызатын орға қамаған. Бір айдың көлемінде оған несиесін жабуға ешкім көмектеспесе онда оны заң шеңберінде біржола құлдық қызметке алып кететін болған.

Ұлыбританияның Сыртқы істер жөніндегі министрлігі шведтік банктерде ұлтшылдардың 4 млрд долл. көлеміндегі байлығы жатқанын бірнеше рет ресми түрде жариялағанеді. Алайда сол уақыттан бері сол қаржы банктің еншісінде қалып отыр.

Ал капиталистік несие капиталистік өндіріс әдісінен туындап, қарыз капиталының қозғалысын көрсетеді [2].

Сондықтан капиталистік несиенің өсімқорлық несиеден елеулі ерекшеліктері бар:

Біріншіден, қарыздар бойынша. Өсімқорлық несие алушылар – ұсақ өнім өндірушілер, құл иеленушілер мен феодалдар, ал капиталистік несиені, негізінен, өнеркәсіп және сауда капиталистері алады.

Екіншіден, қарызға берген ақшаны пайдалану әдісі бойынша. Өсімқорлық несие бойынша қарызға берген ақша несие берушіге ғана капитал ретінде өсім ақы түсіреді, капиталистік несиені, керісінше, несие беруші де, қарыздар да капитал ретінде қосымша құн алу үшін жұмсайды.

Үшіншіден, экономикалық маңызы бойынша. Өсімқорлық несие өндірістің құлдырауынан тіресе, капиталистік несие бір жағынан өндірістің өсуіне, ал екінші жағынан капиталистік нарық шаруашылығы қайшылықтарының шиеленісуіне жағдай жасады.

Төртіншіден, өсім ақының шығу көзіне байланысты. Капиталистік несие үшін өсімақының көзі – жалданушы жұмысшының тапқан қосымша құны, өсімқорлық несие үшін өсім ақының көзі – құралдардың, шаруалардың және ұсақ өнім өндірушілердің қосымша еңбегі.

Бесіншіден, өсім ақының деңгейі бойынша. Өсімқорлық несие үшін өсім ақыны өтеуге барлық қосымша өнім, тіпті қажетті өнімнің де бір бөлігі жұмсалды, капиталистік несие үшін өсім ақы төлеуге орташа пайданың тек бір бөлігі кетеді.

Сонымен, қарыз капиталы деген капиталист-меншік иесінің жұмыс істеуші капиталының қайталама айналымына қарызға және жалдамалы еңбекті қанау негізінде өсім ақы түсіретін ақшалы

капитал. Өсімқорлық капитал капитализмге дейінгі өндірістік қатынастарды білдірсе, қарыз капиталы – капиталистік өндірістік қатынастардың көрінісі. Ол өнеркәсіп капиталының қайталама айналымының негізінде пайда болды [6].

Мұндағы несие жүйесінің негізгі буыны – банктер болып табылады. Себебі масштабы және маңызы жөнінен несие қатынастарының басым көпшілігі банктер арқылы өтеді. Банктер мемлекет пен кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мектептер мен ауруханалардың, институттар мен бала бақшалардың және халықтың уақытша бос ақшаларын шоғырландырып, оларды іс-жүзіндегі капиталға айналдырады. Сонымен қатар банк төлем, есептеу, несие беру, сақтандыру және тағы басқа көптеген сан алуан операциялар жүргізеді.

Банк деген ұғым не, ол қалай пайда болды деген сұраққа жауап іздестірейік [3].

«Банк» деген ұғым италиян сөзінде орындық, айырбас орындығы деген ұғымды білдіреді. Тарихта банктің ең жай қызметі, мысалы, тұқым сатып алуға ақшаны несиеге алған жағдай жаңа эраға дейінгі VIII-V ғғ. Вавилонда кездескен. Сол сияқты ақшаны несиеге алып ертедегі Египетте, Грецияда, Римде зәулім ғимараттар салған. Ал феодализмге өту кезінде тауар-ақша айналысы және несие қатынастарының ауқымы тарылып, тек XIII-XIV ғғ. сауданың кең өрістеуіне байланысты төлем делдалы ретінде банк ісі қарқынды өрістей бастаған. Орта ғасырда банк ісінің орталығы Италия, Германия, Нидерланды болып саналса, ал ерте капитализм жағдайында Англия болған.

Капиталистік банктердің алғашқы ізашарлары Флоренция мен Венецияда 1587 ж. айырбас ісінің негізінде, яғни әр түрлі елдер мен қалалардың ақшасын айырбастауда пайда болды. Банктердің негізгі операциялары ақшаны сақтауға қабылдау мен ақшасыз есеп айырысуды жүргізудің мәні – екі клиенттің қатысуымен банкирдің кітабына бір шоттан екінші шотқа белгілі бір соманы аударып жазу. Кейінірек ол осындай негізде Амстердамда (1609 ж.) және Гамбургте (1618 ж.) ұйымдастырылды [3].

Бұл банк ісінің анайы түрі еді. Бұл кезде банктер саудаға және есеп айырысуға қызмет еткенмен, олардың өндіріспен, өндірістік капиталдың қайталама айналымымен байланысы аз болды, несие ақшаларын шығару қызметі де дамыған жоқ.

Ал капиталистік банктер, керісінше ұдайы өндірістің, өнеркәсіп және сауда капиталдарының қажеттілігінен пайда болды. Натуралды шаруашылықтың ыдырауы, мен несиенің маңызын арттырды. Жалдамалы еңбекке көшу халықтың табысының көп бөлігін ақша түрінде төлеуге мәжбүр етті. Тұрақты ақша айналысы пайда болып, оны ұйымдастыру мен техникалық жағынан қамтамасыз етуді банктер өздеріне алды.

К. Маркс банктердің пайда болуы туралы былай деген: «Кәсіпкерліктің ерекше саласы пайда болды, себебі ол ерекше сала ретінде барлық таптардың ақша механизмін қамтамасыз етеді, ол шоғырланып, ірі масштабта жүргізіледі».

Сонымен қатар банктер «несие ісінің екінші жағы – өсім әкелетін капиталды да» басқарады. Өйткені банктер фирмалар мен үкімет мекемелерінің және халықтың жинағы мен табыстары сияқты уақытша бос ақша қаражатын өзінде шоғырландырып және оны несиеге беру арқылы несие үшін ақы алып, табыс табады. Банктер іріленген сайын тұтас несие беруші ретінде капиталистік кәсіпкерліктің дербес саласына айналады.

Банк ісі – қарыз капиталын жинақтаумен және оны бөлумен шұғылданатын кәсіпкерліктің ерекше түрі. Қазіргі кезде банктер көптеген операциялар жүргізеді. Олар ақша айналымы мен несие қатынастарын ұйымдастырумен ғана шұғылданып қоймай, сонымен қатар банктер арқылы халық шаруашылығын қаржыландыру, сақтандыру операциялары, бағалы қағаздарды сатып алу-сату, ал кейбір жағдайларда делдалдық келісімдер және мүлікті басқару операциялары жүргізіледі.

Осы айтылған жағдайларды қорыта келе банктің атқаратын қызметтерін негізінен төмендегідей топтастыруға болады.

1. Уақытша бос ақша қаражатын тарту, жинақтау және оны қарыз капиталына айналдыру.
2. Кәсіпорындарға, мемлекетке, жеке адамдарға несие беру, бағалы қағаздармен операция жүргізу.
3. Ақша айналымын реттеу. Банк – әр түрлі шаруашылық субъектілерінің төлем айналымы жүретін орталық. Банк өзінің есеп айырысу жүйесі арқылы клиенттеріне айырбас, капитал және ақша айналымын жүргізуге мүмкіндік туғызады.

4. Айналымға несиелі құралдарын шығару. Банк клиентін тек жинаған уақытша бос ақша қаражатымен несиеліп қоймай, сонымен қатар депозиттік чектерді, вексельдерді шығарумен де несиелейді.

5. Экономикалық және қаржылық кеңес беру.

6. Орындайтын айрықша қызметтеріне байланысты банктер: эмиссиялық және эмиссиялық емес болып екіге бөлінеді.

Қазақстандағы несиелі қатынасының даму тарихы Ресей экономикасының бір бөлігі ретінде әр деңгейде дамып келді. Қазақстанның ресей нарығына интенсивті түрде енуі, нәтижесінде Ресейлік орталық-өнеркәсіптік аудандарымен өзара экономикалық байланысы одан әрі кеңейді.

Банк капиталының Қазақстанға енгізілу мерзімі XIX ғ. аяқ кезін қамтиды. Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстанның көп укладты экономикасында несиелің әр түрлі формалары дамыған. Қазақстанның несиелік жүйесі негізінен Ресей империясының несиелік жүйесінің бір бөлігі ретінде: Мемлекеттік банк бөлімшелерінен, акционерлік, коммерциялық банктер филиалдарынан, өзара несиелі беру қоғамдарынан, қалалық қоғамдық банктерінен, ипотекалық несиелі банктері немесе ұсақ несиелі мекемелерінен және жинақ қассаларынан тұрды.

Республикамыздағы тәжірибелерден берілген директивті несиелердің уақытында қайтарылмағаны, яғни олардың 24%-дан астамы ғана қайтқандығы белгілі. Соның салдарынан Ұлттық банк мұндай несиелерді беруді тоқтатуға мәжбүр болды. Осындай жағдайларға байланысты Ұлттық банк 1996-1998 жж. орталықтандырылған несиелерді тек қана банктердің қысқа мерзімді қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін несиелік аукциондар, банкаралық нарық, ломбардтық несиелеу, «репо» операциялары, вексельдерді қайта есепке алу арқылы беріп отырды.

Ұлттық банк пен Қаржы министрлігі арасындағы бюджетті несиелеуге байланысты жаңа қатынастың қалыптасуына сәйкес, 1998 ж. бастап Қаржы министрлігі бюджет тапшылығын өз күшімен несиелеуге міндеттеме алғандықтан Ұлттық банк оған тікелей несиелі беруін тоқтатты. Оған дейін бюджеттің тапшылығының 80%-ға жуық бөлігі Ұлттық банк несиелері есебінен жабылып келгендігін айта кету керек. Мұнда осы реформаның бірден-бір нәтижесі деп санауға толық болады.

Несиелі – нарықтық экономиканың тірегі ретінде экономикалық дамудың ажырамас элементін білдіреді. Оны барлық шаруашылық субъектілермен қатар мемлекет те, үкімет те, сондай-ақ жеке азаматтар да пайдаланады.

Ірі коммерциялық банктер қатарына саналатын Сібір сауда-банксінің (1872 ж. құрылған) 57 филиалының жетеуі Қазақстанның бірқатар аудандарында, яғни Омбыда (1894 ж.), Семейде (1898 ж.), Қызылжарда (1905 ж.), Верныйда (1908 ж.), Ақмолада (1909 ж.) Қостанайда (1911 ж.) және Керекуде (1916 ж.) орналасты.

Филиалдары жағынан екінші орынға ие болатын орыстың сауда-өнеркәсіп банксінің (1916 ж.) бөлімшелері де Қызылжарда (1904 ж.), Қостанайда (1908 ж.), Оралда (1909 ж.) және Омбыда (1916 ж.) ашылды.

Сонымен қатар, Ресей империясында ең ірі банктерге енетін Орыс-Азия банксінің (1910 ж.) филиалдары Омбыда (1898 ж.), Верныйда (1903 ж.) және 1907 ж. – Семейде құрылды.

Екіден филиалдары бар Қазақстанда сыртқы сауда үшін Орыс банкі мен Волжекамский коммерциялық банкі жұмыс істеді. Осылардың біріншісі Омбы (1905 ж.) және Семейде (1907 ж.) өз бөлімшелерін ашты [7].

Қызылжарда, Семейде және Оралда Ярослав-Костромскі жер банксінің агенттіктері ашылып, қызмет көрсетті.

Жалпы, бірінші дүниежүзілік соғыстың бастапқы кезеңінде Қазақстанның әр аудандарында Мемлекеттік банктің – 6 бөлімшесі, акционерлік-коммерциялық банктердің – 18 филиалдары, 12 – өзара несиелі беру қоғамдары, 8 – қалалық қоғамдық банктер, сол сияқты 345 несиелік және ссудалық серіктестіктер жұмыс істеді. Несиелік мекемелерінің санының көбі жағынан Ақмола бірінші орныға ие болды.

XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында ең басты Қазақстандағы банктер – бұл мемлекеттік банктер болды және олар төмендегідей операцияларды жүзеге асырды:

– вексельдерді есепке алу;

- тауарларды кепілге ала отырып, ссуда беру;
- тауар құжаттарын кепілге ала отырып, ссуда беру;
- ауыл шаруашылыққа ссуда беру;
- бағалы қағаздарды кепілдікке ала отырып, ссуда беру;
- қайта есеп жүргізу;
- вексельдар үшін арнайы шоттар ашу;
- бағалы қағаздарға арнайы шоттар ашу;
- ұсақ несие мекемелеріне ссуда беру;
- барлық есеп-судалық операцияларымен айналысу;
- меншікті бағалы қағаздар шығару;
- салымдық және ағымдағы шоттар ашу.

Вексельдерді есепке алу операцияларымен айналысу мемлекеттік банктің 1960 ж. жарғысына сай көзделген. Вексельдерді есепке алу төлеу уақытынан 6 ай бұрын мерзімде жүргізіледі. Әрбір несие алушыға несие беру кезінде оларды вексельді есепке алу немесе вексель бойынша арнайы шоттардағы қарызы есепке алына отырып, берілетін несиенің сомасын азайту немесе арттыру жайлы сұрақтарды банк мекемелерінде болатын есептік және ссудалық комитеттер өзара талқыға салып шешті. Сонымен қатар, олар клиенттерін несиелік қабілетіне қарай жіктей отырып, оларға берілетін несиенің шекті көлемін бекітті. Мысалға: ІІ разряд – 10 мыңға дейін, ІІІ разряд – 20 мыңға дейін, ал І разряд – 30 мың сомға дейінгі несие алуға мүмкіндік барілді.

Вексельдік несиелердің ең көп мөлшері сауданың үлесіне тиді. Сол кездері сауданың келесідей үш түрі болған: айырбас, жәрменке және стационарлық. Бұлар шаруашылықтың үш типке: көшпелі, жартылай көшпелі, және отырықшылыққа сай қалыптасты.

Қазақстандағы коммерциялық банктердің филиалдарының қызметі активтік операциялары бойынша: вексельдерді есепке алу; тауарларға және тауарлық құжаттарды есепке ала отырып, ссуда беру; бағалы қағаздармен жасалатын операциялар қамтылады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының банктермен банк қызмет туралы заңдары 05.1995 ж.
2. Көшенова Б.А. Бағалы қағаздар нарығы. – Алматы: Экономика, 1999.
3. Сейткасымов Г.С. Банковское дело. – Алматы: Каржы-Каражат, 2009.
4. Сейткасыов. Ғ.С. Ақша, несие, банктер. – Алматы: Экономика, 2008.
5. Мақыш С.Б. Ақша айналысы және несие. – Алматы, 2009 .
6. Карагусов Ф. Ценные бумаги и их регулирование в РК. – Алматы: Каржы-Каражат, 1995.
7. «Банки Казахстана» журналы, 2011. – №5.



**ҚАЗІРГІ ЕАЭО – ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП, СТАТИСТИКА
ЖӘНЕ БАҒАЛАУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ:
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ
СОВРЕМЕННЫЕ ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА,
СТАТИСТИКИ И ОЦЕНКИ В УСЛОВИЯХ ЕАЭС: ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ**

*А.А. Ақмағанбетова, Д. Габдулина
Ғылыми жетекшісі: С.И. Ашкербекова, магистр, аға оқытушы
ҚазЭҚХСУ*

**ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК
ЕСЕПТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Негізгі ұғымдар: бухгалтерлік есеп, Халықаралық қаржылық есептілік стандарты, Ұлттық қаржылық есептілік стандарты, баланс, қаржылық есеп.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі алынып, ерікті мемлекет құрылғаннан кейін бухгалтерлік мамандыққа нарықтық экономиканың сұранысын және мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жаңа талаптар қойыла бастады. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап Қазақстанда бухгалтерлік есеп дами бастады.

«Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп – қисап туралы» Заң 2007 ж. 28-ші ақпанда қабылданды. Қазақстан Республикасында бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру жүйесін дәйекті түрде реформалау он жылдан астам уақыт бойы жалғасуда.

Ал бухгалтерлік есеп жүйесінің құрылуына әсер ететін факторларға келетін болсақ. Кестеде көріп отырғандарыңыздай [1].

**1-кесте. Бухгалтерлік есеп жүйесінің құрылуына әсер ететін
факторларды бағалау критерийлері**

№	Бухгалтерлік есеп жүйесінің құрылуына әсер ететін факторлар	Факторларды бағалау критерийлері
1	2	3
1.	Жалпы экономикалық факторлар	Экономиканың жалпы даму деңгейі Пайыз ставкалары және қаржылық ресурстардың бар болуы Инфляция, девальвация және ұлттық валютаның девальвациясы
2.	Аудиттелінетін тұлғаға әсер ететін сала ерекшеліктері	Саладағы нарық пен бәсеке Циклдық немесе ауысымдық қызмет Өндіріс технологиясындағы өзгерістер Коммерциялық тәуекел Қызметтің қысқаруы не кеңеюі Қызметтің жағымсыз шарттары Саладағы экономикалық көрсеткіштері Саладағы проблемалар мен сол саланың бухгалтерлік есебіндегі ерекшеліктері Экологиялық талаптар мен проблемалар

1	2	3
3.	Аудиттелінетін тұлғаның меншігінің құрылымымен басқарылуы	Корпоративті және ұйымдастырушылық құрылымы Акционерлер Капитал құрылымы Басшылықтың мақсаттары, қағидалары және стратегиялық жоспарлары Ұйымдарды сатып алу Қаржыландыру көздері мен әдістері Директорлар кеңесі Басшылар Ішкі аудит жүйесінің бар болуы мен оның жұмыс сапалығы Басшылықтың ішкі бақылау жүйесіне деген көз-қарасы
Ауытқымалы мінез-құлық көбіне жасөспірімдер арасында көптеп кездеседі. Жасөспірімдік шақта балалардың қызығушылығы арта түседі, әртүрлі әрекетке бейімделгіш келеді, мінезі ерекшеленіп, өзінің өмір жолына көз жіберіп, ой елегінен өткізуге тырысады, оқудың мәнін, мақсатын түсініп, ұжымдағы өз орнын білгісі келеді. Жасөспірім кезіндегі дағдарыс барлық балаларда кездеседі. Кейбір балалар дағдарыстан жеңіл өтеді, ал кейбіреулер үлкен қиындықпен өтеді. Дағдарыстың жеңіл түрде өтуіне ата-аналардың балаларға көп көңіл бөлуі, ата-аналық сүйіспеншілік сезімінің толық берілуі біден-бір ықпал етеді.

Жасөспірімдер арасында психопатологияның кездесуі ата-аналардың өз балаларының мінез ерекшеліктері туралы дұрыс түсінігі болмағандықтан «қате» көзқарас қалыптасады, артық талап қояды. Ал, бұдан түсінбеушілік пен пікір қайшылығы туындайды. Сондықтан жасөспірімдердің мінез типтерінің ерекшеліктері мен ауытқушылықтарды анықтау отбасылық терапия мен отбасылық қарым-қатынасты психологиялық түзету тәсілдері арқылы дұрыс жолға салуға болады. Психодиагностикалық әдістері мен түзету жолдарын өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып тандау қажет, себебі қандайда бір шараны қолданарда әр адамның жеке және жас ерекшеліктерімен қатар, ұлттық ерекшеліктерді ескеру айтарлықтай нәтиже бермек. Демек, жасөспірімдердің бойында ауытқымалы мінез-құлық нышандарынан арылу арқылы, олардың бойына қоғамымызда қабылданып, орнығып келе жатқан рухани жаңа құндылық бағдарларды соның ішінде, әсіресе, ең алдымен, ұлтжандылықты, азаматтылықты, жоғарғы моральдық және адамгершілік қадір-қасиеттер мен мұраттарды, өзге ұлт өкілдеріне деген құрмет пен сыйластықты, қоғамдық тәртіп ережелері мен құқықтық нормалардың талаптарын мүмкіндігінше орындаушылықты қалыптастыруға болады.

Қазақстанда осындай мінез-құлықтың элементтері, мысалы, қылмыскерлік, ішімгерлік және алкогольизм, нашақорлық және суицид (өзін өзі өлтірушілік), көптеген ұзақ уақыттар бойы осыларға сәйкес келетін пәндердің аясында зерттеліп келді: олар криминология, наркология және т.б. мен. Ал социологиялық зерттеулер 60-жылдардың соңы мен 70-жылдардың басындағы Я.И. Гилинскийдің, В.С. Афанасьевтің және тағы басқалардың еңбектерінен көруге болады. Ал Қазақстанда осы мәселелерді кейінгі жылдары ғана зерттей бастады. Девианттық социологияның дамуы мен

институтционалдануына деген үлкен еңбекті академик В.Н. Кудрявцевке тиеселі. Қазіргі кезеңдік, отандық девианттық мінез-құлық социологиясында Д.К. Қазымбетованың анықтауынша, девианттық мінез-құлық дегеніміз – адамдардың өмір салтындағы жалпымен қабылданған нормалар мен моральға, құқықтық және басқа да әлеуметтік нормаларға сәйкес келмейтін, тұлғаға, әлеуметтік топтарға немесе қоғамға зиян тигізетін (немесе пайда әкелетін), қоғаммен қолдау табатын немесе тигізілген зияндары үшін әлеуметтік жауапкершіліктер тартатын іс-әрекеттер, қимылдарды жатқызамыз. Ал деликвенттік мінез құлық дегеніміз – күрделі заң бұзушылықты аңғартады, олар қылмыстық жауапкершілік тартуға апарып соғады. Девианттық мінез - құлықтың деликвенттік мінез-құлықтан өзгешелігі, девианттық мінез-құлық деликвенттік мінез-құлыққа қарағанда кеңірек түсінік ретінде танылады [3].

Схема 1.



Оның жеке саалары, девианттық мінез-құлықтың барлық сатыларында болатындағын еске ала отырып, келесілерді бөліп қарастырамыз: мотивацияның құрылуы, девиантты мінез-құлықты жасағандығы туралы шешім қабылдау, қабылданған шешімнің орындалуы. Девианттық мінез-құлық деликвенттік мінез құлықты өзінің бір бөлігі ретінде қарастырады. Девиация – нормалардың кез келген бұзушылықтарын айтамыз, ал деликвенттік – ол тек қана қылмыстық жауапкершіліктерді алып жүретін мінез-құлық актілеріне жатады. Девианттық мінез-құлықты қарастырғанда адамдардың сыртқы ортасы мен осы жұмыста автор девианттық мінез-құлықтың критерилерін анықтайды, олар оның әлеуметтік маңыздылық критерийін анықтап бере алады, осыған байланысты оларды қоғамдық пайдалылығына байланысты позитивті немес негативті және нейтралды деп бөлуге болады. Ауытқулардың осындай түрлерге бөлінетіндігінен қарап негізделген саясат құруға болады, ол практиканы профилактикаға бағыттап отырады және де барлық ауытқуларды жою емес тек қана негативті ауытқуларды жоюға көмектеседі.

**Схема 2. Девианттық мінез-құлық формаларын
индивидуалдық классификациялау**



Девианттық мінез-құлық теориясының зерттеуіне Ш.К. Жаманбалаеваның диссертациясы көп үлесін қосты, ол мынадай тақырыпта: «Девианттық мінез-құлықтың әлеуметтік мәселелері» және оның монографиялары. Бұл еңбектерде автор девианттық мінез-құлық дегеніміз – мінез-құлық актісі деп әділдікпен айтады, ол адамдардың іс-әрекеттері немесе өмір салттары, арнай қоғамдағы қабылданған әлеуметтік нормалар мен заңгерлік негіздегі салдарлы қоғамдық санкцияларды бұзатын іс-әрекеттерді қарастырамыз. Берілген анықтама біріншіден, осы мінез-құлықтың барлық көріністерін қамтиды (іс-әрекет, өмір салттары); екіншіден, ауытқуды тек ресми жағын ғана емес, сонымен қатар, айтылмаған әлеуметтік нормалардағы бейресми ауытқитын мінез-құлық формаларын да қарастырады; үшіншіден санкцияның әртүрлі түрлерін қамтиды, олар көбінде өздері девиацияға алып келеді – ол топтық ауытқудан, қоғамдық жақтырмауға және сонымен қатар толығымен қоғамнан бөліп тастауға алып келетін санкциялар. Бірақта девианттық мінез-құлықтың критерийін анықтау өзгеруде, бұл жағдайда біз бір іс-әрекетті девианттық немесе оған жатқызбауымыз да мүмкін, яғни ол әртүрлі қоғамдарда, салт дәстүрлерге, өмір шарттарына байланысты өзгеріп отырады. Әлеуметтік процесстердің динамикасы, қоғамдық өмірдің әртүрлі аймақтарындағы кризистік жағдайлар девиациялық процесстердің өсуіне алып келеді, олар нормадан ауытқитын мінез-құлық нормаларынан көрініп отырады [4].

Кесте. Жастардың девиантты мінез-құлық стереотиптерінің стратегиялары

Басым болу жағдайындағы мінез-құлық стереотиптерінің стратегиялары (% жағдайында)					
Зерттеушілер	Сендіру	Тыныштықта қалдыру	Қорлау	Ұру	Жауап беруге қиналамын
1	2	3	4	5	6
Ер жыныстағы адамдар	68,0	13,0	9,0	10,0	—

1	2	3	4	5	6
14-17 жас аралығындағы ж-р	68,0	24,0	4,0	4,0	—
18-25 жас аралығындағы ж-р	63,0	21,0	5,0	11,0	-
Мектеп оқушылары ПТУ-дың оқуы	67,0	10,0	10,0	13,0	—
Орта білімі бар адамдар	67,0	19,0	5,0	9,0	—
Жоғарғы білімі бар адамдар	100,0	—	—	—	—
Әйелдер арасында	72,0	17,0	7,0	3,0	1,0
14-17 жас аралығындағы ж-р	52,0	22,0	14,0	12,0	—
18-25 жас аралығындағы ж-р	77,0	19,0	4,0	—	—
Мектеп оқушылары ПТУ-дың оқуы	51,0	20,0	12,0	17,0	—
Орта білімі бар адамдар	75,0	16,0	6,0	—	2,0
Жоғарғы білімі бар адамдар	100,0	—	—	—	—

Маңызы жағынан екінші стереотип келісім мінез-құлық болды, яғни тұлғааралық өзара әрекет-тестікке араласуға тырысуы. Бұл стереотип жас өспірім кездегі (14-17 жас аралығындағы) әйел адамдар жынысында жоғарғы көрсеткіштерді алады, ереже бойынша шығарылған күйзелісуі, сенімсіздік осы компромистік мінез-құлықтың пайда болуына әсер ететін стереотиптердің бірі.

Сонымен қатар жастар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынастардың вербалдық және денелік агрессивті стереотиптерінің барлығы арнайы орын алады. Бұндай стереотиптер ерлер арасында қалыпты жағдай ретінде көрінеді (бірінші кезекте, 18-25 жас аралығындағы және ПТУ-дың оқушылары арасында) көптеп кездеседі. Көбінесе жиілікті осы стереотиптер қылмыстық шаралармен жаза өтеу аймақтарындағы ер адамдардың арасынан көптеп кездеседі.

Қорыта айтқанды, девиантты мінез-құлықты жастармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізуде римдік философ Сенеканың: «әрбір жас өмірінің тек кейбір жақтарын ойлап талдайды, бірақ ешкім жалпы өмір туралы ойланбайды» деген ой-пікіріне сүйене отырып, девиацияға коррекция жасаушы әрбір маман ұстаз, жастардың тек кейбір мінездік кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды, қоғамдық өмірдің талаптарымен ұштасқан дұрыс қарым-қатынас жолына қайтып әкеліп, ары қарай қалыптаса дамуына, әлеуметтенуіне көмектесуі қажет. Бұл педагогикалық іс-әрекеттер мазмұны, қоғам өмірінде бекіген адамгершілік қадір-қасиеттер мәнімен, талаптарымен тікелей байланыстыра, адамдар арасындағы қарым-қатынастар (достық, жолдастық, туыстық, сүйіспеншілік, махаббат т.б.) нормаларымен ұштастырыла жүзеге асырылғанда, жастардың бойында девиантты мінез-құлықтың өріс алмауына және оларды мектеп қабырғасынан бастап әлеуметтендіруге мүмкіндік жасалынуы тиіс.

Әдебиеттер

1. Халитова І.Р. Әлеуметтік педагогика. – Алматы, 2007.
2. Тесленко А.Н., Керимбаева М.С., Джакупова Г.А. – Профилактика подростковой девиации: теория и практика. – Астана, 2005.
3. Казымбетова Д.К. Девиантное поведение молодежи как объект социологического исследования. – Алматы, 1999.

4. Қаражанова Ж. Девиация типтері және девиантты мінез-құлықтың пайда болу факторлары – Қызықты психология, №3 2010.

5. Уманов Г.А. Бала бақыты және басқалар. – Алматы, 1979.



С.Т. Жанабекова

Ғылыми жетекшісі: А.А. Медетбекова, магистр, аға оқытушы
ҚазЭҚХСУ

БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУДА ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ОРНЫ

Еліміздің даму бағытын бекіткен «Қазақстан – 2050» бағдарламасында салауатты өмір салтын ұстану мемлекеттік маңызды бар мәселелермен тең дәрежеде екендігі баса көрсетілген. Салауаттылық ұғымы қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін, өнерін, әдет-ғұрпын, жас ұрпаққа ұғындыру. Бір сөзбен айтқанда өз ұлтының дінін ұстануға үйрету. Салауаттылық – ішкіліктен, есірткі, темекіден аулақ болу, дене және жан тазалығын сақтау. Өмір заңдылығы салауатсыздықты кешірмейді. Ұрпақты өмір заңдылықтарына, салауаттылық негіздеріне бейімдеу мектеп жүйесі жүктеген маңызды да жауапкершілігі мол міндет болып табылады. Жастары әлсіз, денсаулығы нашар, білімсіз, зиянды әдеттерге әуес, жалқау, тәрбиесіз болса, ол мемлекет қашанда әлсіз, қорғансыз. Бүгінгі таңда балалар мен жастардың денсаулық жағдайына басты назар аударуда.

XXI ғ. білімділер ғасыры болғандықтан, бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек.

Әлемдік тәжірибе халық денсаулығына әсер ететін маңызды фактор мемлекетпен бір жағынан сырқаттың алдын алу және екінші жағынан салауатты өмір салтын ынталандыру екенін көрсетеді. Қазақстан Республикасы Президентімен елдегі бала денсаулығын сақтауға үлкен назар аударылады. Қалалық емханалар бірнеше жыл бойы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының халықаралық стандарттары – жалпы тәжірибедегі дәрігер моделі бойынша жұмыс істеуде. ЖТД (жалпы тәжірибедегі дәрігер) көмегімен халыққа алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудің қол жетімділігі мен нәтижелілігі жақындай және арта түседі, отбасыларға ақпараттық, заңнамалық, психологиялық қолдау көрсету, репродуктивті жастағы әйелдер үшін жүктілік, аналар үшін бала емізу туралы ақпаратты қолайлы жеткізу қарастырылады. Аналарға алдын алу көмегін көрсетуде дені сау бала кабинеті маңызды рөл атқарады, онда аналар тегін рецептті қалай алуға болатынын, балада сырқаттанған жағдайда, не істеу керектігін, дұрыс қосымша тағамды, сылауды қалай жасауды, баланың психикалық-физикалық дамуы дұрыс жүріп жатқандығы және т.б. туралы ақпарат алады [1].

«Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі, парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру бүгінгі таңда отбасының, балабақшасының, барша елдің, халықтың міндеті», деді Елбасымыз Н. Назарбаев.

Халқымыз әрқашан да денсаулықты бірінші орынға қойып, бірінші байлық – денсаулық деп санаған. Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы анықтағандай (БДҰ) – шын мәніндегі денсаулық – дене, психикалық және әлеуметтік үйлесімділік болып табылады.

Адамның өмірінің барлық аспектілеріндегі әлеуметтік, дене, эмоциялық, рухани және ақыл-ой жетістіктерінің үйлесімі ғана өмірінің шын мәнісі болып табылады. Денсаулық пен үйлесімділікке ұмтылса, бұлардың ешқайсысын да шеттетпеу керек.

Сонымен денсаулық: дене саулығы, жан саулығы, психикалық және психологиялық, әлеуметтік саулық болып бөлінеді.

Дене саулығы – бұл организмдегі функциялардың өзіндік айналымының жеткілікті болуы, физиологиялық процестердің үйлесімі және сыртқы ортаның түрлі факторларына барынша бейімделгіштік күйлері.

Жан (психикалық) саулығы – тек дене гигиенасы ғана емес, сонымен бірге психогигиена, руханилықтың өзіндік тәрбиесін, адами тұрғыдағы ұстанымды, сана тазалығын да қамтиды. Психикалық саулыққа жету жолы – интегралды тұлғаға жету жолы. Психикалық саулық – психиканы жаттықтыру, психикалық процестерді дамыту (ес, зейін, қиялдау және т.б.), ақыл-ой мен сезімді тәрбиелеумен тығыз байланысты.

Әлеуметтік саулық әлеуметтік белсенділікпен, адамның қоршаған әлемге деген белсенділігімен байланысты [2].

Дені сау, еңбекқор, ақылды азамат болып өсу үшін, бала дұрыс тамақтана білуі қажет. Күнделікті ішетін асымыз құнарлы, пайдалы, дәрумендерге бай болу қажет. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан, бала организмінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру ең басты міндетіміз. Организмнің қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан да сүйектің, буынның дұрыс әрі мерзімінде жетілуіне бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына табан дөңестерінің дұрыс жетілуіне айрықша мән беру керек. Бұлшық еттерді қатайту, жүрек қан тамыр жүйесінің жетілуіне, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығына, тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал жасау керек. Сондай-ақ баланың қозғалысын жетілдіру, қимыл-дағдыларын және дененің икемділігін, шапшаңдық, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыруға тұрмыста және дене тәрбиесі оқу іс-әрекеттерінде қажетті жеке және қоғамдық гигиена дағдыларын дамытуға баса назар аударылады. Дене тәрбиесі балалардың ақыл-ой, адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және белсенді болуларына мүмкіндік тудырады.

Балалардың, соның ішінде әсіресе кішкене жастағы балалардың денсаулық көрсеткіші отбасы жағдайына байланысты. Толық емес жанұядағы балардың аурушаңдығы, толық қанды отбасында өскен балаларға қарағанда көптеп кездеседі. Және ондай отбасыларды жиі ауыратын балалар да басым келеді. Мұндай айырмашылық жылдар өтіп, жас өскен сайын ұлғая түседі. Некеге тұрмаған отбасында туылған сәбилердің денсаулығы нашарлау болып келеді. Олар көбіне айы-күні жетпей туылып жатады. Ондай баланың жүруі де, сөйлеуі де кешеулетіп болады.

Ұйқының қанбаушылығы баланың денсаулығына айтарлықтай әсерін тигізеді. Ұйқысы шала балалар көптеген ауруларға төзімсіз келеді. Таза ауада 1 сағаттан аз уақыт болатын балалар көз рефлексиясының анамалыясымен, ревматизммен, зат алмасу бұзылыстарымен көптеп ауырады. Жедел респираторлық аурулардың балалар арасына таралуы көбіне бала бөлмесінің ауасы тар болуынан, жиі желдетілмеуінен болып келеді. Неғұрлым ерте жатып, уақытымен таңертеңгілік тамағын ішіп, серуенге шығып ойнаған, спортпен шұғылданған бала жігерлі, ақылды болып өседі [3].

XXI ғ. техниканың дамуының шарықтау шегіне жеткен, даму, өркендеу, жалпы айтқанда техника ғасыры. Бір кездері адам баласына арман болған, қиял-ғажайып дүниенің барлығы қазір күнделікті тұрмыста қолданыста. Орыс халқында «қазіргі кездегі барлық техника адамның жалқаулығынан пайда болған» деген сөз бар. Шыныменде қарап отырсаң барлығыда адамның жұмысын жеңілдету мақсатында жасалып, күннен-күнге дамып жатқан адам ойының жемісі. Алайда адам өмірін жеңілдетеміз деп, түрлі заманауи техникалар жасағанымызбен, олардың пайдасынан гөрі зияны адам денсаулығына әсер етіп жатқаны ашы да болса шындық! Әсіресе күнделікті қолданып жүрген компьютердің зиянын санап болмайсың. Бұл мәселе ғылымда дәлелденген, әлде де зерттелу үстінде. Қазіргі кезде бұл жөнінде әлем ғалымдарының айтары көп. Кейде дәл осы компьютерді «қауіпті ғасыр ойыншығы» деп те атайды. Ендеше «қауіпті ғасыр ойыншығы» жайлы бірер сөз. Компьютер алдында ұзақ отырғанда, көбінесе оның адамның нерв жүйесіне әсер етуі басым болады екен. Ауру бірден басталмайды. Бірте-бірте шаршау сезімі жиі пайда болып, адамның ашуланшақ болуы байқалады, басы айналады, әрі ауыра бастайды. Есте сақтау қабілеті нашарлап, өмірге деген қызығушылығы азаяды, жүрегі сыздап, жиі-жиі салқын тиіп, тәбеті де нашарлайды.

Тек компьютер ғана емес қазіргі кезде интернет желілері де адам денсаулығына айтарлықтай

зиян келтіреді. Әсіресе бұл қазіргі таңдағы жасөспірім балалардың нервтік жүйесін нашарлатып, санасын қараңғылауда. Бұл қазіргі таңда жахандық ауруға айналды. Психологтардың айтуы бойынша қатыгез кино, ойын т.б көріністер музыканың шамадан тыс жоғарғы дыбысты болуы, құлаққа наушникпен ұзақ тындап жүру, құлақтың мембранасына зияны тиеді. Әсіресе ойындар олардың нерв жүйесіне қатты әсер етеді екен. Себебі жылдам жауап беріп, тез қимылдау талап етіледі. Невртік жүйенің қысқа уақытта қатты жұмыс істеуі жас баланың шаршауын тездетеді. Сонымен бірге адамның әсіресе жасөспірімдерге өтпелі кезең жасындағы оқушыларға жүйке жүйесіне әсері, тез ашуланшақ болуы, психологиялық құбылыстық әсерлері болуы мүмкін.

Ұялы телефон да балалардың денсаулығына кері әсер етеді. Есте сақтау қабілеті нашарлайды. Танымдық қабілеті төмендейді. Бойды селсоқтық пен бойкүйездік билейді. Балалардың көбісі ашушаң, шаршауық, жүйкесі тез құриды. Ал ұялы телефонмен ұзақ сөйлесетін балалардың жүйкесі жұқарып, депрессиялық синдромға ұрынуы жиілейтін көрінеді.

Әлеуметтік медицина маманы Ю.П. Лисициннің пікірі бойынша денсаулықты тек қана әлеуметтік және биологиялық қатынас тұрғысынан қарау керек, сондай жағдайда эндогендік (ішкі) және экзогендік (сыртқы) себептерден болған ауру саны азаяды. Әсіресе, бұл жағдайда балалар ауруы ерекше орын алады [4].

Қорытындылай келе, ХХІ ғ. балалар денсаулығы әлеуметтік қорғау үшін – ауруды алдын ала емдеу шараларын ұйымдастыру, алғашқы медициналық көмек көрсетудің негізін үйренуге көмек, тамақтану мәдениеті, санитарлық-гигиеналық нормалар, отбасын жоспарлау жұмыстарын ұйымдастыру, репродуктивтік мінез-құлыққа жауапты қарым-қатынасты қалыптастыру, жастарды отбасы өміріне дайындауға жәрдем жасау, еңбек терапиясын дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыруға болысу әлеуметтік қызметкердің басты қызметі болып табылады.

Бұл тақырыпты таңдауыма арқау болған жағдай менің бірінші мамандығымның медицинамен байланыстылығынан туындады. Сөздің соңында, адамзат тағдыры техниканың емес өз қолымызда екенін ұмытпаған жөн.

Әдебиеттер

1. Послание президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана. – Астана, 2014.
2. Государственная программа развития здравоохранения РК «Саламатты Қазақстан» на 2011-2015 гг.
3. Закон РК от 29 декабря 2008 года №114-IV «О специальных социальных услугах» (с изм. и доп. по сост. на 19.05.2015 г.).
4. Неменко Б.А., Оспанова Г.К. Балалар мен жасөспірімдер денсаулығы: Оқулық. – Алматы, 2002.



Д. Искакова

*Научный руководитель: А.А. Куанышева, к.пед.н., ст.преподаватель
КазУЭФМТ*

ХАРАКТЕРИСТИКА ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ И ЕЕ ПРОФИЛАКТИКА

Современная ситуация в духовной сфере казахстанского общества определена специалистами как ценностно-нормативный вакуум. Становление новой казахстанской государственности и демократизации социума сопровождаются таким неизбежным явлением, как утрата нравственных ценностей. Досуг современной молодежи резко отличается от того, каким он был у предыдущего поколения, их родителей. Наиболее важными защитными механизмами признаются следующие: подавление (вытеснение); отрицание (игнорирование какого-либо социального требования вследствие его болезненности для индивида); проекция (приписывание неприемлемых для индивида представ-

лений и побуждений внешнему миру); формирование реакции (обращение импульса в его противоположность, например, вытесненную ненависть к кому-либо в чрезмерную заботу о нем); регресс (возврат к менее зрелому уровню развития); сублимация (направление инстинктивных импульсов в социально одобряемое поведение, например, сексуальной энергии в творчество). Существенное влияние на современное понимание человека оказали идеи аналитической психологии К. Юнга, индивидуальной психологии А. Адлера, транзактного анализа Э. Берна. Бихевиоризм (поведенческая психология) изучает на основе экспериментов законы и принципы человеческого поведения, включая факторы и механизмы отклоняющегося поведения (Э. Торндайк, Дж. Уотсон, Б. Скиннер, Д. Вольпе, Г. Айзенк, А. Бандура). Анализ психологических концепций показывает, что отклоняющееся поведение может быть следствием духовных проблем; оно также может быть связано с внутриличностными конфликтами и неадекватными психологическими защитами; оно может быть результатом семейной дисфункции или просто привычкой-действием, которое неоднократно повторялось и подкреплялось внешней или внутренней выгодой [1].

Отклоняющееся поведение личности представляет собой сложную форму социального поведения, детерминированного системой взаимосвязанных факторов и психологических причин. Его характеризуют следующие составляющие:

- духовные проблемы (отсутствие или утрата смысла жизни, несформированные нравственные ценности и высшие чувства, внутренняя пустота, блокировка самоактуализации);
- деформации в ценностно-мотивационной системе личности (девиантные ценности, ситуативно-эгоцентрическая ориентация, фрустрированность потребностей, внутренние конфликты, неэффективные механизмы психологической защиты);
- эмоциональные проблемы (тревога, депрессия, негативные эмоции, трудности понимания и выражения эмоций);
- проблемы саморегуляции (нарушение способности ставить цели и добиваться их выполнения; неадекватная самооценка, чрезмерный или недостаточный самоконтроль, низкая рефлексия, малопродуктивные механизмы совладания со стрессом, низкие адаптивные возможности, дефицит позитивных ресурсов личности);
- когнитивные искажения (дисфункциональные мысли, стереотипы мышления, ограниченные знания, мифы, предрассудки, неадекватные установки);
- негативный жизненный опыт (отрицательные привычки и навыки, девиантный опыт, ригидные поведенческие стереотипы, психологические травмы, опыт насилия) [2].

Выделенные факторы можно представить в виде рабочей схемы для анализа, по результатам которого составляются индивидуальные программы профилактики или преодоления отклоняющегося поведения.

Схема анализа отклоняющегося поведения включает семь блоков: 1) индивидуально-типологическая ранимость; 2) нарушение саморегуляции личности; 3) дефицит ресурсов личности (ее жизненно важных качеств и компенсаторных возможностей); 4) дефицит социально-поддерживающих систем (семья, друзья, референтная группа, любимый человек); 5) социально-психологические условия, запускающие и поддерживающие отклоняющееся поведение; 6) особенности отклоняющегося поведения; 7) заключение, в котором указываются форма и степень выраженности отклоняющегося поведения, степень социальной дезадаптации, отношение к отклоняющемуся поведению самой личности, поддерживающие внешние и внутренние условия, препятствующие условия, ресурсы личности, возможные пути преодоления (стратегия изменения); формы и методы социально-психологической и педагогической помощи.

Отклоняющееся поведение личности регулируется различными социальными институтами. Общественное воздействие может иметь характер правовых санкций, медицинского вмешательства, педагогического влияния, социальной поддержки и психологической помощи. В силу сложного характера девиантного поведения его профилактика и преодоление требуют хорошо организованной системы социальных воздействий [3].

Профилактика предполагает систему общих и специальных мероприятий на различных уровнях: общегосударственном, правовом, общественном, экономическом, медико-санитарном, педагогическом

ком, социально-психологическом. Этот комплекс мер направлен на нейтрализацию воздействия негативных факторов на личность с целью предупреждения отклонений в ее поведении. Условиями успешной профилактической работы являются ее комплексность, последовательность, дифференцированность, своевременность. Показания к применению: социальная апатия, аутизм, агрессивность, повышенная раздражительность, отсутствие навыка и готовности к сотрудничеству, чрезмерная эмоциональность, конфликтность, отсутствие интереса к обучению и творчеству.

Выделяют три уровня профилактики отклоняющегося поведения. Первичная профилактика направлена на устранение неблагоприятных факторов, вызывающих определенное явление, а также на повышение устойчивости личности к влиянию этих факторов (например, пропаганда здорового образа жизни, вовлечение детей и подростков в занятия спортом). Вторичная профилактика направлена на раннее выявление и реабилитацию нервно-психических нарушений, работу с подростками, имеющими выраженную склонность к формированию отклоняющегося поведения (здесь решаются проблемы семейного воспитания, в частности, насилия в семье, защиты прав детей). Третичная профилактика направлена на предупреждение рецидивов у лиц с уже сформированным девиантным поведением, лечение нервно-психических расстройств, сопровождающихся нарушениями поведения. Среди разнообразных форм профилактики и коррекции отклоняющегося поведения наиболее перспективными являются следующие.

Организация деятельности, альтернативной девиантному поведению, направлена на достижение заместительного эффекта. Люди используют, например, психоактивные вещества, улучшающие настроение, до тех пор, пока не получают что-то лучшее. Альтернативными формами активности признаны: спорт; художественная самодеятельность; познание; творчество; общение с людьми, являющимися положительным примером для подражания; любовь; профессиональная, религиозно-духовная, благотворительная и другая социально одобряемая деятельность [4].

В семейном воспитании ведущими профилактическими задачами выступают раннее воспитание устойчивых интересов, развитие способности любить и быть любимым, формирование умения себя занять и трудиться. Родители формируют потребности личности через вовлечение ребенка в различные виды деятельности – спорт, искусство, познание, труд. Если к подростковому возрасту позитивные потребности не сформированы, личность оказывается уязвимой в отношении негативных потребностей и девиаций. Следующая форма профилактики и коррекции – организация социальной среды. Воздействуя на социальные факторы, можно предотвратить нежелательное поведение личности, например, через создание негативного общественного мнения по отношению к отклоняющемуся поведению. Объектом работы может быть как общество в целом, так и семья, социальная группа, школа, вуз или конкретная личность.

Профилактика зависимого поведения включает прежде всего социальную рекламу по формированию установок на здоровый образ жизни и трезвость. Особое значение имеет политика СМИ. Работа с молодежной субкультурой может быть организована в форме движения «Молодежь против наркотиков» или одноименных акций с выступлениями популярных музыкантов. При этом важна работа в местах, где молодежь проводит свой досуг и общается: на дискотеках, в молодежных клубах, студенческих общежитиях и лагерях. Информирование включает в себя традиционные формы воспитательной профилактической работы: лекции, беседы, распространение литературы, видео- и телефильмов. Суть данного подхода заключается в попытке воздействия на когнитивные процессы личности с целью повышения ее способности к принятию конструктивных решений. Соответствующая информация, подтвержденная статистическими данными, должна даваться своевременно. Например, беседы с подростками по предупреждению наркозависимого поведения должны проводиться не позднее 14 лет. Такие беседы целесообразно направлять на обсуждение последствий девиантного поведения и способов воздержания от него, используя демонстрацию и разъяснение позитивных образов поведения (личный пример, биографии, периодика, художественная литература, кино- и телефильмы). Активное обучение социально важным навыкам преимущественно реализуется в форме групповых тренингов. Это тренинг резистентности (устойчивости) к негативному влиянию социальных факторов; тренинг асертивности или аффективно-ценностного обучения (развивает умения распознавать эмоции, выражать их приемлемым образом, продуктивно справ-

ляться со стрессом, формирует навыки принятия решений, повышает самооценку, развивает позитивные ценности); тренинг формирования жизненно важных навыков (развивает умения общаться, поддерживать дружеские отношения, конструктивно разрешать конфликты, принимать на себя ответственность, ставить цели, отстаивать свою позицию и интересы; формирует навыки самоконтроля, изменения себя, уверенного поведения). Организация здорового образа жизни основывается на осознании каждым личной ответственности за здоровье, гармонию с окружающим миром и своим организмом [5].

Здоровый стиль жизни предполагает здоровое питание, регулярные физические нагрузки, соблюдение режима труда и отдыха, общение с природой, исключение излишеств. Активизация личностных ресурсов предполагает вовлечение в активные занятия спортом, стимулирование развития творческого потенциала и самовыражения. Минимизация негативных последствий девиантного поведения используется в случаях уже сформированного отклоняющегося поведения. Она направлена на профилактику рецидивов или их негативных последствий. Например, наркозависимые подростки могут получать своевременную медицинскую помощь, а также необходимые знания по сопутствующим заболеваниям и их лечению.

Наши Предложения:

- формирование ценностного отношения к правилам и социальным нормам;
- формирование ценности здорового образа жизни;
- развитие позитивных жизненных смыслов и способности к целеполаганию;
- повышение компетентности и социальной успешности личности в жизненно значимых сферах активности;
- включение личности в поддерживающую социальную группу, имеющую позитивные социальные цели;
- развитие навыков продуктивной саморегуляции, прежде всего за счет повышения осознанности собственного поведения, планирования и оценки его последствий, продуктивных стратегий совладания со стрессом;
- своевременная коррекция нарушенных межличностных отношений и формирование межличностной компетентности.

Литература

1. Бадмаев С.А. Психологическая коррекция отклоняющегося поведения школьников. – М.: Магистр, 1997. – 250 с.
2. Барышникава Н.А. «Восхождение» – программа реабилитации так называемых «трудных» // Директор школы. – 1998. – №7. – С. 22-26.
3. Беличева С.А. Основы превентивной психологии. – М.: Редакц.-изд. Центр консорциума «Социальное здоровье России», 1994. – 221 с.
4. Белкин А.С. Трудные» подростки // Воспитание школьников. – 1981. – №1. – С. 38-41.
5. Белкин А.С., Бродский Ю.С., Матюнин Б.Г. Совершенствование работы с педагогически запущенными детьми // Советская педагогика, 1987. – №7. – С. 34-38.



Г. Карагойшина

*Ғылыми жетекшісі: У.К. Жолбарысова, магистр, аға оқытушы
ҚазЭҚХСУ*

ДАҒДАРЫСТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛДАРЫ: ТҰРАҚСЫЗДЫҚ, ЖҰМЫССЫЗДЫҚ, МИГРАЦИЯ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

«Адамды илейтін де, билейтін де қоғам», – деп Энгельстің айтқанындай, қоғамдағы қалыптасқан жағдай халық санасын жаулап, соған дағдыландырды. Қазіргі әлемде орын алған қаржылық дағдарыстың ерекшелігі – оның әлемдік жетекші қаржы жүйесінде туындауы және сол қаржы жүйесінің аталған дағдарыспен күресуге қабілетсіз болуы. «Дағдарыс» ұғымы қандай да болмасын құбылыстың деградацияға ұшырап өмір сүруі мен қызмет етуі мүмкін емес болатын ерекше күйін сипаттайды. Сонымен, «дағдарыс» ұғымы құбылыстың ішкі ерекшеліктерін бейнелейді: оның табиғи қызмет етуге және эволюцияға қабілетсіздігі, онда өзінің сапаларын, қасиеттерін сақтау мен өсіруге және өзінің негізгі мәнді сипаттамаларын сақтай отырып дамудың мейлінше жоғары сатысына көтерілу мүмкіндіктерінің болмауы. Әрине, дағдарыстың келтіріліп отырған түсіндірмесі тым жалпы бірақ шынайы өмірде кез келген құбылыс белгілі бір кезеңде өзінің қайта құрылуы мен қирауы, жоғалуына бастайтын дағдарыстық сатыға өтеді. Сондықтан дағдарыстан шығу жолы құбылыстың сапалы жаңаруында жатыр [1].

АҚШ федералдық резервтік жүйесінің бұрынғы басшысы А. Гринспеннің айтуынша, қазіргі әлемдік қаржылық дағдарыс – бұл «жүз жылда бір рет» орын алатын оқиға деп айтса да, біз дағдарыстың қазір жиі болатынын, бүкіл әлемге әсерін тигізетінін байқаймыз. Қазіргі әлемдік қаржы дағдарысы барысындағы Қазақстан экономикасы, яғни соның ішінде дағдарыс салдарына бейімделген жаңа қаржы жүйесі: ұлттық бюджет, банк жүйесі сонымен қатар ұлттық өндірістер, шетелдік инвестиция және әлеуметтік инфрақұрылымға әсерінің деңгейі де қалыптасуда. Дағдарыстың Қазақстанға берер перспективалары, оның ұтымды жақтары да бар және одан шығу үшін мемлекет әртүрлі жолдарды, үкімет антикризистік бағдарламаларды қарастыруда.

Дағдарыс әлеуметтік мәселелерді, оның қатарында тұрақсыздық, жұмыссыздық, ішкі және сыртқы миграцияны күшейтеді. Әлеуметтік тұрақсыздыққа халықтың табысының азаюы, жұмыссыздық әсерін тигізеді: несиеге баспана, көлік, тауар, алғандар ұақытында төлей алмай, «әлеуметтік көңіл күйі», денсаулық, жалпы өмір сапасы төмендеді төмендейді. Мемлекет осы мәселелерді шешу үшін ауқымды жұмыс жүргізуде: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» депозит салымдарына қосымша қаржылық компенсацияны төлеуді жүзеге асырды; шағын және орта бизнеске жеңілдікпен несие беру, агроөнеркәсіп кешенін қолдауға тиісті қаржы т.б. бөлінді. Мемлекеттегі халықты әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі дағдарыстың кері әсерін төмендетуге оң ықпалын тигізуде. Осы жылдың қаңтар-наурыз айларында 8,6 млн адам немесе 15-тегі және одан жоғары жастағы халықтың 67,5%-ы жұмыспен қамтылды. Статистика бойынша, жұмыспен қамтылғандардың негізгі үлесі ұйымдарда қызметке тұрған (85,% немесе 5,3 млн адам). Өздігінен жұмыспен қамтылғандар саны – 2,5 млн. Олардың ішінде 47,1%-ы ауыл шаруашылық саласында, 25,3%-ы сауда саласында, 9,1%-ы транспортты қызмет және 7,1%-ы транспортты қызмет көрсету саласында қызметке орналасты.

Осыған дейін хабарланғандай, 2015 ж. басынан бері 2 мың адам жұмысынан қысқартылды. Мемлекет тарапынан табысынан айырылған адамдарға жұмысын жоғалтқаны туралы жәрдемақы алуына немесе кәсіби дайындықтан өтулеріне мүмкіндіктер, бағдарламаларды қарастыруда [2].

Дағдарыс адамдарды орнықты мекен жайынан қозғалып, жұмыс іздеуге, басқа аймақтарға, қалаларға көшуге мәжбүрлейді; халықтың экономикалық белсенділігін арттырады. Қоғамның жас бөлігі сыртқы және ішкі миграцияға дайындығы жоғары келеді де, әртүрлі еңбек саласына назар аударады. Ал егде тартқан адамдар өз мекен – жайына жақын жерге немесе жақын туыстарының жанына көшуге дайын болады; таныс, үйреншікті еңбек түрімен айналысуға тырысады. Миграция түрін таңдауға білім деңгейі, шетел тілін меңгеру дәрежесі де, алдына қойған мақсаттары әсерін тигізеді.

Жоғары білім беру саласында болашақ мамандарды дайындауда мамандық саласы бойынша білім берумен шектелмей, жастардың бойында тұлғалық қасиеттерді, біліктілікті, кәсібилікті қалыптастыруға да назар аударылады. Қазіргі жастардың болашақта экономикалық дағдарыс, әлемнің тез өзгеруі жағдайында икемді өмір сүруіне, еңбектенуіне дайын болуына назар аудару қажет деп ойлаймын. Дағдарыстан шығуда мемлекеттің атқаратын ролі жоғары. Ол бизнеспен, мемлекеттік емес ұйымдармен бірлесіп жұмыс істесе, әртүрлі ұсыныстарды талдау арқылы, тиімді шараларды жүзеге асырып, дағдарысты ұтымды пайдалана алады «100 нақты қадам». Ұлт жоспарында Елбасы Н.Ә. Назарбаев белгілеген ауқымды шаралар елімізді дағдарыстан шығып, қазақстандықтар өмірін сапалы өзгертуге әкелетініне сенімдіміз.

Әдебиеттер

1. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
2. Әлеуметтік жұмыс: Оқу құралы / Жалпы ред. Г.С. Әбдірайымова. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.
3. Әлеуметтік қамсыздандыруды қаржыландыру. Авторлар ұжымы А.М. Құрмановтың басшылығымен. – Астана: Астанасервиспринт, 2014.
4. Холостова Е.И. Социальная политика: Учебн. пособие. – М., Дашков и К, 2010.



А. Мусралинов

*Научный руководитель: С.Б. Сарбасова, к.пед.н., доцент
КазУЭФМТ*

РОЛЬ СОЦИАЛЬНОГО РАБОТНИКА В СОХРАНЕНИИ ОБЩЕСТВЕННОГО ЗДОРОВЬЯ

Актуальностью данной работы является потребность решения проблем общественного здоровья, а также нахождение эффективных способов лечения и охраны здоровья населения. Данная потребность актуализировала социальный анализ проблем общественного здоровья, а также поставила вопрос о внедрении в систему здравоохранения медико-социальных методов терапии.

Перспективным методологическим подходом анализа проблем общественного здоровья является концепция социального благополучия. Она позволяет рассматривать проблемы общественного здоровья в широком социальном контексте, а именно во взаимосвязи потребности, образом и качеством жизни населения.

Социальное благополучие населения относится к числу ведущих факторов, обеспечивающих высокий уровень общественного здоровья. Условием социального благополучия и рост возможностей населения является устойчивое социально-экономическое развитие государства.

Социальный подход в определении общественного здоровья ставит вопрос о применении соответствующих методов лечения. Идеальным решением, как считают ученые и практики социальной сферы, является применение комплексной медико-социальной терапии, сочетающий позитивный потенциал методов социальной работы с медицинской терапии [1].

Сохранение социального благополучия и здоровья – одно из направлений по реализации Государственной программы развития здравоохранения на 2011-2015 гг. «Саламатты Қазақстан». В соответствии с данным документом проводятся массовые профилактические медицинские осмотры целевых групп населения или скрининговых исследований, основная цель которых – выявление заболеваний на ранних стадиях и предупреждение развития заболеваний, факторов риска, способствующих возникновению заболеваний, формирование и укрепление здоровья населения [2].

В повышении эффективности социально-медицинского обслуживания и сохранении общественного здоровья возрастает роль социального работника, нового специалиста в системе здравоохранения с 2011 года. Эти специалисты социальной сферы в медицине появились благодаря реализации закона «О специальных социальных услугах», одним из основных направлений которого были формирование института социальных работников [3].

В деятельности социальных работников, работающих в системе здравоохранения, профилактика и сохранение общественного здоровья занимают немаловажную роль. Профилактические мероприятия – важнейшая составляющая системы здравоохранения, направленная на формирование у населения медико-социальной активности и мотивации на здоровый образ жизни. Одним из видов профилактики здоровья является – скрининг.

Таким образом, скрининг – это многофункциональная деятельность, для решения которой необходимы усилия и медицинских работников, и специалистов социальной сферы, и психологический настрой, понимание необходимости скрининга со стороны населения, самого человека [4].

В современных социально-экономических условиях социальный работник – это та личность, которая владеет необходимыми знаниями, коммуникативными способностями и умением убеждения, за которой люди готовы идти, которой они доверяют. Все мастерство и умения социального работника направлены на достижение социального благополучия.

Проблеме повышения роли социального работника в сохранении общественного здоровья страны посвящены научные исследования ученых стран СНГ.

Методологию медико-социального анализа общественного здоровья практикуют такие авторы как А.В. Решетников, А.М. Изуткин, В.П. Петленко, А.В. Мартыненко. Проблемы социального ориентированного здоровья разрабатывают в трудах Я.Д. Погорелова, И.Э. Чудиновой, В.К. Юрьева, Ш.Х. Кадырова [5-7]. Опыт зарубежных стран в сфере медицинских и социальных услуг является предметом исследовательской работы Н.Н. Ваганова, Е.И. Холостова, В.И. Курбатова, П.Д. Павленок.

В казахстанской науке идеи комплексного медико-социального подхода к проблемам общественного здоровья развивают А.А. Аканов, А.Б. Кутлумуратов, Т.К. Рахыпбеков, Р.А. Абзалова.

Анализ состояния разработки проблемы в науке и практике позволили объективно выявить сложившееся противоречие между необходимостью практической потребности в организации социальной работы для повышения социально-психологического понимания населением необходимости прохождения скрининга и не разработанностью научно-методических основ социальной работы в сохранении общественного здоровья.

В соответствии с целью нашей работы мы считаем необходимым обратить внимание на роль социального работника в здравоохранении.

Социальный работник медицинского профиля, владея знаниями не только медицины, но и такими дисциплинами как психология, педагогика, социальная защита, право, обеспечивает медико-социальную помощь и защиту отдельных лиц, семьи и населения в целом. Социальный работник свободен в выборе теоретических оснований своей деятельности, в сборе дополнительных данных о больном, его состоянии, семье, близких. Однако в главном они сводятся к информационному обеспечению тех задач, что стоят перед социальным работником сферы здравоохранения:

- обеспечить оптимальную связь больного с его социальным окружением;
- оптимизировать самопомощь и поддержку близких больному в кризисной ситуации;
- обеспечить связь работников медицинского учреждения с семьей и близкими больного;
- оказать поддержку родным и близким в ситуациях трагического исхода болезни клиента.

Медико-социальная защита населения включает, например, такие направления деятельности, как первичная медико-санитарная помощь и реабилитация больных хроническими заболеваниями со стойкой утратой трудоспособности, оказание медицинских услуг по уходу за престарелыми, инвалидами, решение социально-бытовых, юридических, воспитательных, психологических и ряда других проблем, выполнение которых невозможно без медицинской подготовки социальных работников.

Социальная работа в органах здравоохранения сводится к поддержанию состояния достаточно широких функциональных возможностей организма, необходимых для нейтрализации влияния негативных факторов окружающей среды.

Причем функциональные возможности рассматриваются как физиологические резервы, объем которых может сокращаться, или увеличиваться в зависимости от степени их тренированности. Функциональные возможности создаются образом жизни как комплексом режимных моментов и моментов, исключающих или усугубляющих истощение названных резервов. Конечной целью всех усилий является охрана здоровья и жизни обслуживаемых лиц.

Социальный работник, занятый в сфере сохранения общественного здоровья, должен придерживаться своих профессиональных ценностей и принципов. И процессы социально-экономического реформирования, охватившие все сферы жизнедеятельности населения Казахстана, наглядно показывают, что основными ценностями деятельности социального работника является человек и его здоровье. Появляются новые данные о показателях общественного здоровья, факторах риска окружающей среды и образа жизни. Входят в повседневную деятельность социальных работников новые формы хозяйственного механизма, экономических отношений, программно-целевого планирования. Новую интерпретацию получают изданные ранее законодательные и нормативные документы. Происходят изменения в структуре и формах первичной социально-медицинской помощи и обеспечении санитарно-эпидемиологического благополучия населения. Это определяет необходимость подготовки новых учебных пособий. В настоящее время система здравоохранения, показатели и нормативы медико-социального обеспечения все еще не стабильны. Не отработана четкая стратегия развития здравоохранения на ближайшие и отдаленные сроки.

Таким образом, комплексная медико-социальная работа и деятельность социального работника способствует позитивным изменениям в обществе, решению проблем в человеческих взаимоотношениях, повышению ответственности человека за себя и свое здоровье, реальной реализации его права на достойную жизнь. Основываясь на теориях человеческого поведения и социальных систем, социальная работа включается в процесс на этапе, когда человек взаимодействует с окружающей средой, влияя через социальное здоровье на индивидуальное, а через него и на общественное здоровье.

Литература

1. Послание президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана. – Астана, 2014.
2. Государственная программа развития здравоохранения Республики Казахстан «Саламатты Қазақстан» на 2011-2015 годы.
3. Закон РК от 29 декабря 2008 года №114-IV «О специальных социальных услугах» (с изм. и доп. по сост. на 19.05.2015 г.).
4. <https://ru.wikipedia.org/wiki>
5. Погорелов Я.Д., Чудинова И.Э. Медико-социальная политика как составная часть стратегии развития современного здравоохранения в России // Проблемы соц. гигиены и истории медицины. – 1996. – №2.
6. Мартыненко А.В. Медико-социальная работа: теория, технология, образование. – М.: Наука, 1999.
7. Шейман И.М. Подходы к созданию интегрированной системы оказания и финансирования медицинской службы. – 1996. – С. 59-73.
8. Холостова Е.И. Социальная работа: Учебн. пособие. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и Ко», 2010. – 800 с.
9. Основные социальные работы / Отв. ред. Павленок П.Д. – М.: ИНФРА, 2001.
10. Курбатов В.И. Социальная работа. – М.: Ростов на Дону: «Феникс». – 1999.



А. Мырзаханова

*Ғылыми жетекшісі: А.А. Медетбекова, магистр, аға оқытушы
ҚазЭҚХСУ*

АДАМ САУДАСЫ – ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕ

Елбасымыз тәуелсіздіктің 20 жылдығында заң үстемдік ететін құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам қалыптастыру-еліміздің басты мақсаттарының бірі екендігін атап көрсетті. Солардың ішінде Қазақстан халқының еркін білдіріп, «Адам құқықтарының жалпы декларациясында» және т.б. халықаралық құқықтың нормаларында қабылданған адамның бостандықтары мен құқықтары басымдықтарын мойындап, бірінші орынға қойды [1].

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабында мемлекеттің жоғары құндылықтары адам, адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп көрсетілген. Сонымен қатар, еліміздегі 2010-2020 жж. деіінгі құқықтық саясат тұжырымдамасының жобасы-мемлекеттің тұрақты дамуының алғышарты. Бұл тұжырымдаманың негізгі бағыттарының біріне «азаматтар өз конституциялық құқықтарының орындалуын талап етуі үшін ұсынылған жаңалықтарды халық арасында насихаттау» жатады, яғни әрбір адам өз құқықтары мен бостандықтарын қорғаи алады және мемлекет оның кепілі болу қажет. Конвенцияны ратификациялау туралы Конвенцияны және 1956 ж. 7-қыркүйектегі құлдыққа ұқсас, дәстүр, институттар, құл сату, құлдық рәсімдер туралы Қосымша Конвенцияны, 1926 ж. 25-қыркүйектегі құлдық туралы Конвенцияға өзгерістер енгізу Хаттамасына қол қойды». Сонымен қатар Қазақстан Республикасының №40-IV «Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы Біріккен ұлттық ұйымдардың Конвенциясын ратификациялау туралы» Заң іске қосылды. 2008 ж. 4-маусымында Қазақстан Республикасының ІІМ трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы Біріккен ұлттық ұйымдардың Конвенциясын толықтыратын, хаттамаларды ратификациялау туралы Заңы әзірледі. Алайда, бүгінгі қоғамда адам құқықтары мен бостандықтарының бұзылу мәселесінің өзекті болуының куәгерлері болып отырмыз. Осындаи адам құқықтары бұзылуының ең қауіптілерінің бірі – адам саудасы. Адам саудасы – әрбір адамның заңмен бекітілген жеке құқығын ескерместен, оларға зорлық-зомбылық көрсету, азапты, қиын жұмыстарға еріксіз салу, адамдық бостандығын аяққа таптауарқылы белгілі бір топтардың, тұлғалардың, яғни оңай табыс табу жолын көздеу арқылы, адамдарды пайда табудың көзіне айналдыру сияқты теріс сипат. Америка ғалымдары С. Стокер мен Л. Шелль «адам саудасы» мәселесін дүние жүзіндегі глобалды заңсыз экономиканың көп бөлігін құраған ұлтаралық қылмыс феномені ретінде қарастырады.

Бүгінгі таңда, сарапшылардың пайымдауынша, ұйымдасқан қылмыс саласында ХХІ ғ. өзекті мәселесіне айналған адам саудасы есірткімен қару-жарақ саудасынан кейін 3-ші орынға ие. Көбінесе адам саудасына ұшырайтындар әйелдер мен кәмелетке толмағандар. Жыл сайын әлемде 700 мың. 5 млн деіін ерлер, әйелдер мен балалар адам саудасының құрбандары болып, ықтиярсыз құлдықта ұсталады. Оның 1,2 млн – балалар [2].

Осындаи қоғам қасіреті біздің елімізде де кең етек жайған. Қазақстан көлеміне қараи дүние жүзі елдері ішінен тоғызыншы орында және мәжбүрлі түрде жұмыс күшіне айналғандар мен жезөкшелікке жегілген адамдарды әкелетін, тасымалдаитын және «аралық көпір» қызметін атқаратын елге айналып отыр. Қазақстандық әйелдер мен балалар Қазақстанның ішінде де саудаға салынады, оларды жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеп, Біріккен Араб Әмірліктеріне, Ресей, Қытай, Түркия, Әзірбайжан, Грекия және Израильге жөнелтеді. Сол секілді Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан және, Украина әйелдері мен жас қыздары Қазақстанда күштеп жезөкшелікке жегіледі.

1990 ж. бас кезінде пайда болып, бүгінгі уақытта ең шырқау шегіне жеткен адам саудасы әлемде есірткі мен қару-жарақ саудасынан кейінгі үшінші орында тұр. Әрине, табыстылығы мен таралу шеңбері бойынша мафияның жылдық бюджеті – 7 млрд АҚШ долларының шамасында. Шындығы да сол, «тірі тауарға» салық төлеудің, инвестиция салудың, тасымалдаудың қажеті жоқ. Жеткізу нүктесіне өз аяғымен барады, қамшының астында жүріп, еңбегін ақтайды. Кеудесінде жаны шыққанша немесе бұғаудан қашып құтылғанша (алайда, мұндай жағдайлар өте сирек) қо-

жайынға өте тірі табыс әкеледі. Өліп қалған жағдайда, құны жоқ. Екінші алданған құл кезекте тұрады. Шетелдерде үй күтушісі, даяшы, бала бағушы жұмыстары ұсынылады. Қыз-келіншектерге көбіне 500-700 долл. көлемінде жалақы уәде етіледі. Расында, мұның сыртында күштеп жезөкшелікпен айналысу тұр. Ер адамдарды кәсіби біліктілікті аса көп қажет етпейтін жұмыстармен қызықтырады. Адам саудасымен күрес мәселелері бойынша Америка Құрама Штаттары Мемлекеттік хатшысының кеңесшісі Д. Миллер «адам саудасы – бұл құлдықтың қазіргі нысаны және бүкіләлемдік мәселе» деп басып айтты. Біріккен Ұлттар ұйымының адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссары Л. Арбурдың пікірі бойынша: «Адам саудасы халықаралық қауымдастық күрес жүргізетін адам құқықтары бұзылуының алғашқысы болса да, оның өткен шаққа кеткенін айту әлі ерте. Оны түбімен жою үшін аса үлкен күш салу қажет. Бұған қоса құлдық алуан түрлі нысанда болады. Оның нысандары уақыт өте келе өзгеріп, әлеуметтік-экономикалық және діни мағынасын көрсетеді». Адам саудасы – күшпен қорқыту, алаяқтық, билігін асыра пайдалану немесе жағдайдың осалдығын пайдалану жолымен, немесе басқа тұлғаны бақылайтын тұлғаның келісімін алу мақсатында төлемақы немесе олжа түрінде пара беру жолымен пайдалану мақсатында жалдау, тасымалдау, беру, жасырушылық немесе адамды иемденуді білдіреді. Адам саудасының жолын кесу әзірге мүмкін емес. Қоғам, билік осы қанды бизнестің қауіптілігін сезініп отырған жоқ. Трафикке (адам саудасына) қарсы бағытталған ақпараттық соғыстың тым бәсеңдеп кеткендігін де атап өткен жөн. Шетелде оңай олжа жатпағандығын аңғал жұртымызға айта беру керек. Ақпараттық компанияның әлсіздігі адам саудалаушы трансұлттық қылмыстық топтар үшін де пайдалы, табысты «бизнестерін» өркендетуге еш кедергі жоқ. Жоғарыда көрсетілген жағдайды ескере отырып, осы дипломдық жұмыстың негізгі идеясы адам саудасы мен құлдық қылмыстарының қазіргі кездегі құқықтық реттелуін, онымен халықаралық-құқықтық күрес мәселелерін ашып көрсету болып табылады. Осы зерттеу жұмысының ғылыми-теориялық негізін мынадай ғалым-құқықтанушылар, мамандар мен тәжірибешілер құрайды: Е.Б. Мизулина, М.А. Сарсембаев, А. Сыдыкова, Е. Бадикова, Е. Сейдинов, С.А. Алжанкулова, Н. Балабаева, Г.А.Тлегенова, К.А. Токтыбаева, А.И. Милевский, Л. Найденова, А.М. Шабатова, А. Омашева, т.б. Сонымен қатар ғалымдар мен тәжірибешілер тақырып бойынша халықаралық және аймақтық конференциялар өткізу барысында өз үлесін қосты: Н.М. Абдиров, К.Ж. Балтабаев, К.А. Бегалиев, И.Ш. Борчашвили, У.С. Жекебаев, Б.Ж. Жүнісов, Е.И. Қайржанов, М.Ч. Қоғамов, Г.С. Мауленов, А.Х. Мындағұлов, М.С. Нәрікбаев, Е.А. Онғарбаев және т.б. Зерттеу жұмысының нормативтік құқықтық актілеріне адам саудасы және құлдыққа қарсы ұлттық заңнама ғана емес, халықаралық-құқықтық актілер (Конвенциялар, мемлекеттер арасындағы келісімшарттар, т.б.) [3].

Орталық Азияның басқа мемлекеттеріне қарағанда, Қазақстан экономикасы қарқынды дамып келе жатқан мемлекет, соған байланысты жұмыс іздеушілер де, оларды жұмысқа тарту да біздің елімізде көп орын алуда. Міне, осының нәтижесінде жұмыс іздеп келушілерді алдау-арбау, еліктіру, сату сияқты өрескел құқықбұзушылықтардың құрбаны болуда. Сонымен қатар, ел ішіндегі келеңсіз жағдайлар көптеп байқалуда. Мысалы, ауылдық жердегі балалар мен әйелдерді қалаларға мәжбүрлі еңбекпен, жезөкшелікпен немесе күштеп басқа да жұмыстарға тартылуы, құлдыққасатылуы жөнінде де мәліметтер кездеседі.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда 2006 ж. адам саудасымен айналысқаны үшін тек 1 адам ғана қылмыстық жазаға тартылды. 2008 ж. ішкі істер органдары адам саудасына қатысты 20 фактіні анықтады, соның ішінде 5 кәмететке толмаған жастар болды. Эксплуатациялау мақсатында адамдарды ұрлау бойынша 4 іс қозғалды, ал жезөкшелікпен айналысу бойынша 11 іс қаралып, 226 жезөкшелікке адамдарды еліктіру және сондай істерді ұйымдастырған притондар ұсталынды. 2009 ж. адам саудасымен айналысқан 24 адам сотталды (2008 ж. санмен бірдей). Олардың ішінде 21 адам жезөкшелікке жегу мақсатындағы адам саудасы үшін сотталған (2008 ж. 18 адамға қарағанда ұлғайған), ал 3 адам мәжбүрлі түрде жұмыс күшіне аиналдыру мақсатындағы адам саудасы үшін сотталған (2008 ж. 6 адамға қарағанда төмендеген). Тек бір айыпталушы шартты жазаға кесілді және түрмеде жазасын өтеуден босатылды. Жезөкшелікке жегу үшін 11 адам 5,5-10 жылға, және 9 айыпталушы – 2-5 жыл мерзімге, жұмыс күшіне аиналдыру үшін 3 айыпталушы 5-7 жылғы мерзімге бас бостандығынан айрылды [4].

Қазіргі таңда бұл мәселенің көрініс табуы халықаралық қылмыспен, оның ұйымдасқан нысандарымен тығыз байланысты, соған орай құқық қорғау органдарынан, сонымен қоса азаматтық қоғамнан жалпы көңіл бөлудіміндеттеді [4].

Қазақстан Республикасының үкіметі үкіметтік емес ұйымдармен және халықаралық ұйымдармен бірлесе отырып, адам саудасына қатысты қылмысты зерттеумен, анықтаумен айналысатын мақсатқа бағытталған шараны жүзеге асырумен айналысады және елімізде күресу бойынша арнайы механизмдері:

- адам саудасын заңсыз сыртқа шығару, сатумен күресу сұрақтарымен айналысатын ведомство аралық комиссия құрылды;
- сондай істерге жауапты мемлекеттік органды бекітті, ол – Әділет Министрлігі;
- ІІМ криминал полициясының Комитетінің, сонымен қатар Астана, Алматы қалаларында, облыстық аймақтарда бұл саладағы қылмысты анықтауды, зерттеуді іске асырумен үздіксіз айналысатын, адам саудасымен күресетін арнайы бөлімшелер құрылған.

Адам саудасының мәселесімен күресу жолы, ең алдымен, мықты ұйымдастырылған заңдық жүйесіз іске аспаиды. Соған орай, еліміз бірқатар халықаралық нормаларды ратификациялаған болатын. 2008 ж. 5-ақпанында Қазақстан Республикасының ІІМ әзірлеген Қазақстан Республикасының №19-IV «1953 ж. 25-қыркүйекте бекітілген құлдыққа қарсы. Алайда, Қазақстан үкіметімен жүргізіліп отырған шаралар, жұмыстарға қарамастан, еліміз адам саудасы мәселесін реттеу әлі де толық нәтижеге жетпей отыр және осы мәселенің көлемі де күннен күнге артып, жалғасын табуда. Бұндай құбылыстардың кеңінен таралуына бірнеше себептер ықпал етеді: халықтың сауатсыздығы, адамдардың қоғамдағы бұл мәселеден беихабарлығы немесе көптеген жағдайда аңқаулығы, шет елдерде табысы жоғары жұмысқа орналасу, білім алу үшін шақырылған жұмыстар мен ұсыныстарға ықтиярсыз сеніп, алдануы. Бұдан келе тағы да бір себеп туындайды, бұл әлеуметтік жағдайлары төмен, қандай да еңбекке дайын адамдардың осындай іске жолығуы, яғни халық арасындағы кедейшіліктің болуы. Мысалы, зерттеулердің көрсетуінше, келесі топтағы балалар адам саудасының құрбаны болып жатады:

- жағдайы төмен отбасылардан шыққан балалар;
- жетім балалар, көше балалары;
- мигрант балалар;
- білімі төмен отбасылардан шыққан балалар;
- мүгедек балалар;
- үйшілік зомбылықтың кәмелетке толмаған жәбірленушілері;
- спиртті ішімдіктер, нашаны қолданатын балалар;
- заңмен қатығыстағы кәмелетке толмаған балалар және бұрын соңды адам саудасының құрбандары.

Проблеманы талдау, адамды сату мынадай негізгі себептер бойынша жер. Соған қарамастан, біз адамның жалпыға танымал құқықтарының бұзылу мәселесінің өзекті болуының куәгерлері болып отырмыз. Адам құқықтары бұзылуының әртүрлі нысандары пайда болуда, олар – адамның өмір сүруге құқығының бұзылуынан бастап еркін сөзге құқықтың шектелуіне дейінгі нысандары. Соның ішінде, қазіргі кездегі адам құқықтары бұзылу нысандарының ең қауіптілерінің бірі – адам саудасы. Қай заманда болмасын адамды қанау, зорлық-зомбылық жасау ең сорақы көрініс және үрей тудыратын құбылыс болып саналады. Адам саудасы дегенде, әрбір кісінің жеке заңды құқығын ескерместен оларға зорлық-зомбылық жасау, азапты жұмыстарға жегу, адами еркін аяққа таптау арқылы белгілі бір топтардың, яғни оңай олжаға кенеліп, пайда табудың көзіне айналдыру секілді теріс сипатында көз алдымызға келеді. Әр жыл сайын дүние жүзі бойынша 4 миллионға жуық адам құлдыққа сатылады. Алдап-арбау жолымен өз Отандарынан сырт мемлекеттерге әкетіліп, тегін жұмыс күші ретінде немесе жезөкшелікпен айналысуға итермелеу жағдайларын қазіргі заманның құлдығы дегеннен басқаша атау мүмкін емес. Ішкі мазмұны, орындалу механизмдері жұртшылыққа тіптен түсініксіз – сәби саудасы, шетелдерге жұмысқа жалдану, т.б. адам саудасының кеңінен жайылған түрлері. Өкінішке орай, уақыт сілкінісінен түсініксіз күй кешкен кез-келген мемлекет ХХІ ғ. құлдығына қарсы тұра алмады. Мұның көрінісін мынадан-ақ байқауға

болады: біріншіден, адам саудалаушылар өздерінің қылмыстық қызметтерін сырт көзге байқалмай-тындай етіп, ұйымдастыра алды. Екіншіден, экономикасы тұрақсыз, әлеуметтік жағдайы төмен елдің халқы құл иеленушілердің құрбандығына бірінші болып шалынады. Үшіншіден, соғыс өрті тұтанған немесе тұтануға жақын жанжалды аймақ – «қарбазардың» қызған орталығы деуге болады. Қалыпсыз аймақта адамды ешбір кедергісіз ұрлауға да, осында әкеліп сатуға да болады. Тіпті, «тірі тауарды» өлтіріп тастау да қиын емес. Жұмсартып айтқанда, адам құны арзандаған қоғамда, екі аяқты пенде қорғаныссыз қалып отыр. Бүгінгі күннің ең қатал, ең сұмдық, бірақ даусыз ақиқаты «ешкімнің ешкіммен шаруасы жоқ» формуласы – адам саудалаушылардың қолындағы таптырмас құралға айналды.

Есіңізде болсын! Қандай жағдай болмасын, өзіңіздің құжаттарыңызды, көші-қон қызметі немесе құқық қорғау органдары өкілдерінен басқа ешкімге бермеңіз. Өз құжатыңыз тек сізге ғана тиесілі! Сақ болыңыз, кез келген ұсақ-түйекке көңіл бөлгеніңіз дұрыс.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, Жеті Жарғы, 1995.
2. Қазақ КСР-ның Мемлекеттік Егемендігі туралы Декларация, 25 қазан, 1990.
3. Ахметов Ә. Адам құқы – ең жоғарғы құндылық // Құқықтық Қазақстан, 2007.
4. Нормативтік-құқықтық актілер туралы ҚР-ның заңы, 28 наурыз 1998.
5. Бопабаев Е. Адам құқықтарын қорғаудың тетіктері // Заң және заман. – №5. – 38-39 бб.
5. Токтыбеков. Ә. Мемлекеттік басқаруды демократияландырудың кейбір.



А. Уразакова

*Ғылыми жетекшісі: А.Б. Валиева, магистр, аға оқытушы
ҚазӘҚХСУ*

ЖЕТІМ БАЛАЛАРҒА КӨМЕК БЕРУШІ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЛАР

Елімізде әрбір азаматтың толық қанды өмір сүруге құқығы бар және бала мемлекеттің ең басты қазынасы екендігі түрлі мемлекеттік заңнамаларда көрсетілген. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бапта мынандай заң нормасы бекітілген: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары». Әлеуметтік мемлекет дегеніміз – Қазақстан мемлекеті барлық азаматтардың әлеуметтік жағдайын шешуге өзі жауапты. Осы ата заңының нормасы халықаралық құжаттарға сәйкес. Олар: адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы (1948 ж.), адамдардың саяси және азаматтық туралы халықаралық пакты (1966 ж.), адамдардың экономикалық, әлеуметтік және мәдениеттік туралы халықаралық пакты (1966 ж.). Қазақстан бірінші пакты 28 қараша 2005 ж., екіншісін – 21 қараша 2005 ж. қараша бекіткен [1].

Осындай қағидаларға сүйене отырып, мемлекет әрбір баланы әлеуметтік саясаты бойынша қорғауға, қолдауға қатысты жобалар мен бағдарламаларды іске асыруда. Барлық адамдар тумысынан азат және қадір-қасиеті мен құқықтары тең болып дүниеге келеді. Адамдарға ақыл-парасат, ар-ождан берілген, сондықтан олар бір-бірімен туыстық, бауырмалдық қарым-қатынас жасаулары тиіс. Қазақстан республикасының «Бала құқығы туралы» заңнамалық құжатында барлық балалардың теңдігі, олардың тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүлкітік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға

қарамастан, барлық бала тең құқыққа ие екендігі ерекше аталып өткен. Сонымен қатар, балаларды халықтың «әлсіз топтарына» жататындығы, оларға ерекше мемлекет тарапынан көмектер көрсетілуі тиіс туралы нақтыланып көрсетілген. Осы балалардың түрлі категорияларының бірі және ерекше көмекке зәру топтары жетім және ата-ананың қарауынсыз қалған балалар. Жетім бала дегеніміз – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасы қайтыс болған бала: кеңірек мағынасын түсіндірсек, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала дегеніміз: ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына; ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына; олардың қайтыс болды деп жариялануына; әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына; ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне; ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты; ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған бала деп көрсетілген. Жетімдіктің мынандай түрлері бар:

- әлеуметтік жетім – ата-анасы бар немесе қайтыс болмаған, бірақ ата-ана өз келісімдерімен баладан бас тарту, сондай-ақ ата-ананың түрлі сол қылықтарға бару арқылы олардың құқықтарын шектеп баланы айырып алу;

- тұл жетім – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасының біреуінің қайтыс болуы тұл жетім деп аталады.

Қазіргі таңда әлеуметтік жетім тұл жетімге қарағанда 80% құрап отыр. Қалған пайызы ғана тұл жетімдер. Мемлекетімізде жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды (осыдан кейін – жетім балалар) және әлеуметтік ақталуға мұқтаж кәмелет жасына толмаған балаларды арнайы мекемелерге орналастыру тәжірибесі айтарлықтай жинақталған. Өкінішке орай, 2011 ж. 1 қаңтарындағы статистикалық мәлімет бойынша Қазақстан Республикасы көлемінде жетім бала мен ата-анасының қамқорлығынан айрылған балалардың саны 38386-ға жетіп, соның ішінде 14052-сі ертең отбасы ұйтқысы болар қыз балалары екен. Солардың арасында 11612-сі ата-анасының қамқорлығынан айрылған балалар, яғни тірі жетімдер. 1999-2010 жж. аралығында 8675 бала шетел азаматтарына асырап алуға берілген. Сондықтан бүгінгі отбасы тәрбиесінің мазмұны мен технологиясын жетілдірудің жолдарын қарастыру қоғамның өзекті мәселелерінің бірі ретінде қарастырылуда. Мұның барлығы бүгінгі қоғамдық жағдайдағы тәрбиенің олқылықтары мен отбасы тәрбиесіндегі ата-аналардың немісқұрайлылығының салдары деп білу керек. Балалардың аналардан бөлек тұруы олардың тәрбиесіне ерекше әсер етеді. Балалардың әлеуметтік жетім болуы, біріншіден, аналардың балаларынан саналы түрде бас тартуынан, екіншіден, өздері ішімдік пен нашакорлыққа әуестенетіндіктен, балаларының болашағы үшін аландаушылық білдіріп, саналы түрде бас тартатындықтан, үшіншіден, ата-аналарының қайтыс болуынан болады [2].

Атап айтқанда олар Қазақстан Республикасының әр түрлі министрліктері:

- еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігімен (әлеуметтік мекемелер);
- білім және ғылым министрлігімен (арнайы білім беру мекемелері);
- денсаулық сақтау министрлігімен (сауықтыру, білім беру мекемелері);
- ішкі істер министрлігімен (балалардың түзелу (жөнделу) мекемелері) құрылады.

Осыған ұқсас ұйымдар басқа да ведомстволарда құрылып отыр. Кәмелет жасына толмағандарға арналған мемлекеттік әлеуметтік мекемелерге мыналар жатады: а) кәмелет жасына толмағандарға арналған әлеуметтік-ақтаушылық орталықтар; б) балалар мен жеткіншектерге арналған әлеуметтік баспаналар. Ол баланы қабылдау, жылыту, пана болу үшін құрылады. Қазіргі уақытта баспана – ауыр өмірлік жағдайға тап болған балаларға оған пана болу үшін, оның тұратын жерін анықтау мен оны орналастырудың оған лайықты формаларын айқындау үшін баланың уақытша тұратын мекені. Бүгінгі таңда баспанаға бір жасқа дейінгі балаларды қабылдайды (бұрынғы уақытта 3-6 айлық балаларға арналған болатын, бірақ өмір талаптарына сәйкес оның жас ұзақтығы бір жасқа дейінге ұзартылды); в) ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету орталықтары; г) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін білім беру жүйесінде құрылған мекемелер. Білім беру мекемелерінің негізгі түрлеріне мыналар жатады:

– балалар үй-бұл ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды бағып-күтуге, тәрбиелеуге және оқытуға арналған арнайы мекеме. Балалар үйінің мынадай түрлерін бөліп көрсетуге болады: ерте жастағы балаларға (1,5 және 3 жас) арналған; мектеп жасына дейінгі балаларға арналған; мектеп жасындағы балаларға арналған; аралас; жетім балаларға және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар үйі-мектептері; жетім балаларға және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған арнайы (коррекциялық) балалар үйі [3].

Жетім балаларға және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған жағдайларды жетілдіру мақсатында балалар үйінің ұйымдастырушылық құрылымын отбасылық жағдайларға барынша жақындастырады. Осы мақсатпен балалар үйінің жаңа формалары пайда болады. Мұндай формаларға мыналар жатады.

- Отбасылық балалар үйі – бір немесе бірнеше жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды (ата-аналық құқығынан айырылған) қамқорлығына алған отбасы. Мұндай отбасылар келісімшарттар негізінде бірнеше жылға құрылады. Отбасылық балалар үйінің бірнеше түрі бар: бір немесе бірнеше балаларды қамқорлығына алған отбасы; тәрбиешімен бірге тұратын бірнеше балалар; туған және асырап алған балалары бірге тұратын отбасы және т.б.

- Отбасылық типтегі балалар үйі – бұл отбасылық типте арнайы құрылған балалар үйі. Мұның артықшылығы болып мұнда бала интернаттық мекемемен салыстырғанда, баланы тәрбиелеуге, оны жеке тұлға тұрғысынан қалыптастыруға арналған жағымды жағдайлар құрылған отбасына түседі. Оның кемшіліктері болып мұндай ортаға бейімделмеген балаға қалыптасқан отбасы ортасының таңсық болуы, сондай-ақ ата-ананың қызметін мойнына алған тәрбиешілердің ата-аналық қызметті орындауға даярлығының жеткіліксіз болуы саналады.

Отбасылық типтегі балалар үйінің негізгі міндеттері болып жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасы жағдайында тәрбиелеу, оқыту, сауықтыру мен жеке өмір сүруге даярлау үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Мұндай үй отбасы базасында ерлі-зайыптылардың екі тарапынан да 5-тен төмен емес және 10-нан артық емес балаларды алғысы келген тілектерінің болуы мен олармен бірге өмір сүретін отбасы мүшелерінің соның ішінде туған асырап алған ұлдарының (асырап алған қыздарының) пікірлерін ескере отырып ұйымдастырылады. Балалардың жалпы саны осы кезеңде бір некедегі ерлі-зайыптылардың туған және асырап алған ұлдарын (асырап алған қыздарын) қосқанда 12-ден аспауы керек. Қазақстан Республикасын да атқару үкіметінің (әлеуметтік қорғау органдарының, әкімшіліктің) шешімдерімен құрылады, қайта құрылады және таратылады. Отбасылық типтегі балалар үйі орналасқан қамқоршылық және қорғаншылық ұйымдары балалардың тәрбиесі мен өмір сүру жағдайларына бақылауды, олардың құқықтары мен заңды қызығушылықтарын қорғауды жүзеге асырады. Ол тәрбиелеуге арналған балаларды алуға тілек білдірген адамдардың оқуын қамтамасыздандырады.

- Жетім балаларға және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернат. Интернат (от лат. *Internus* – ішкі) – оқушылардың бөлек бір немесе толық бір мемлекеттік қамтамасыздандыру негізінде оқи жүріп, тұратын білім беру мекемесі; білім беру мекемесіне қарасты оқушыларға арналған жатақханалар; оларды күтіп-баптаумен қамтамасыздандыратын үй [4].

Жетім балаларға және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған интернаттық мекемелер мынадай ұстанымдар негізінде жұмыс істейді: гуманизм, жалпы қолжетімділік, жалпы адамзаттық құндылықтар басымдығы, азаматтық, жеке тұлғаның еркін дамуы, тәрбиеленушілердің құқықтары мен қызығушылықтарын қорғау, білімнің автономдылығы және ағартушылық сипаты.

Ұйымдастырушылық-интернаттық мекемелердің айырмашылығы:

- интернаттық мекемелердің қарапайым түрі;

- интернаттық мекемелердің отбасылық түрі. Мұндай мекемелерде әр түрлі жастағы (құрамы бойынша 8 адамнан аспайтын) немесе бірдей жастағы (4 жасқа дейін – 5 баладан аспайтын, 4 жастан жоғары – 10 баладан артық) балалар отбасы деп аталатын топтарда тұрады. Дейтұрғанмен бұларда интернаттағы жағдайлар көп сақталады: асханадағы тағам, өзіне-өзі қызмет көрсету, жаңа киімдер алу және т.б. Мұндай ұйымдастыру барысында балалар өмірі отбасылық өмірге теңестіріледі.

Мемлекеттік емес мекемелер мен ұйымдарға қайырымдылық қорлар жатады, оларға. Балалар қайырымдылық қорлары: Республикалық «Бөбек» балалар, қайырымдылық қоры-еліміздің облыс орталықтары мен ірі қалаларда ашылған; Халықаралық қайырымдылық қорлары: «Сорос – Қазақстан» қоғамдық қайырымдылық қоры; халықаралық Американ Қайырымдылық корпусы; спеишал олимпикс интернешил халықаралық қайырымдылық қозғалысы; «қол ұшын беру» қайырымдылық қоры; SOS-Киндердорф интернационал қайырымдылық қоры.

Қазақстанда тірі жетім балалардың көбеюі алаңдатар жайт. Қазақ 1992 ж. 27 наурызынан бастап жұмыс «Бөбек» қоры Біріккен Ұлттар Ұйымының жанындағы қоғамдық ақпараттар АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында «Ашық қоғамдық институтының» Ақжайық өзенінің ең бір әдемі жеріне орналасқан «Жас дәурен» балалар кешені 1996 ж. Барлық қайырымдылық қорлардың атқаратын рөлі жетім және ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларға ата-анасынан алмаған мейірімділік, сүйіспеншілік, махаббат, тәрбие, ізгі игі неттердің орын толтыру

Жетім және ата-анасының қамқорлығынан айырылған балаларға жүргізілетін әлеуметтік педагогикалық жұмыстың технологияларына ең біріншіден бала асырап алатын отбасыларын іздестіру; ақпараттық қызмет; анкеттеу; сұхбаттасу, интервью және т.б.; бала болған отбасы мен мекемелерге бару, қатысу және т.б. Делдалдық қызмет бақылау, сұхбат; болашақ ата-аналарды зерттеу; диагностикалық қызмет (алғашқы диагностика) анкета жүргізу, сұхбат; болашақ бала асырап алатын және оның қоршаған ортасын зерттеу, диагностикалық қызмет (тереңдетілген диагностика) анкета жүргізу, тест, сұхбат, көз жеткізу, құжаттарды зерттеу; лекциялар оқу, әңгіме жүргізу, видео-фильмдер көрсету арқылы түсіндіру жұмыстарын жүргізу білім берушілік, оқытушылық қызмет, лекция, сұхбат.

Баланы қабылдап алған отбасына тапсыру, орналастыру, қабылдап алған ата-аналармен тереңдетілген оқу курстарын жүргізу; жаттықтырушылық қызмет. Дәріс, сұхбат, пікір алмасу, әңгімелесу және т.б. Әлеуметтік педагог жұмысының тәрбиеленушілерімен жүргізетін жұмыстарын ұйымдастырудың формалары әртүрлі. Шартты түрде оларды мынадай үш түрге бөлінеді:

1. Әлеуметтік педагогтың келушілермен жеке жара жұмыс жүргізу формасы (сұхбат, кеңес беру, бақылау, қарым-қатынасты реттеу, коррекциялық жұмыстартар жүргізу және т.б.).

2. Реабилитациялық мекемелердегі, халықты әлеуметтік қорғау мекемелеріндегі, жалпы және қосымша білім беру ұйымдарындағы, клубтық және басқа да мекемелердегі мамандармен кешенді әлеуметтік педагогикалық және басқа да көмек түрлерін көрсету.

3. Кооперативтік жұмыс формасы – бұл, әлеуметтік педагогтардың, қараусыз қалған балалармен және наркомадармен және т.б. күресу, кәмелетке толмаған балаларды әлеуметтік қорғау мақсатында ұйымдастырылатын көпшілік шаралар мен қайырымдылық акцияларын өткізу үшін құрылғын әртүрлі мекемлер мен ұйымдардың мамандары мен басшыларының бірлестіктері. Әлеуметтік педагогтың жұмыс формалары анағұрлым көпқырлы. Олардың барлығы дерлік адамдарға өмірлік жолдарында кездескен қиыншылықтарды жеңуге көмек көрсетуге бағытталған. Әлеуметтік педагог, әлеуметтік жұмыскер, педагог-психолог, медицина мамандарының бойында мейірімділік, сүйіспеншілік, жауапкершілік, рухани байлық болуы шарт [5].

Қорытындылай келе, жетім және ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларға, ата-ана мейірімділігін, махаббатын, сүйіспеншілігін, орнын басатын мамандық, ол әлеуметтік педагог және әлеуметтік қызметкер болып табылады, көмекші мамандықтар: педагог-психолог, медицина қызметкерлер, заңгерлер, экономистер және т.б.

Әдебиеттер

1. Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда №217 А (III) қабылданған.
2. Жетім балалармен әлеуметтік жұмыс – өзекті мәселе. – Алматы: Қазақстан жоғары мектебі, 2005. – №4.
3. Қазақстанда жетім балалармен әлеуметтік жұмыс жүргізу мәселесінің құқықтық негіздері. – Алматы: Ұлт тағлымы, 2005. – №4. – Б. 314-318.

**ПОЛИЛИНГВАЛДЫҚ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫ
АҚПАРАТТАНДЫРУДЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ
СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНФОРМАТИЗАЦИИ ОБЩЕСТВА И
ФОРМИРОВАНИЯ ПОЛИЛИНГВАЛЬНОЙ ЛИЧНОСТИ**

А. Алибек, Г. Пак

*Научный руководитель: А.А. Сеньковская, магистр, ст. преподаватель
КазУЭФМТ*

СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ КРИПТОГРАФИИ

Обеспечение конфиденциальности сообщения и сохранности информации всегда были чрезвычайно важными вопросами как для простых людей, обществ, компаний, так и для целых государств. Именно поэтому, криптография как научная дисциплина, стремительно развивается с целью защиты информации и предотвращения попадания ее в руки людей со злыми намерениями [1].

В нынешнее время одним из часто применяемых методов защиты информации является биометрия. Пожалуй, сумма двух корней этого слова уже сложили у вас определенное впечатление об этой научной отрасли. Однако, вернемся к терминологии: биометрия – процесс сбора, обработки и хранения данных о физических характеристиках человека с целью его идентификации. Технологии опознавания людей по их биометрии по лицу, пальцам или ДНК, по ирису (радужной оболочке) глаза или рисунку вен, по голосу, походке, манере работы с клавиатурой и так далее сегодня переживают эпоху бурного расцвета. На рынок ежегодно выводится масса новых и старых, но радикально усовершенствованных систем опознавания.

Биометрические системы распознают людей на основе их анатомических особенностей (отпечатков пальцев, образа лица, рисунка линий ладони, радужной оболочки, голоса) или поведенческих черт (подписи, походки).



Рис. – Биометрические параметры

Поскольку эти черты физически связаны с пользователем, биометрическое распознавание надежно в роли механизма, следящего, чтобы только те, у кого есть необходимые полномочия, могли попасть в здание, получить доступ к компьютерной системе или пересечь границу государства. Биометрические системы также обладают уникальными преимуществами: они не позволяют отгнаться от совершенной транзакции и дают возможность определить, когда индивидуум пользуется несколькими удостоверениями (например, паспортами) на разные имена. Таким образом, при грамотной реализации в соответствующих приложениях биометрические системы обеспечивают высокий уровень защищенности [2].

Биометрическая идентификация.

Идеальная схема идентификации совмещает три типа идентификаторов: носимые (карточки, ключи), знания (пароль, коды, способ использования) и биометрические идентификаторы. Использование биометрии приходит на помощь и оказывается более дружественным способом авторизации, чем необходимость предъявлять карточку или вводить PIN-код, ведь последние способы напрямую связаны с человеческим фактором: и карточку, и PIN-код можно потерять, забыть или, что тоже случается, передать «по дружбе» другому человеку.

Развитие мирового биометрического рынка выдвигает на первое место так называемые «три большие биометрики»: это цифровое (трехмерное) изображение лица (3D), отпечаток пальца и изображение радужной оболочки глаза. По соответствию фактору социальной приемлемости на первое место выходят, безусловно, бесконтактные технологии, при которых пользователь имеет минимальное взаимодействие с устройством. Лидирующую позицию здесь занимает цифровое изображение лица. Эта технология, в частности, была признана Международной организацией гражданской авиации (ICAO) обязательной для паспортно-визовых документов нового поколения, при этом два других биометрических параметра отпечатки пальцев и изображение радужной оболочки глаза – являются дополнительными, и каждое государство может включать их в паспортно-визовые документы по своему усмотрению. На рынок бесконтактных технологий в последнее время выходят также и сканеры рисунков вен.

Биометрические системы безопасности позволяют ограничивать доступ в служебные помещения. При этом биометрия решает следующие задачи [1]:

- существенно понижает вероятность проникновения нежелательной личности в зону с ограниченным доступом;
- создает психологический барьер для потенциального злоумышленника;
- документально подтверждает факт прохода каждого человека.

Основанная на трехмерной технологии распознавания лица и радужной оболочки глаза биометрическая система может работать без идентификационных карт, ключей и PIN-кодов и обеспечивать безопасный доступ в здание нескольким тысячам сотрудников. Биометрические сканеры, способные распознавать трехмерное изображение лица, используются для физического доступа, а также для контроля времени прихода сотрудников. Процесс сканирования или регистрации производится в отделе кадров и занимает около 20 секунд для одного человека.

Результатом работы трехмерного сканера является воссозданная с субмиллиметровой точностью поверхность лица, на основании которой и строится биометрический шаблон. Биометрический шаблон это антропометрическая информация, полученная с помощью трехмерного сканирования лица, которая практически не меняется со временем. Точность шаблона настолько высока, что позволяет различать близнецов. При этом размер шаблона невероятно компактен – около 5 кбайт. Полученный шаблон сравнивается с базой сохраненных шаблонов и через 1,5 с устройство выдает ответ. Система трехмерного распознавания не зависит от освещенности объекта, в котором установлена, нечувствительна к внешним изменениям, т.к. воссоздает твердотельную маску лица. Кроме того, эту систему невозможно обмануть.

Сферы применения.

Выбор отраслей, наиболее перспективных для внедрения биометрии, с точки зрения аналитиков, зависит, прежде всего, от сочетания двух параметров: безопасности (или защищенности) и целесообразности использования именно этого средства контроля или защиты. Главное место по

соответствию этим параметрам, бесспорно, занимают финансовая и промышленная сфера, правительственные и военные учреждения, медицинская и авиационная отрасли, закрытые стратегические объекты. Данной группе потребителей биометрических систем безопасности в первую очередь важно не допустить неавторизованного пользователя из числа своих сотрудников к неразрешенной для него операции, а также важно постоянно подтверждать авторство каждой операции. Большая часть усилий и финансов расходуется в настоящее время на антивирусные программы, тогда как западные компании, считая интерес к антивирусным программам первой линией обороны, переключили свое внимание на авторизацию, аутентификацию и аудит. Необходима слаженная и четко спланированная работа всех служб (охраны предприятия, отдела кадров, противопожарной, информационной безопасности).

Современная система безопасности уже не может обходиться не только без привычных средств, гарантирующих защищенность объекта, но и без биометрии. Уже упоминалось о том, что финансовая сфера относится к числу наиболее перспективных для внедрения биометрических технологий. Их возможности могут быть здесь использованы с большой эффективностью не только для контроля доступа в помещения или с целью обеспечения информационной безопасности и защиты банковской тайны, но и для осуществления финансовых операций (в банках, в их отделениях, в банкоматах), а также в качестве идентификации клиентов при оформлении кредитов [3].

Перспективы применения биометрии.

Если еще три года назад введение биометрии сдерживали прежде всего два фактора: неуверенность потребительского рынка в желании пользоваться биометрией и отсутствие единых стандартов, то уже сегодня эти барьеры успешно преодолеваются. В области изменения и утверждения единых стандартов происходят значительные сдвиги. Например, российский проект об изменении международного биометрического стандарта на цифровое изображение лица поддержали 30 стран мира. Под цифровым изображением лица теперь будут понимать формат данных, включающий как обычную двухмерную, так и трехмерную фотографию лица.

Международный подкомитет по стандартизации в области биометрии при ISO (The International Organisation for Standardisation) утверждает и другие поправки в области биометрии, т.к. в скорейшем принятии новых стандартов заинтересованы не только финансовые и промышленные корпорации, но и правительства многих стран: США, Европейского союза, Японии, Австралии и др. [3].

Изменилось сегодня и положение на потребительском рынке. По данным многочисленных опросов общественного мнения, ситуация здесь кардинально изменилась: потребители позитивно относятся к биометрии и к возможностям, которые она предоставляет. Это свидетельствует о том, что решения, основанные на применении биометрических технологий, будут в дальнейшем все более востребованы.

Литература

1. Шнайер Б. Прикладная криптография. – 2-е изд. – М.: Триумф, 2002. – 318 с.
2. Щербаков А., Домашев А. Прикладная криптография. Использование и синтез криптографических интерфейсов. – М.: Русская редакция, 2012. – 267 с.
3. Мао В. Современная криптография. Теория и практика. – М.: Вильямс, 2005. – 406 с.



А. Алибек

Научный руководитель: **Н.Н. Демидчик**, к.т.н., доцент
КазУЭФМТ

ОБРАБОТКА ВИДЕОМАТЕРИАЛОВ

При слове «мультимедиа» у многих людей возникает ассоциация с кинематографом. Это вполне объяснимо, ведь нынешнему поколению воспринимать информацию в таком формате гораздо интереснее и удобнее.

Однако, мультимедийные технологии не стоят на месте. Не будь столь стремительного их развития, не было бы и этих возможностей. Сложно определить, что именно нравится зрителям: непредсказуемый сюжет, или игра актеров, или же присутствие спецэффектов? Последнему я отдаю большее предпочтение.

История кинематографа неразрывно связана с историей спецэффектов. От первых примитивных уловок с освещением и фальшивых кинжалов в немом кино, до целых миров и невероятно реалистичных существ, которых никогда не существовало. Сейчас практически все фильмы с приличным бюджетом в той или иной степени используют виртуальные декорации. Если раньше фильмы создавались, основываясь на хитростях режиссера, то сейчас у нас есть возможность альтернативных способов обработки видео и в домашних условиях.

Существует множество программ, которые позволяют редактировать и обрабатывать различные видеоматериалы, среди них популярностью пользуются:

Sony Vegas – профессиональная программа для многодорожечной записи, редактирования и монтажа видео- и аудио-поток.

Adobe After Effects – программу After Effects называют Photoshop'ом для видео. Все, что только можно придумать для обработки видео – видеомонтаж, видеоспецэффекты, компьютерная графика для видео, создание видеокомпозиций – реализовано в программе Adobe After Effects самым полным и наилучшим образом.

Adobe Premiere Pro – это мощный пакет программ для редактирования видео с широким спектром возможностей по обработке данных в режиме реального времени и поддержкой практически всех, в т.ч. и самых новых, стандартов.




Рис. 1. Обработка видео в среде After Effects

Благодаря разработчикам этих программ, мы можем дать второе дыхание фильмам прошлых столетий, которые не могут похвастаться своим качеством и эффектными спецэффектами.

Основным недостатком при реставрации старых фильмов является отсутствие стабильности. Именно это в первую очередь бросается в глаза, т.к. создается ощущение, что камера трясется. В версии программы After Effects CS 5.5 появился замечательный инструмент **Warp Stabilizer**, который позволяет значительно улучшить картину. Однако этого можно добиться и другим способом, для этого будем использовать инструмент **Track Motion**. Нужно будет найти статичный объект в кадре в виде четко выраженной точки или грани и разместить на нем прямоугольник трекера. Track Motion расставит ключи с координатами выбранной точки, чтобы произвести стабилизацию, достаточно эти координаты привязать к свойству Position, но только с отрицательными значениями.




Рис. 2. Обработка видео в среде Vegas Pro

Для решения этой же проблемы в программе Sony Vegas Pro также имеется инструмент **Stabilizer**, который заметно и достаточно быстро улучшить ситуацию.

Качество – это необходимый и важный критерий для видеоматериалов при сравнении старых и новых фильмов.




Рис. 3. Обработка видео в среде Vegas Pro

Как вы видите, при обработке видео в среде Vegas Pro и After Effects можно существенно улучшить качество видеозображения. Несложные манипуляции обработки видео сделают старый фильм ничем не уступающим новым.

Литература

1. Лукьяница А.А., Шишкин А. Г. Цифровая обработка видеозображений. – М.: Ай-Эс-Эс, 2009. – 512 с.
2. Пташинский В.С. Видеомонтаж средствами Sony Vegas 6. – М.: Триумф, 2014. – 345 с.



А. Амиров

*Ғылыми жетекшісі: Г. Т. Азиева, магистр, аға оқытушы
ҚазЭҚХСУ*

ҚАЗАҚСТАН «ХАЛЫҚ БАНК» АҚ ЖҰМЫСЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МӘЛІМЕТТЕРІН БАЙЛАНЫСТЫРУДЫ АВТОМАТТАНДЫРУ


Database Desktop утилитасы арқылы кестені құрып алғаннан кейін, Delphi программасын ашамыз. Бірінші формабыз төмендегідей болады (1-сурет).



1-сурет. Бірінші форма

Бірінші форма бетіне 1 Panel, 1 Image, 2 Label, 2 BitBtn компоненті және программа коды қолдандым.

Жобаға File → New Form командасы көмегімен Form2 формасын қосамыз (2-сурет).




2-сурет. Екінші форма

Бұл формаға Additional панелінен Image, 2 BitBtn және 2 MainMenu компонентін орнатамыз. Object Inspector Image компонентінің Picture қасиетінің кнопкасын шертіп, өзімізге керекті суретті таңдап аламыз. Оның center, showhint, stretch қасиеттеріне true-ні белгілейміз. Ену кнопкасын басу арқылы келесі формаға өтеміз, ал Кері қайту кнопкасын басу арқылы формадан шығып кетеміз. MainMenu компоненттерінің редокторын шақырып, келесі қатарларды енгіздім:

Файл → Авторы.

Жобаға File → New Form командасы көмегімен Form3 формасын қосамыз (3-сурет).



3-сурет. Үшінші форма

Бұл формаға Additional панелінен Image компонентін орнатамыз. Object Inspector Image компонентінің Picture қасиетінің кнопкасын шертіп, өзімізге керекті суретті таңдап аламыз. Оның center, showhint, stretch қасиеттеріне true-ні белгілейміз. Және 6 BitBtn компоненттерін орнатамыз. Ену кнопкасын басу арқылы келесі форма беттеріне өтеміз, ал Шыгу кнопкасын басу арқылы алдыңғы форма бетіне өтеміз.

Жобаға File → New Form командасы көмегімен Form4 формасын қосамыз (4-сурет).

СПЕЦИАЛИСТ	ФИО	АДРЕСС	ТЕЛЕФОН	СТАЖ	ОБРАЗОВАНИЕ	ЗАРПЛАТ
Охранник	Алишжанова К.Н.	ул. Аскарова 11	2-55-36-95	2 года	Вышее	10000
Оператор	Марсова А.Т.	ул.Абая 10	2-56-69-17	3 года	Vishee	60 000
Оператор	Мамбетов М.Е.	ул.Толе би 20	3-96-71-46	5 let	Srednee-spetsialnoe	40 000
Менеджер	Кудайбергенов Е.Р.	ул.Ytegen batir 30	2-96-13-28	4 goda	Magistralyra	50 000
Бас менеджер	Дидарова А.К.	ул. Raimbek 40	3-96-31-58	6 let	Professor	70 000
Оператор	Тилекиева Н.К.	ул.Pravda 50	2-95-64-73	2 goda	Doktor Kandidat Nayk	65 000

4-сурет. Төртінші форма

Бұл формада қызметкерлерді алдым. Бұл формада 1 GroupBox, 2 BitBtn, 9 Label, 9 DBEdit компоненттерін қолдандым. Іздеу түймесіне код енгіземіз. BitBtn түймесін екі рет шертіп өңдеуші процедураға форманы жабушы код жазамыз.

Жобаға File → New Form командасы көмегімен Form4 формасын қосамыз (5-сурет).

N	Тегі	Аты	Ақесінің аты	Қыққатай мен міндеттері	Банктік деректемелер
1325325	Нақыпова	Ақнұр	Сағынайқызы	(МЕМО)	несие алған
1489201	Мамырлова	Айбол	Даниярулы	(МЕМО)	несие алған
2354567	Қалбаева	Айдана	Тимурқызы	(МЕМО)	несие алған
3454656	Нұрлыбаева	Улдана	Нұрғалиқызы	(МЕМО)	несие алған
4785587	Сейтов	Асқар	Маратулы	(МЕМО)	несие алған
5567878	Рахатова	Айнұр	Тұрғынқызы	(МЕМО)	несие алған

Тегі: Нақыпова
 Аты: Ақнұр
 Ақесінің аты: Сағынайқызы
 Банктік дерек: несие алған
 Тұрғын орны: Шымкент қаласы
 Телефон: 54.37-05
 Қолы: 3
 Қызмет көрсетуші: Төрбекева Сәуле
 Фамилия бойынша:
 Іздеу

5-сурет. Бесінші форма

Бұл формада несиелік бөлімге арналған. Бұл формада 1 Panel, 2 BitBtn, 9 Label, 9 DBEdit, 1 GroupBox, 1 DBMemo қолдандым.

Жобаға File → New Form командасы көмегімен Form5 формасын қосамыз (6-сурет).

Тегі: Тұрғыбеков
 Аты: Қазыбек
 Ақесінің аты: Есенқұлұлы
 Туылған жылы: 05.11.1980
 Жеке куәлік номері: 021456389
 ИНН номері: 330214569870
 Тұрғылықты жері: Шымкент қ. Момышұлы
 Телефон номері: 07780321456
 Арыз берген күн: 12.04.2014
 Дайын болатын күн: 26.04.2014
 Қызмет көрсетуші: Серікжанов Б.
 Тегі Аты Ақесінің аты Туган куні Udos.nom INN Turgilikti jeri Telefon nom Ariz
 Тұрғыбеков Қазыбек Есенқұлұлы 05.11.1980 021456389 330214569870 Шымкент қ. Момышұлы 07780321456 12.04
 Шымкент қ. Рыскулова 07751230212 20.03
 Асқарова Баян Төребекеқызы 21.07.1986 024719077 931223400134 Шымкент қ. Г.Ильина 07777512301 15.03
 ИНН бойынша:
 Сұрыптау

6-сурет. Алтыншы форма

Алтыншы формада Тіркелген құжаттардың кестесін қолдандым. Бұл формада 2 BitBtn, 12 Label, 12 DBEdit, 1 GroupBox компоненттерін қолдандым. BitBtn компоненттеріне код жазамыз. Сұрыптау түймесінің де кодын жазамыз.

Жобаға File → New Form командасы көмегімен Form6 формасын қосамыз (7-сурет).


Tegi	Ati	Akesinin ati	Tugan jiti	Aylyk.kolemi	Pensyonny	Kolina.tyl
Сейтова	Айжан	Нұрланқызы	23.08.1986	70000	7000	63000
Сейтжаппар	Ержолжа	Назылұлы	18.04.1989	80000	8000	72000
Ырғабай	Ақмарал	Ермаханқызы	17.11.1987	78000	7800	70200

ИНН бойынша:
 Сұрыптау

7-сурет. Жетінші форма

Жетінші формада айлық көрсеткішін алдым. Бұл формада 2 BitBtn, 1 Label, 1 DBEdit, 1 GroupBox компоненттерін қолдандым. BitBtn түймесін екі рет шертіп есептеу кодын жазамыз. Сорттау түймесінің де өз кодын жазамыз.

Жобаға File → New Form командасы көмегімен Form7 формасын қосамыз (8-сурет).



8-сурет. Сегізінші форма

Сегізінші формаға Ақпарат көзін шығарамыз. Ол үшін System парағынан OleContainer компонентін орналастырып аламыз. MainMenu компоненттерінің редокторын шақырып, келесі қатарларды енгіздім:

Шығу → Кері қайту.

Жобаға File → New Form командасы көмегімен Form9 формасын қосамыз (9-сурет).



9-сурет. Тоғызыншы форма

Тоғызыншы форма жобаны орындаушы авторының формасы. Бұл формаға да Additional парағынан Image, 1 BitBtn және де 7 Label компоненттерін орналастырып аламыз. Image компонентінің Center-True, ShowHint-True, Stretch-true деп өрістерін өзгертеміз және Picture қасиеті арқылы өзімізге керекті суретті таңдап аламыз. BitBtn түймесін екі рет шертіп өңдеуші процедураға форманы жабушы код жазамыз.

Әдебиеттер

1. Зиябеков Б. Қазақстандағы банк жүйесінің дамуы / Б. Зиябеков // Заң. – 2003. – №3. – С. 52-583.
2. Көшенова Б. Ақша, несие, банктер, валюта қатынастары: Оқу құралы / Б. Көшенова. – А.: Экономика, 2000. – 328 с.

3. Ғабжалелов Х. Теңге / Х. Ғабжалелов. – Алматы: Атамұра, 2003. – 212 с.
4. Бобровский С. Описание системы и языка программирования Delphi 7. – М., 2006. – 128 с.
5. Ақша, несие, банктер / Ред. Ғ. С. Сейітқасымов. – Алматы : Экономика, 2001. – 466 б.
6. Мақыш С.Б. Ақша айналысы және несиелер. – Алматы, 2001.
7. Мақыш С.Б. Коммерциялық банктер операциялары / С.Б. Мақыш. – 2-ші бас., өңд., толық. – Алматы: ИздатМаркет, 2004. – 272 с.
8. Міржақыпова С.Т. Банктегі бухгалтерлік есеп: Оқулық / С.Т. Міржақыпова. – Алматы : Экономика, 2006. – 724 б.



А. Бакеева

*Ғылыми жетекшісі: Г. Мусайф, магистр, оқытушы
ҚазЭҚХСУ*

MATLAB ОРТАСЫНДА МОДЕЛЬДЕУ

Қазіргі кезде ғылыми-практикалық зерттеулерде компьютерлік модельдеу танымның негізгі құралдарының бірі болып табылады.

Модельдеу – объектілерді, процесстерді немесе құбылыстарды зерттеу мақсатында олардың моделін (макетін) құру.

Компьютерлік модельдеу – қазіргі заманғы ғылыми танымның басқарушы принципі. Сондықтан, ғылыми-практикалық зерттеулерде оның атқаратын міндеті аса жоғары. Ол инженер мамандардың білуге тиісті жобалау, талдау, сараптау іс-әрекетінде маңызды міндет атқаратын таным құралдарының ең қуаттыларының қатарына жатады [1]. Компьютерлік модельдеудің мән-мағынасы, маманның нақты объектіні практикада толық зерттеу мүмкін емес жағдайда, оны есептеу алгоритмдерінің көмегімен компьютер арқылы іске асыратын, сол нақты объектіні математикалық модельмен алмастыру болып табылады.

Matlab бүкіл адамзат тарихындағы математикалық есептеулер саласындағы барлық әдістерді қамтиды және күшті есептеу жүйесі болып табылады. Бұл жүйенің артықшылығы, яғни құрамына енетін функцияларды (мәтін түрінде жазылған М-файлдар және С түрінде жазылған бағдарламалар арқылы) өзгертуге, қосымшалар енгізуге болады. Сондай-ақ сандық есептеулерден басқа графикалық функциялармен (екі өлшемді, үш өлшемді) орындауға болады [2].

Matlab әртүрлі пайдаланушыларға әртүрлі облыстарда математика, машина жасауда және ғылыммен жұмыс жасауда стандартты аспап ұсынады. Matlab-та toolboxes деп аталатын бағдарламалардың мамандандырылған топтары маңызды рөл атқарады. Олар Matlab-ты пайдаланушылардың көпшілігі үшін өте маңызды.

Кескіндеме редакторы – бұл MatLab жүйесінің арнайы жаңа графикалық әдісі. Ол М_файлдармен құрылып қойылған немесе графиктің командалық жолындағы командалармен құрылған графиктерді редакторлау үшін, сонымен қатар тұтынушы берілген тип бойынша графикті құру үшін арналған. Графикті редакторлауда график терезесінен, осы терезенің мезірінен және MatLab жүйесінің терезесіндегі **Graphics** мезірінен шығаруға болады. Егер графикті тұрғызуға керекті массив енгізілген болса және жұмыс аумағының браузері ашық болатын болса, онда Graphics мезірінің график тұрғызу мүмкіншілігі үшін артықшылығы командалар жиынтығымен көбейеді [3].

MatLab жүйесінің керемет қырларының бірі есептеуді визуализациялау. Бір айнымалысы бар функциялар графиктерін сызу мысалдарын көрсетейік.

Plot функциясы көмегімен график сызып көрейік. Ол кіріс аргументтеріне байланысты әртүрлі формада болады. Егер у-вектор болса, онда *plot(y)* у элементтерінің индексіне байланысты элементтердің үзік сызықты графикін шығарып береді. Ал, егер *plot(x,y)* функциясы бірдей өлшемді


екі векторлық аргументтерден тұрса, онда x мәндеріне тәуелді у-тің графигі шығады.

Мысалы, $y = \sin(t)$ функциясының $[0; 2\pi]$ аралығындағы мәнін график түрінде шығару үшін келесі команданы енгізсек жеткілікті, нәтижесі 1-суреттегідей болады.


```
» t=0:pi/100:2*pi;
» y = sin (t);
» plot(t,y)
```

Егер алдыңғы өрнекке $y_2 = \sin(t-0,25)$ және $y_3 = \sin(t-0,5)$ функцияларын қоссақ, онда 3 түрлі түстегі қисықты (2 сурет) шығарып береді:

```
» t=0:pi/100:2*pi;
» y1 = sin(t);
» y2 = sin(t-0,25);
» y3 = sin(t-0,5);
» plot(t,y1,t,y2,t,y3)
```



1-сурет. $y = \sin(t)$ функциясының графигі



2-сурет.

Сондай-ақ сызықтың түсін, стилін және маркерін көрсетуге болады,

`plot(x,y,'color_style_marker')`

`color_style_marker` 1, 2 немесе 3-символдық қатар (ол "тырнақшасына алынып жазылады):

– түс қатарлары – 'c', 'm', 'y', 'r', 'g', 'b', 'w', и 'k'. Ол сианға, фуксинға, сарыға, қызылға, жасылға, көкке, аққа және қараға (cyan, magenta, yellow, red, green, blue, white, and black.) сәйкес келеді;


– сызықтың стилінің қатары – '-' тұтас сызық, '-' үзік сызық, ':' қос нүктелік, '-' нүктелік, және 'none' бос қатар сызығы;

– маркер қатары – '+', 'o', '*' және 'x'.

Мысалы, `plot(x,y,'y:+')` өрнегі сары, қос нүктесі бар, +-тен құралған сызықты шығарады. Бірақ ол тек бір функциядан тұратын графикке арналған, егер екі немесе одан да көп функция болса, онда тек екі орынды символдық қатарды көрсету керек, әйтпесе қате шығады.

Келесі 3-суретте графикке абцисса мен ордината остерін, сызық түрлерін көрсетейік және торлайық.

```
>> t=0:pi/50:1.5*pi;
>> y1=t.*cos(t);
>> y2=t.*cos(2*t);
>> plot(t,y1,'g^',t,y2,'r*');
>> xlabel('x');
>> ylabel('y');
>> legend('y1','y2')
>> grid on
>> title('Example 2');
```



3-сурет.

Екі өлшемді (2D) графиктерге қарағанда үш өлшемді графиктерді форматтаудың қосымша мүмкіндіктері болады. Оларды төмендегі командалардың көмегімен 3D графиктерін шығарудың қарапайым мысалында көрсетеміз:

`plot3(...)` командасы `plot(...)` командасына ұқсайды, бірақ ол $u(x)$ бірайымалысы бар функцияға емес, $z(x,y)$ екіайнымалысы бар функцияға арналған. Ол кеңістіктің (3D) аксонометриялық кескінін береді. Қарапайым жағдайда ол өлшемдері бірдей векторлардың X, Y, Z үш аргументінің функциялары болып табылады. Төртінші аргумент сызық түсін, нүктесін көрсетеді.

Үш өлшемді графиктің қарапайым мысалын көрсетейік:

```
>>t=0:pi/50:7*pi;
>>plot3(sin(t),2*cos(t),t,'k');
>>title('Example 3');
```

